

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Әміренов Әділбек Дәуітбекұлы

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Оқу құралы

Павлодар,
2016

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Каз)
Ә 58

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының
Ғылыми кеңесі мәжілісімен баспаға ұсынылды

Пікір жазғандар:

Жүсіп Қуандық Пазылұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Жүсіпов Нартай Қуандықұлы, филология ғылымдарының докторы,
профессор;
Сүтжанов Сейфиддин Назымбекұлы, филология ғылымдарының докторы,
профессор.

Ә 58 Әміренов Ә.Д. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқу құралы. /
Ә.Д. Әміренов. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 175 б.

ISBN 978-601-278-836-5

Оқу құралы XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қамтиды. Әдеби үрдісте шығармашылық аңсарымен танылған ақын-жазушылар әдеби мұрасы жан-жақты талданады. Заман ағымына қарай есімдері аталмай келген ақындардық шығармалары бүгінгі күн тұрғысынан бағаланады. Қаламгерлердің шығармашылығы әдеби бағытқа топтастырылып сараланады.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, ізденушілерге, жалпы әдебиетті білуге құштар көпшілік қауымға арналған

ӘОЖ 82.09(574)
ББК 83.3 (5Каз)

ISBN 978-601-278-836-5

© Ә.Д. Әміренов, 2016.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ (Кіріспе ретінде)

XX ғасыр басында қазақ елінің экономикалық саяси-әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қаладағы өндіріс пен **кәсіпорындардың** дамыуы, теміржол жүйесінің келуі далаға капиталдың ағылуын күшейтті. Қазақтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы товарлы шаруашылыққа айнала бастады. Осы тұста қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі күшіне енді. XX ғасырдың басы Ресейде ірі тарихи оқиғаларға жол алып, оның империализмге өтуі революциялық қозғалыстың орталығына айналдырды.

Ресейде өтіп жатқан барлық оқиғалар қазақ еліне де өз әсерін тигізді. Патша үкіметі қақтығыстарды шешудің бір мақсаты етіп қазақтың шұрайлы жерлерін мемлекет қарамағына алып, орталық Ресейдің жерсіз шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру болды, сөйтіп қазақ жеріне қоныс аударушылардың жаңа легі пайда болды. XX ғасырдың басында қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстармен қатар түрлі саяси – идеялық бағыттар өріс алды. Мұның негізгі себебі – жергілікті халық мүддесімен санасуды мүлде қойған патша шенеуліктің зорлығы, қоныс аударушылар келуімен басталды. Елдің ата-қонысынан айрылуы, халықты орыстандыру саясатының ашықтан-ашық сипат алуы болды. XX ғасыр басындағы ағартушы демократтардың үлкен бір тобы өз шығармаларында халық тұрмысындағы ірілі – ұсақты қайшылықтарды бейнелеп, ел алдындағы маңызды проблемаларды көтерді, мәдениетті елдер қатарына жетуге, өнер – білімге шақырды.

1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкерістер Қазақстанда да қоғамдық саяси ойдың иегері дамып, мәдениеттің жандануына ықпал етті.

Бірінші орыс төңкерісінен кейінгі жылдары Қазақстанда қоғамдық сананың өзгеріске түсіп, ұлттық баспасөздің негізі қалануы үлкен оқиға болды. Ұлттық мерзімді баспасөздің әдеби тіліміздің дамуына үлкен әсері болғанын Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, т.б. жақсы түсінді. Олар өз ұлтының сана-сезіміне сәуле шашып, қазақ халқын азаттық, теңдік жолындағы күреске шақыру үшін баспасөздің, ұлттық басылымдардың қазақша шығуына ат салысты.

Сонымен, XX ғасырдың басы Қазақстанда азаттық жолындағы күрес, саяси-әлеуметтік қозғалыстың дамыған кезі болып саналады. Сол кездегі қоғамдық-саяси ойды бір арнаға бағыттап ұлттың санасын оятуда, әлеуметтік мәселелерді шешу де ұлттық баспахана, баспасөз

ашу қажеттігін жақсы түсінген М. Сералин, А. Байтұрсынов, М. Дулатов т.б. қазақтың көрнекті зиялылары ана тілінде баспасөз құрып, оқулықтар жазып шығару жұмысын қолға алды.

1905 жылдардан басталған қазақша баспасөз ашу идеясы бірте-бірте жүзеге асты. 1911-1913 жылдары шығып тұрған «Қазақстан», 1913-1918 жылдардағы «Қазақ» газетін жатқызамыз. Бұлар қазақ халқының бостандығы мен қазақ жерлерін біріктіру, қазақ тілінің өркендеуін түпкі мақсаттарына айналдырды

XX ғасырдың басында Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде еліміздің тарихы, шаруашылық жағдайлары, мәдени өмірі мен ағартушылар (Шоқан, Ыбырай, Абай) туралы көптеген құнды мақалалар басылған.

XX ғасырдың басында қоғамдық өмірге белсене араласқан газет-журналдар мыналар: «Айқап» журналы, «Қазақстан», «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Серке», «Алаш», «Тіршілік», «Ұран», «Үш жүз».

М. Сералиннің басқаруымен 1911 жылдан бастап шыққан тұңғыш журнал «Айқап» пен 1913 жылы А. Байтұрсыновтың редакторлығымен «Қазақ» газетінің шыға бастауы қазақ халқының мәдениет тарихындағы ерекше оқиға болды.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларын негізінен үш мәселе ойландырды: жер мәселесі, оқу – ағарту ісі, қазақ еліндегі басқару жүйесі. Сондықтан да А.Байтұрсынов, М.Сералин т.б. қазақтың біртуар азаматтары бұл кезеңде халықтың ой-санасын оятуда ұлттық баспасөздің атқарар ролінің зор екендігін түсініп ұлт баспасөзі, әдебиеті, тілі үшін жан аямай күресті.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында Ыбырай, Абай, негізін қалаған дәстүрді жалғастырушылардың: Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, С. Көбеев, А. Байтұрсынов, С. Дөнентаев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, Ғ. Қарашев т.б. ағартушы бағыттағы ақын-жазушылардың алатын орны айрықша.

XIX ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген оқу – ағарту мәселесі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік маңызы зор үлкен проблема болса, іс жүзінде де қолға алған тұңғыш ағартушы Ы. Алтынсарин еді, кейін XX ғасырдың басында осы салада нақты іс істеген, өзгелерге сонысымен үлгі көрсеткен ағартушы А. Байтұрсынов еді.

Ағартушылардың, азаматтық идеялардың халық арасына кең тарауына сол кездегі ашыла бастаған мектептер, оқу орындары, баспа мен баспасөз істерінің жолға қойылуы зор ықпал етті.

1914-1915 оқу жылдарында жалпы білім беретін мектеп саны 2006-ға жетіп, оларды 105,1 мың оқушы оқыды. Қазақ балалары Орынбор, Ташкент, Уфа, Бұқара, Омбы т.б. қалалардағы оқу орындарында, медреселерде білім алды. Қоғамдық қызметтер атқарған қазақтың қайраткер, мәдениет, әдебиет өкілдері осы ортада тәрбиеленді.

Қазақтың ХХ ғасыр басындағы азды-көпті өлең жазып, кітап бастырып, халық арасында атағы шыққан, шығармаларында ағартушылық бағыт, көзқарас ұстаған ақын-жазушылары: Ақмолла Мұхамедияров (1839-1895), Әбубәкір Шоқанов-Кердері (1858-912), Мақыш Қалтаев (1865-1916), Нұржан Наушабаев (1859-1919), Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857-1931), Шаһді Жәңгіров (1865-1931), Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929), Мұсабек Байзақов (1849-1932), тағы басқалар.

Бұл ақын-жазушылар тек мұсылманша, хадимше оқыды. Бұхара, Қазан, Троицк, Ташкент, Уфа, Орынбор секілді шаһарлардағы мұсылманша мектептер мен медреселерді бітірді. Мұсылманша орта, жоғары дәрежелі білім алды. Кейбірі тіпті көп оқып ғұлама болды. Мекеге барып кайтты. Қажы атанды.

Сондай-ақ, бұл ақын-жазушылардың көпшілігі ауылдық, болыстық, уездік жерлердегі мектептер мен медреселерде молда болып істеді. Әншейін жаназа, намаз шығаратын молда болған жоқ, мектеп, медресе ұстап, бала оқытып, халықты оқытты, ағартушылық қызмет атқарды.

Бұл ақын-жазушылардың біразы серілік құрып, халық арасында өлең айтып, ән салып, жыр шығарып, кітап оқып беріп жүрді. Халыққа ағартушылық ниетпен қызмет істеді.

Ағартушы ақын-жазушылардың көрген-білген, оқып рухани нәр, азық, өнер, үлгі алған мәдениеті, әдеби мектебі Шығыс (түрік, азербайжан, өзбек, түрікпен, қазақ., қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, татар) халықтарының, ертедегі әдебиеті мен мәдениеті және араб, парсы әдебиеті болды. Бұлар – шығыстық тәлім-тәрбиелі, өнер-дәстүрлі ақындар.

Ағартушы ақын-жазушылардың негізгі шығармалары заман, халық, дүние-тірлік туралы, халықтың тұрмыстық, әлеуметтік хал-жайы, мұң-тілегі туралы. Олар бұл шығармаларында ескіліктің, феодалдық қоғамның кей жағын сынап-мінейді, жақсыны, жаңаны дәріптейді. Халықты оянуға, ілгері ұмтылуға, мәдениетке үндейді.

Ағартушы ақын-жазушылардың бірсыпырасы шығыстың, қазақтың бұрынғы әйгілі, үлгілі ертектері мен аңыз әңгімелерін, бұрынғы белгілі ақын-жазушылары мен ақыл-ой кемеңгерлерінің

шығармаларын, сөздерін назира жөнімен жырлау болып келеді. Оларда ізгілік, адамгершілік мадақталады.

Ағартушы ақын-жазушылардың шығармалары, бір жағынан, көне шығыс әдебиеті дәстүрінде, екінші жағынан қазақтың бұрынғы әдебиеті дәстүрінде қисса, дастан, мысал, назым, өлең, жыр болып келеді. Оларда ескі, діни кітаби сөздер көп кездеседі. Әсіресе назиралық шығармаларда шағатай тілі деп аталған ежелгі түрік әдеби тілінің әсері мол.

ДІНИ АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТ

Ақмолла (Мифтахиддин) Мұхамедиярұлы қазіргі Башқұртстанның Бәләбай контоны, Тоқсамбай ауылында 1839 жылы, жаңаша 27 желтоқсан күні туады.

Ақмолланың әкесі қазақ, шешесі – татар. Стерлібастан Бектеміров Нығматулла хазрет Бұхарада оқып, еліне қайтып келе жатқанда, оған Ақмешіттен Мұхамедияр деген бір қазақ ереді. Ол Стерлібасқа барып, Нығматулланың үйінде тұрады. Біраз тұрғаннан кейін сондағы бір қызметші татар қызына үйленеді. Солардан ақын Ақмолла туады. Ақынның ата-анасының жайы, міне, осындай.

Ақмолланың ата-анасы қойған бастапқы, шын аты – Мұфтахитдин. Ақмолла – оның өзі ойдан шығарып, беріде қолданған әдеби аты.

Ақмолла бала күнінде тентек, сотқар, өжет болады. Есейе келе ол тентек, өжет мінездері оқуға, білім алуға ынтықтыққа, құмарлыққа ауысады. Ол ілімді молдадан сабақ үйренетін, бас көтермей кітап оқитын, қолына түскен кітапты әлденеше рет оқып, әбден біліп алатын талапты шәкірт ынталы болады.

Ақмолла 24 жасқа келген соң шеттей оқу, білім іздейді; ел қыдырады: Еділ, Жайық бойын жағалайды; Орал тауын кезеді, оның көркем сұлу табиғатына кенеледі. Осы сапарында Ақмолла 1864 жылы Тройцкі қаласынан барып шығады. Мақсаты – оқуға кіру не қызметке тұру.

Ақмолла 1865 жылы қазақ арасына шығып, осы күнгі Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы Қарақыз руына барып тұрады. Онда үш жыл шамасы молда болып, бала оқытып жүреді.

Ақмолла ел кезіп жүргенде болсын, қазақ аулында тұрғанда болсын, қазақ халқының тұрмысын, ғұрып-әдетін, салтын, ауыз әдебиетін зерттеп, жақсы біледі; жалпы әлеуметтік тұрмыс жайын, табиғат құбылыстарын ойына мықтап тоқиды: татар, араб, фарсы, шағатан, түрік тілдеріндегі кітаптарды көп оқиды.

Ғұламалармен, ишандармен, молдалармен пікір алысқанда, айтысқанда, өлеңдерінде Ақмолла жаңашыл – ұсулы жәдітшіл ой-пікір айтады.

Ақмолла қарақыз елінде Мәметекұлы Бәтіш дегеннің; үйінде тұрады. Бәтіштің Есенгелді деген ағасы болады. Бәтіш те, Есенгелді де бай, төре екен. Ел ішінде бұлардың бетіне келер жан жоқ ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс болады.

Есенгелді мен Ақмолла Бәтіштің үйінде жиі кездеседі. Ақмолланың ірі табиғаттылығы Есенгелдінің көңіліне ұнамайды. Өйткені басқа ауылдың молдалары бай, төре келсе «ләппайлап»,

олардың асты-үстіне түсіп, қас-қабағына қарайды. Ал, Ақмолла болса, Есенгелді сияқты бай, төрелерге өзі «ләппай» айтқызбақ болады. Мұның үстіне, Ақмолланың, ащы, зәрлі тілді өлеңдері, сөздері Есенгелдіге әрдайым естіліп жүреді, шан-шудай қадалатын болады. Осының бәрі Ақмолланы Есенгелдіге жау көрсетеді. Сондықтан Есенгелді ішінен оған: «Сені ме», – деп жүреді. Бір күні ауылда бір кемпір өледі. Ақмолла соның жаназасына барады. Жаназада. Есенгелді Ақмолланы мазақтайды, таяғымен нұқып:

Өлеңді жерде өгіз семіреді,
Өлімді жерде молда семіреді, –

деген рас-ау, мына молданың қарны қалай қампайып кеткен, – деп күледі. Сонда Ақмолла оған кідірмей:

Ие, өлеңді жерде өгіз семіреді,
Өлімді жерде молда семіреді.
Даулы елде төре семіреді,
Егер молда болмаса,
Сенің басыңды нт кеміреді, –

деп жауап қайтарады.

Осыдан кейін Есенгелді Ақмолланың үстінен алуан-алуан жала жабады. Соның ішінде: солдаттан қашып жүрген башқұрт деп жазады.

Ақмолла ұсталып, 1868 жылы Троицкінің түрмесіне қамалады.

Ақмолланың түрмеде жатқанда жазған өлеңдерінің көрнектілері – «Түрмеде жатқанда», «Қарақыз еліне хат», «Ғұбайдолла төреге сәлем хат», «Замана туралы» деген өлеңдері.

Ақмолла түрмеде төрт жыл жатып, 1871 жылы жаз айларында шығады. Келесі, 1872 жылдың басында Орынбор, Қазан арқылы Петерборға барып ондағы мұсылман молда, ишандары, татар, қазақ төрелері арқылы патшаға арыз беріп, тұтқындар отрядында болудан құтылады.

Ақмолла, Петербордан қайтып, тағы да қазақ арасына шығады; онда бір жерде тұрақтап тұрмай, ел қыдырып, молда болып, бала оқытып жүреді. Ақмолла көбінше Қостанай, Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Омскі, Жоғарғы Орал, Троицкі, Челябині жақтарында болады.

Ел аралайтын Ақмолланың екі аты, арбасы бар екен. Ақмолла қолының ебі – шеберлігі бар кісі екен. Ол арбасын ерекше етіп өзі істеген. Ерекше етіп істегені сол – оның арбасының іші үшке бөлінеді екен: Оның артқы бөлімінде кітаптары, қағаз, тағы басқа жазу жабдықтары жатады; алдыңғы бөлімінде үй-ішіне керекті заттар мен саймандар (табақ, шелек, шәйнек, балта, т.б.) болады; орта бөлімінде өзі отырады. Ақмолла елді осы өзінің ат, арбасымен аралайды екен, яғни көшіп жүреді десе болғандай.

Ақмолла мектеп-медреселерде сабақ оқытқанда, жүрген жерлерінде өз өлеңдерін оқып, түрлі кітаптардан үлгілі сөздер келтіріп, өзі әркімге арнап суырып салма өлеңдер айтып, ақын кездесе, онымен айтысып, шәкірттерді, халықты еліктіріп әкететін болады. Шәкірттерге кітаптың әрпін, суретін оқытпай, мәнін оқытады, көбінше дүние танытуға тырысады.

Әдетінше ел кезіп жүргенде Ақмолланы, оның Троицкіден Златаус қаласына бара жатқан бір сапарында, Миас заводы мен Сарласан ауылы арасында, 1895 жылы 8 қазан күні Нығматулла (Баймұратов), Дәулетше деген екі башқұрт өлтіреді. Өлтірушілер оның кітап, қағаздарын, тағы басқа керексіз заттарын суға тастап, аты мен арбасын алып кетеді.

Ақмолла өлеңдері мазмұнына, стиліне қарағанда «Молдалар туралы», «Ақындарға», «Қатимат» деген өлеңдері бір кезде, шамамен айтқанда 1864-1867 жылдар арасында жазылған сияқты да, «Түрмеде», «Қарақыз еліне хат», «Ғұбайдулла төреге хат», «Халыққа насихат», «Адамның да адамы бар» деген өлеңдері бір кезде, ақынның түрмеде жатқан, онан шығып, Петерборға барып қайтқан кезінде яғни 1867-1872 жылдар арасында жазылған. Ал қалған өлеңдері «Үлгілі сөз», «Достық туралы», «Байлық және мәртебе туралы», «Көктем», «Жаз», «Күз», «Табиғат құбылысы», «Сақыпжамалға», «Өзіме», тағы басқа өлеңдері кейінгі кезде жазылған.

Ақмолла өлеңдерінің басым көпшілігі заман туралы, қазақтың тұрмысы, хал-жайы туралы, оқу, өнер, ғылым туралы, дін, мінез-құлық туралы болып келеді. Бұлардың бәрінің идеялық мазмұны, ақынның негізгі идеясы оянушылық, жәдитшілдік.

Осы ретте Ақмолла татарлар арасында алғаш шыққан ұсули жәдит ағымы, оның көрнекті өкілі Шаһбутдин Маржаниді дәріптейтін; өзін жәдитшіл, Маржанидің шәкірті деп жариялайды; Маржаниға арнап үлкен өлең жазады. Ақмолланың ақын атағын шығарған көбінесе оның осы өлеңі.

Ақмолланың Маржаниға арнап жазған өлеңі – «Шаһбутдин Маржани хазреттің мәрсиясі» (жоқтауы) деп аталады. Бұл өлеңін Ақмолла әуелі «Мадих нама» («Мақтау кітабы») деп атаған, кейін бөлек кітап етіп бастырмақ болады. Осы кезде ол Маржанидың қайтыс болған хабарын естиді де мақтау өлеңін жоқтау етіп аяқтайды.

Ақмолланың Маржани туралы өлеңі төмендегідей бес бөлімге бөлініп жазылған:

Бірінші бөлім – дәріптеу. Мұнда ақын жәдитшілдікті, соны бастаушы Маржаниды дәріптейді. Маржани ислам дүниесі тарихында жаңалық ашты, өзінен бұрынғы бес жүз жыл ішінде болған батырлардан,

кемеңгерлерден озды; мұның өзі де, жолы да басқа – жаңа, мұның ісі, сөзі дертке шипа дейді.

Екінші бөлім – ынтық, ғашық болу. Мұнда ақын өз тұсында Маржанидай жаңа пікірлі адам шыққанына қуанады, өзінің Маржаниға, оның пікіріне ынтық екенін, соның жолына түскенін білдіреді.

Үшінші бөлім – үңдеу. Мұнда ақын Маржаниды қазақ халқына, оның игі жақсы адамдарына таныстырады, халыққа Маржаниға көңіл бөл, сонан үлгі ал, соның жолына түс, айтқанын істе, сонда адаспайсың, қор болмайсың дегенді айтады.

Төртінші бөлім – арашалау. Мұнда Ақмолла жәдит-шілдікті, Маржаниды қадимшылдардан арашалайды. Бұл үшін ол, бір жағынан, жәдитшілдікті, Маржаниды тағы да мақтайды, екінші жағынан, жәдитшілдікке, Маржаниға қарсы шыққан қадимшыларды сөгеді, сынаиды; надандар қаншама жала жауып, кінә қойғанмен жаңалық, ақиқаттың жол табатынын, жеңетінін айтады.

Бесінші бөлім – жоқтау. Мұнда ақын Маржанидің өлген хабарын естіген соң күйінеді. Шығыс дүниесінің бір үлкен ақыл-ой кемеңгерінен айрылғанын айтып зарлайды.

Ақмолла жәдитшілдікті, прогресті дәріптейді, арман етеді. Осы тұрғыдан қарап, ол қазақ арасындағы ескілікті, ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қоғам қалдықтарын сынап, халықты оянуға, ілгері ұмтылуға, жаңашылдыққа үндейді; ескі оқуды, қадим оқуын сынап, халықты жаңа-дүнияи оқуға, өнер, ғылымға шақырады. Біз ұйықтап қалдық, саясат шаруашылық, мәдениет жөнінен басқа халықтардың бәрінен мүлде кейін қалып отырмыз, Енді тез оянып, шұғыл жедел ілгері ұмтылайық, озып кеткен елдерден үлгі, өнеге алайық, оларды қуып жетейік, заман осыны тілейді, заманды аңғарайық заманға ыңғайланайық, дегенді айтады.

Ақмолланың бірқатар өлеңдері дін туралы, адамның ниеті, мінезі, қылығы туралы болып келеді. Ақын оның біразында өз заманындағы адамдардың, би-болыстардың, қожа-молдалардың, бай-саудагерлердің дүниеқорлық, хилап, теріс ниеттерін, мінездерін, іс-әрекеттерін сынап, мінейді.

Ақмолла дін, ниет, мінез, қылық туралы өлеңдерінің енді біразында ізгілікті, адамгершілікті насихаттайды. Ол жұртты дүниеқорлықтан, қиянатшылдық, зорлық-зомбылық, арамдық, жауыздық істерден тиыл, хақ жолын берік ұста, таза, тура жүр; сабыр, шүкірлік қыл, әдепті, қайырымды бол деп үгіттейді.

Ақмолланың бірқатар өлеңдері жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы: «Көктем», «Жаз», «Күз», «Табиғат құбылыстары» болып келеді. Бұл өлеңдерінде ақын табиғат, жыл мезгілдері

көріністерінің, халық өмірінің бір қос жарасымды, келісімді суреттерін береді. Солардан өзінше саяси философиялық тую, қорытынды жасайды.

Ақмолланың жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы өлеңдер жазу – оның өзі қатарлы ақындардың бәрінен бір өзгешелігі, артықшылығы. Өйткені бұл топқа жататын ақындардың Ақмолладан басқа ешқайсысы жыл мезгілдерін табиғат құбылыстарын жырлаған, суреттеген емес, яғни оларда табиғат лирикасы жоқ. Бұл Ақмолланың жалаң үгіт-насихат, мысал, назым болып келетін байырғы, шығыстық поэзиядан европалық үлгідегі жаңа поэзияға бой ұра бастағанын көрсетеді.

Ақмолла өлеңдерінің тілі біраз шұбар, ала-шабыр: оларда татар, башқұрт, араб, фарсы сөздері жиі ұшырап отырады. Алайда, жалпы алғанда, Ақмолла өлеңдерінің тілі қазақша, қазақ бұқарасына әбден түсінікті.

Ақмолланың дін, кітап сөздерін, араб, фарсы, татар, башқұрт сөздерін қолдануы халықтың билеуші, ақ сүйектерінің кітап, дін сөздерін қолдануды, шет тілде сөйлеуді сән көруінен бұқараға көмескі, түсініксіз тілде сөйлеуге, өздерінше жаргон жасауға тырысуынан болған. Бұл жағдай Ақмолланың діншіл ақын екенін тағы да айқындап түседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931) 1858 ж. Баянауыл, Қызылтау, Найзатас деген жерде Сүйіндік руынан шыққан Көпей атты шаруаның отбасында дүниеге келген.

Көпей жастан көп қиыншылық көрген адам. Бір отбасының кішісі болған. Кейін өз елінен жырақта жүріп, біраз мал басын құрап Баянға оралады. Сол жылы қыс қатты болып Көпей бар жиған малынан айырылып бір сиыр, бір атпен ғана қалыпты. «Мал бір қыстық, батыр бір оқтық» деген сөзбен өзін-өзі жұбатып, ендігі бар мақсаты ұлы Жүсіпті оқыту болады да оны Қамар молдаға әкеліп сауат ашуға береді.

Баян медресесінде алғаш сауатын Нәжімеддин қазіреттен ашқан Мәшһүр Жүсіп өте зерек болады. Кейін Дүрженбай халифеден, Қожан сопы (Қызылтауда) үш жыл оқиды.

Медреседе оқыған сабақтары» Бидан», «Наху-сарф» пен қатар «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш...», «Төрт жігіт» атты қисса дастандарды да жатқа оқиды. (Кейін Шорманның Мұсасы осы дастандарды естіп, жас баланың айтқанына таң қалып «Мәшһүр» атандырады.)

1870 ж. медресені бітіріп мұсылманша орта білім алады. 15 жасынан бастап өлең шығара бастаған

1875 ж. бастап біраз уақыт ауылда бала оқытып, қаражат жинайды. 1886 ж. Бұқарада «Көкалташ» медресесіне келіп оқиды,

кейін оқуын Ташкенде жалғастырады. Орта Азияны аралайды, белгілі түркітанушы ғалым В.В. Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен айналысады.

Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, ақындармен айтысқа түседі. Көкшетауға барып Ақан серімен жолығысады

Омбыда шығып тұрған «Дала уәлаяты» газетінің белсенді оқырманы, мүшесі болды.

Ақын 1931 ж. өзінің ауылында дүниеден қайтады. «Жетпіс үшке келгенше балталасаң да өлмеймін, жетпіс үшке келген соң сұрасаң да тұрмаймын» деген ақынның үш ұлы болды: Шәрафиддин, Әмен, Фазыл.

Зерттелуі: Мәшһүр Жүсіпке қатысты әр кезде пікір айтқан ғалымдар: М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Қ. Бисенбиев, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, М. Бөжеев, Д. Әбілов т.б.

1940 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінің №2 санына Ә. Марғұланның «Мәшһүр Жүсіп» мақаласында Мәшһүрдің шыққан тегі, өскен ортасы, шығармашылығы туралы мағлұмат береді. Бұл ақын туралы жазылған тұңғыш мақала еді.

Б. Кенжебаев 1958 ж. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты зерттеуінде ақынның 1907 шыққан үш кітабына тоқталып, талдау сараптама жасайды. Кеңес үкіметі идеологиясы тұрғысынан бағалайды.

1959 Алматыда өткен «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты ғылыми-теориялық конференцияда І. Жарлығапов, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Кәрібаев, Б. Кенжебаевтар сол кездегі саясаттың кесірінен Мәшһүр мұрасына тоқталып, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинауы туралы ғана айтуға тура келді.

Конференцияда Мәшһүрге қатысты әртүрлі кері-теріс пікірлер де айтылды. М. Әуезов қорытынды сөзінде: «... Мәшһүрдің ұзақ өміріндегі шығармашылық жолының да талай-талай кездері болған. Соны ескеру қажет еді. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға жақындаған. 1905 ж. патша манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтық заңды жайлар, мұндай кездерді мінеудің қажеті жоқ» – деп ара түскен.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев репрессияға ұшырамаса да оның әдеби мұрасына көп тосқауыл қойылды. Әсіресе, «Социалистік Қазақстан» газетіне 1952-53 жж. жарық көрген мақалалар осыған орай шыққан партия қаулысы Мәшһүрді «діндар», «ұлтшыл», «панисламист» деп қаралады.

М.Ж. Көпейұлы туралы кереғар пікірде болғандардың бірі белгілі тарихшы Қ.Бисенбиев «XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы

ой-пікірлер», «XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы саяси ой-ағым» деп аталатын кітаптарында Мәшһүрді діни-мистикалық ағымның белді өкілі деп таниды.

Ы. Дүйсенбаев «Ғасырлар сыры» (1970 ж.) еңбегінде М.Ж. Көпеевтің ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы үлесін жоғары бағалап, оның төл шығармаларына кері баға береді Біріншіден, Мәшһүр дінді мойындап, «Құдай бар және жалғыз» деп таниды, екіншіден, патша өкіметінің отар елдерге жүргізген езу-қанау саясатына қарсылық білдірсе де, ол ақ патшаға сенім білдіріп, одан мейірімділік, қамқорлық күтеді. Әділетсіздік пен жәбір-жапаны көрсетушілер патша әкімдері мен болыс-ауылнайлар деп ұғады.»

Ә. Жиреншин «Қазақ кітаптары тарихынан» (1971) еңбегінде: «Патша цензурасы Мәшһүр кітаптарын бастырған Хұсайыновтар баспаханасына айып салып, авторын саяси қудалауға алу туралы қаулы қабылдағанын архив құжаттарымен дәлелдейді.

М. Бөжеев «Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында» мақаласында («Жалын», 1974 ж. №3), Мәшһүрдің ҚР ҒА архивіндегі мол мұрасы туралы айтады.

Зүфар Сейітжанов «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1990) атты коллективтік жинақта «Мәшһүр Жүсіп Көпеев» деген еңбек жазады.

С. Сүтжанов 1994 ж. «М.Ж. Көпейұлының әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясы, 1998 ж. Г. Жүсіпова «Мәшһүр Жүсіп дастандары», Н. Жүсіпов «М.Ж. Көпейұлының фольклорлық еңбегі» атты диссертацияларын айтуға болады.

Шығармаларның жарық көруі: 1938 жылғы 9-класс оқулығына (құраст. Қ. Бекхожин) «Әкімдер мен қазақ кедейлері», «Ауылнайлар мен билер», «Кедей мен бай»; 1940 жылғы 9-класс хрестоматиясына (құраст. Е. Ысмайылов) «Әкімдер мен қазақ кедейлері», «Бұлбұл мен қаршыға», «Күндіз бен түннің айтысы» туындылары; 1978 ж. Ленинградта шыққан орыс тіліндегі жинаққа «Поэты Казахстана» (құраст. М. Мағауин) «Шайтанның саудасы» өлеңі басылады.

Әдеби мұрасы: М.Ж. Көпеевтің көзі тірісінде 1907 ж. қазанда Каримовтар баспаханасында «Хал -ахуал» кітабына «Ғибратнама» топтамасындағы өлеңдері; «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабына «Қыран құс көңіл ашар...», «Қара өлең», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы», «Рет сөз», «Жалғанда таппай бір...», «Сәлем хат» өлеңдері; «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабына «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» өлеңдері енген. Қазіргі таңда, 2003-2010 жылдар аралығында ақынның 13 томдық шығармалар жинағы шықты.

М. Көпеев шығармашылық өмірі 30 жылдай уақыт кезеңін қамтиды. Өз заманы туралы өзекті мәселелерді көтереді: қисса-дастандары бір төбе. Сондай-ақ, «Дала уәлаяты» газеті мен «Айқап» журналындағы публицистикасы да өз зерттеуін күтіп отыр.

Сыншылдық өлеңдеріне «Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөзі», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы» т.б. өлеңдерін жатқызуға болады.

Ағартушылық бағыты: «Қара өлең», «Адам екі түрлі», «Жалқаулар туралы айтқаны», «Жеткізер құдай, пенде қылса талап», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол».

Өмірбаяндық өлеңдері: Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі», «Жылым-қой, тауық жылы мен үш жаста», «Алпыс сегіз жасында сөйлеген сөзі», «Жетпіс үш жасында сөйлеген сөзі».

Мысал өлеңдері: «Жарты нан хикаясы», «М. Жүсіптің тырнамен айтысы», «Ала қарғамен айтысы», «Аңқау адам туралы», «Сәйгелді, сона, бөгелек», «Шайтанның саудасы»; «Тырна мен қасқыр», «Жыл он екі ай» Дастандары: «Гүлзат-Шеризат» т.б діни қиссалары мол.

Публицистикасының тақырыптары да әртүрлі: оқу-ағарту, әлеуметтік мәселер, қоғамдық жағдай. т.б.

1889 жылғы «Дала уәлаяты» газетінің №48 санында жарияланған мақаласында осы басылымға жарияланған бір-екі қазақ өлеңдеріне сын айтады. Мәселен, «Найманның жеті атасынан билік үзілмегендерін баян қыламыз» атты өлең авторын тарихи шындықты бұрмалап, өзін-өзі мадақтағанын сынайды. Екінші, Абайға қатысты сын, мұндағы Жүсіптің негізгі мақсаты Құнанбай қажы оның әкесі Өскенбайды мадақтау болса керек. Былай дейді: «Құнанбайдай атақты адамның қазір өлі, тірі екенін білмейміз, тегінде әкеге тартып ұл тумаған ғой, әйтпесе біз мұндай күйге түспес едік, бұған Абай кінәлі». Сондай-ақ: «Газетте басылған бір тақпақ өлең Құнанбай баласыныкі деп естіп едік... Біз Ыбырай мырзаның өнерін Құнанбайдан артық деп естіп едік. Артында байлығы һәм келісті болып өлеңі қосылып тұрған соң, өлеңіне өнерін муафиқ қылып сөйлесе керек деп айтып жатырмын» - деп жазады. Яғни, Абайдың сөзі мен ісін бір жерден шығуын қалайды. Құнанбайға ас бермедің деп Абайды кіналап отырса да, оның ақындық өнері туралы тұңғыш сөз қозғайды.

Ауыз әдебиетіне қосқан үлесі: XIX-XX ғғ. фольклор жинаушылар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Г. Потанин, В. Радлов, Ә. Диваевтармен қатар Мәшһүр Жүсіптің де аты аталады. Бұқара, Ташкен сапарында, қазақ жерін аралағанда көне көз қариялармен кездесіп, естігендерін хатқа түсіріп отырған. Бұқар жырау мұрасын жинап, шығармаларын екі дана етіп көшірген. Барлығы 800 жолдай. Мәшһүр айтады: «Бұл

кісінің (Бұқар) сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплотонның ақылы керек».

Сондай-ақ, Сақау, Шөже, Шортанбай, Көтеш, Орынбай, Балта ақын-жыраулардың мұрасын да жинаған.

Әсіресе, ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда шағын жанрларға көп ден қойған (мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш).

Халық тарихына байланысты мұра да мол: «Қазақ түбі», «Қоқан хандарының тарихы», «Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған», «Қыпшақ тарихы», «Найман тарихы», «Қанжығалы тарихы», «Қаракесек тарихы» т.б.

Мақыш Қалтайұлы (1869-1916). Ақынның өзі «Мың сегіз жүз алпыс тоғыз уәлидәнім» (туған жылым) деп айтып өткендей, сол кездегі әкімшілік аймақ бойынша Батыс Сібір генерал-губернаторына бағынатын Ақмола облысы, Ақмола уезінің Жайықбаев болыстығына қарайтын Қараөткелді жайлаған қыпшақ руының ішінде 1869 жылы туған.

Мақыш алғаш сауатын ауыл молдасынан ашып, қадим мектебінде оқып хат таниды. Бірақ бұл алған білімін қанағат тұтпай ары қарай өздігінен ізденіп оқуға кіріседі. Бірнеше молданың алдын көріп, дәріс тыңдап, пікірлеседі. Солардың ішіндегі Мақыштың өміріне ерекше із қалдырғаны Абдолла Ешімов болды. Соған арнап шығарған өлеңіне қарағанда Абдолла Бұхарадағы медресені тәмамдаған, хатым күтіп атанған терең білімді, жаңа пікірлі, шәкірттеріне ықыласпен қарайтын молда болғанға ұқсайды. Мақыш Абдолла мүдәрристен 1894-1897 жж. аралығында үш жылдай дәріс тыңдап ислам тарихы, мәдениеті жайында кең мағлұмат алады. Абдолла Мақыштың ғылым-білімге деген құштарлығын танып, оған басқа шаһарларға барып оқуға кеңес береді.

Сөйтіп, ұстаз кеңесімен Мақыш оқу-білім іздеп алдымен Қызылжар, Көкшетау жағын аралап, Троицкі қаласынан барып шығады. Мақыштың Троицкі шаһарында оқыған медресесі – Расулия. Мұндағы ұстазы ұлты башқұрт жәдидшіл көзқарастағы имам-хатиб Зейнолла Расулов болды. Ол осы медреседе екі жыл оқып 1898 жылы 29 жасында бітіріп орта дәрежелі білім алып шығады.

Мақыш Қазақстанның Шығыс, Батыс, Оңтүстік өңірін аралайды, көрген-білгенін, ел ішінде өтіп жатқан әртүрлі мәселелерді ой таразысына салып өлеңге айналдырады. Жазған төл туындылары мен тәржімаларын кітап етіп бастыру үшін Қазан қаласындағы баспаханаларға жіберіп тұрады.

Мақыш қазақтың сол кездегі атақты байы Нұрмағамбет Сағынаевпен (Паң Нұрмағамбет) бірге 1910-1911 жылдар аралығында қажылық сапарын өтейді.

Ақын 1916 жылы небәрі 47 жыл өмір сүріп көз жұмады.

Зерттелуі: «Әдебиет және искусство» журналының 1950 жылғы он екінші санында Б.Кенжебаевтың «Мақыш Қалтаев» атты көлемді мақаласы басылды. Мақыш шығармашылығы зерттелуінің алғашқы қадамы болып табылатын мақалада зерттеуші ақынның Қазан қаласы баспаханаларында басылып шыққан кітаптарын саралай сүзіп, әрқайсына жеке-жеке тоқталып, қысқаша аңдатпа жасайды, жалпы шығармашылығына шолу жасап, өлеңдерінің тақырыптық-идеялық мәнін, мазмұнын ашып көрсетеді. Б. Кенжебаев осы мақаласынан бастап өмірінің соңына дейін Мақыш Қалтайұлына қатысты зерттеулерден қол үзген жоқ. Ғалымның «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) атты монографиясында, «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973), «Әдебиет белестері» (1986) сияқты күрделі зерттеулерінде Мақыш шығармашылығы, өлеңдерінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері жайында тың пікірлер білдіріп, оның өмірі, әдеби мұрасына қатысты құнды деректермен толықтырып отырды.

Мақыш мұрасына қатысты пікір білдірген алпысыншы жылдардағы зерттеулердің бірі – А. Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» (1966) еңбегі. Абайдың әдеби мұрасын жан-жақты талдап, оның өзінен кейінгі ақындардың шығармашылығына тигізген әсерін зерттеген ғалым М.Қалтайұлының ағартушылық бағыттағы өлеңдерін Абай өлеңдерімен салыстыра отырып мазмұн, идея жағынан бір-бірімен ұштасып, сабақтасып жатқанын дәлелдеп көрсетеді

Мақыш Қалтайұлы мұрасының көркемдік ерекшелігі, дүниетанымдық, әлеуметтік көзқарастары, көркем туындыларының тілі, идеялық-эстетикалық бағытын бағдарлау мәселесі тәуелсіздікті алғаннан кейін, тоқсаныншы жылдардан бері қарай қолға алына бастады.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әзірлеуімен жарық көрген «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1994) атты ұжымдық зерттеуде әдебиетші ғалым Қ. Сыдиықов Мақыштың шығармашылығы жөнінде біраз мәселелерді көтереді.

«Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» (1998) деген еңбегінде ғалым У. Қалижанұлы діни-ағартушы ағым өкілдерімен бірге Мақыш Қалтайұлының да әдеби мұрасын жаңаша көзқарас үрдісінде пайымдайды.

Д. Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» (2002) еңбегінде Мақыш Қалтайұлының ағартушылық мұрат-мақсаты, бағыт-бағдары, көзқарасы тың концепциялардың негізінде талданады. Мақыштың жәдидшілдік, милләтшілдік өлеңдерін саралай отырып, оның мұсылман ағартушылығындағы, жалпы қазақ ағартушылығындағы орнын ашып көрсетеді.

Әдеби мұрасы: Мақыш Қалтайұлы мұрасы туралы сөз еткенде, тағы бір көңіл қойып, назар аударатын мәселе – күні бүгінге дейін екі ұшты пікірге ұрынып келе жатқан ақынның өзі көзі тірісінде жарық көрген кітаптарының хронологиялық жайы және аударма кітаптарына қатысты пікір қайшылықтары.

М. Қалтайұлының әдеби мұрасына қатысты алғаш мағлұмат берген Б. Кенжебаев: «Мақыш өз жанынан алты кітап жазған, татар тілінен екі кітап аударған. Барлығы ірілі-уақты сегіз кітап бастарған», - деп ақынның Қазан қаласында шыққан кітаптарын түстеп, аттарын атап санамалап береді де бұлардың хронологиялық басылып шығуы жағынан 1907-1913 жылдар аралығында деп көрсетеді.

Ә. Жиреншин қазақ кітаптарының тарихына қатысты зерттеуінде Мақыш Қалтайұлы 1904-1913 жылдар аралығында жеті кітап жазған, 1904 жылы алғаш шыққан кітабы «Бар оқиға» дей отырып, енді бірде ақынның алғаш жарық көрген жинағы «Насихат қазақия» 1907 жылы шықты деген бір-біріне жанаспайтын әр түрлі деректер береді.

Ү. Субханбердина мен Д.С. Сейфуллинаның құрастыруымен шыққан «Қазақ кітаптарының шежіресі» (1996) атты библиографиялық көрсеткіште Мақыш Қалтайұлының «Біраз ғибрат сөз...» кітабы 1904 жылы Қазанда «Университет» баспаханасында шыққаны көрсетілген. Ал ақынның өзі осы кітабында «Қартайғанша қалмады қалжыңбасым, Асып кетіп барады қырықтан жасым», – дейді. Яғни кітап жазылғанда ақын 41 жаста, бұл 1910 жыл (1869-1910=41), демек Мақыштың «Біраз ғибрат сөз...» кітабы 1904 жылы емес 1910 жылы басылған болып шығады.

Ә. Кәримуллин «Кітап доньясына сәяхат» (1979) деген зерттеуінде Мақыштың 1907 жылы шыққан «Қалтайұлының қазақ ахуалынан бахыс еткен манзумасы» кітабын татар тілінде шыққаны туралы мағлұмат береді.

Сонымен, 1907-1912 жылдар аралығында, Мақыш Қалтайұлы өзінің көзі тірісінде Қазан қаласының әр түрлі баспаханаларында үлкенді-кішілі алты кітабын бастырады. Олардың ішінде «Қалтайұлының қазақ ахуалынан бахыс еткен манзумасы» 1907 жылы татар тілінде, 1909 жылы қазақ тілінде «Өрнек» баспаханасынан, 1910 жылы «Домбровский» баспаханасынан басылып, барлығы үш мәрте

жарияланады. 1910 жылы «Университет» баспаханасынан «Біраз ғибрат сөз...» және «Қазақтың айнасы» кітаптары, 1911 жылы «Үміт» баспаханасынан «Насихат қазақия», 1912 жылы «Домбровский» мәтбуғасында «Тура жол» және «Бар уақиға» кітаптары басылып шығады.

Енді, Мақыш Қалтайұлының аударма кітаптарына келсек, татар ақындары З. Кәримидің «Айна» кітабын және Ғ. Рашидиден «Сақ уа Сұқ халдері» кітабын аударды

Шәді Жәңгіров (1855-1933). Шәді төре Жәңгірұлы 1852 жылы бұрынғы Сырдария губерниясы, Түркістан уезі, Жылыбұлақ болысында (қазіргі Созақ ауданы) дүниеге келген. Ақын тоғыз жасында ауыл молдасында, келер жылы Шаян медресесінен дәріс алған. Шаянда оқып жүріп Шәді араб әдебиеті үлгілерімен таныс болады. 1864 жылы Шымкенттік Абдулла Шариф деген кісіден дәріс алып араб, парсы тілдерін меңгерген. Жас бала 13 жасында-ақ «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» секілді шығыс ертегілері мен дастандарынан хабардар болған. Шымкентте екі жылдай жүріп ұстазының қолындағы араб әдебиеті қазынасын өз бетінше толық игеріп шығады. 1865 жылы Шымкентті Черняев әскері басып кірген соң, Абдулла Шариф Ташкентке кетеді. 1866 жылы Шәді де ұстазының артынан Ташкентке барып, Орта Азия ақындары мен ғұламаларынан дәріс алады. Араб, шығыс әдебиетін зерттеп, игереді. Шәді 1870 жылы еліне қайтады. Жеті жылдан соң әкссі қайтыс болады. Осы уақыттан бастап бас аяғы 40-тан астам хикаялы дастан, жырлар жазды. Шәді де діндар қаламгер болған. Оның діни негізде жазылған «Сияр-шәріп», «Фикһу Қайдани», «Ахуал-қиямет», «Назым Ахмет Жами», «Назым Ибраһим Халиолла», «Хазіреті Мұса мен Перғауын», «Мұсаның таурат алғаны» т.б. дастандары бар. Ол Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де діни мәтіндегі дастандарын жазуын тоқтатпады. Осы себепті 1931 жылы ауыл белсенділері Шәдіні молда деп айыптап, жер аудартты.

Шәді бірқатар шығармаларын діни бағытта жазды. Өйткені ақын діни сауатты болумен қатар, шығыстың қисса-дастандарын жетік білген және діни көзқараста болды. Ол дінді өзіне идеал етіп ұстады. Ол дінді – ағартушылықтың, адамгершіліктің, тазалықтың қайнар көзі деп білді .

Шәді Жәңгірұлының көп жыл ізденіп, жазған дастаны – «Назым сияр Шәриф» атты туындысы. Бұл шығармада Мұхаммедтің (ғ. с.) туғаннан өлгенге дейінгі барлық өмір жолы суреттелген. Ол кісі кіммен дос, кіммен күреңқабак болды, кәпірлермен қалай күресті, мұсылмандарды қалай қолдады, қанша баласы болды, кімнің

тәрбиесін көрді, қанша рет некеленді, әке-шешесі кім еді, туған-туысы бәрі-бәрі түп-түгел жырда көрініс табады .

Ақынның Мұхаммед пайғамбар жайында қалам тербеуінің өзінде де көп мән бар. Біріншіден, пайғамбар өмір тарихының халық арасына тарауын көздесе, екіншіден, мұсылман ғалымдары арасындағы даулы мәселеге өзіндік көзқарасын білдіріп отырады. Дастанның басынан-ақ «Нұр» сипатына ерекше тоқталуы соны аңғартса керек. Өйткені орта ғасырлық ғұламалар Алланың алғаш жаратқан нәрсесі жайында дауласып, әр түрлі пікірлерді ұстанған болатын. Кейбірі алғаш жаратылған нәрсе пайғамбардың нұры десе, кейбірі қалам немесе ақыл екенін алға тартқан еді.

Біз Мұхаммедтің (ғ.с.) қалай өмірге келгенін де «Назым сияр Шәрифтен» оқимыз:

Ғабдолла Әмина атты әйел алды,
Ибраһим тәртібімен некеленді.
Әуелі кездескенде Ғабдолламен,
Алты айда Ғабдоллаға ажал жетті,
Пайғамбар тумай жатып өліп кетті.
Алланың әмірімен Мұхаммедті,
Құрсақта анасының жетім етті.

Ақынның мәліметі бойынша, соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (ғ.с.) тумай жатып жетім қалғанын білеміз, көптеген діни қолжазбаларда Алланың елшісін жетім өсті дейтін, ал қалай жетім қалғандығы жайында осы дастандай жан-жақты түсіндіріп айтқан емес.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәриф» атты дастанында пайғамбарымыздың жиырма бес жасында қырық жастағы Хадиша атты жесір әйелге үйленгенін де жырлайды. Меғражға барып, Алланың көргенін де толғайды. Қаншама кәпірлерді ислам дініне кіргізіп күндіз-түні аянбай, Алла жолында қызмет еткенін, мұнафиықтарды (екі жүзді) ешқашан аямайтынын, күллі мұсылманды бір ел, әр қырынан жырлапты.

Шәдінің пайғамбар тарихына арнаған «Назым сияр Шәриф» дастанынан басқа, оның Ислам ғазауыттарын көрсететін «Хайбар» дастанын да жазған. Хайбар – жердің аты. Мәдинеден бірнеше шақырым жерде орналасқан. Бұл соғыстың Ислам тарихында алар орны ерекше. Себебі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың мүшріктерді жеңіп, елдің сол қанатына шоғырланған жүгеттермен болған шешуші шайқасы Хайбарда өткен болатын.

Адам ата жаратылғалы бері адамзат баласының қасы – Ібіліс. Оның көздегені адам баласын дұрыс жолдан тайдырып, жаманшылыққа бастау болып табылады. Әзәзіл Ібілістің бар айла-шарғысын ашып көрсететін ибн Жүзидің «Талбису Иблис» («Ібілістің айлакерлігі»)

деген еңбегі діндарлар арасына осы еңбектің желісіне құрылған. Шығармада Барсиса деген діндардың хақ жолында жүріп, қалайша Ібілістің тұзағына түскені жайында айтылады. Шайыр осы шығармасы арқылы оқырманды өз нәпсісінің құлы болмауға шақырған.

Шәді «Ахуал қиямет» деген дастанынан оның құран тәпсірін жетік меңгергенін көруге болады. Шығарманың екінші жартысын оқығанда адамның өлер алдындағы сәтінен бастап, қабір азабына дейінгі аралықты суреттеген шайырдың еңбегіне сүйсінбесе амалы жоқ.

Шәді ақын өлімді айтуда адамдарды қорқытудан аулақ. Тірлікте істеген әрбір әрекеттің о дүниеге апарар сенің еншің екенін еске салады. Демек, адам баласы тіршілікте істеген қателіктері үшін тіршілікте Алладан кешірім сұрауы тиіс. Ақынның бұл көзқарасы түсінген кісіге имандылыққа шақырған жаны таза адамның жүрегінен шыққан өсиет сөз екенін аңғаруға болады.

Кеңес заманында Шәді Жәңгірұлының туындысын «идеямызға жат» деп бүркемелеп, жасырын ұстап келгені анық, осы бір жайды Ә. Тәжібаев ашына толғайды: «Бұған дейін Шәді туралы сөз айтылмайды, өйткені көркем әдебиеттерді тану және оның ғылымын жасау, тарихын жазу ісіндегі солақайлықтар сонау бастан Шәді еңбектерін жат көрсетіп, әдебиет оқитын қауымнан жабық ұстады да, ақынның өмір тарихы да жаңа жұртшылыққа бейтаныс күйде қалды. Сондықтан бұлдыр бейнені анық көру, жаңа бір ақынды тыңнан ашу, онымен тілдесу, сырласу, оның мінез-құлқын, әдет-салтын, дүниеге қауымға, сұлулыққа көзқарасын білу, қай жағынан алсақ та қажет екен.»

Шәді Жәңгірұлы жазған әдеби жәдігерлер қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарына ортақ деп айтсақ, артығы жоқ. Өйткені сол елдердің ауызша, жазбаша қазыналарын меңгеріп, пайдасына жарата білген, шайырлармен араласып, ақындық шеберлігін ұштаған адам. Түркі тілдес халықтарға ортақ саналатын іргелі тақырыптарды өзінше қайтадан жазып шығу өздігінен келмейтін жұмыс екені айқын.

Соған қарағанда, Шәді тынымсыз ізденудің, еңбектің адамы болған, оны қасиетті туындыларынан тауып, танимыз, «Шығыс классикалық әдебиетінің назиралық үлгісін жете меңгерген, гуманистік ағартушылық бағытта дәстүрлі тақырыптарды жырлаған. Мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума төл шығармалар жазған» (Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1978. – 12 т. – 265 б).

Сөз өнері мен қолөнер зергерлігін қатар алып жүріп даңқы шыққан Шәді ақын шығармаларының тигізген игі ықпалын оның

еңбектерінен көруге болады. Көзінің тірісінде жетпіс бес табақтай еңбегі баспа жүзін көрген Шәді шын шабытқа дамыл бермеген қалам иесіне ұқсайды. Кітаби ақындардың ішінде шығыс сюжетін қуалап қана қоймай, орыс халқының тарихын терең бойлаңқырап зерттеген Шәді екен. «Әр сөзі құйылғандай қорғасыннан» деп шайырдың өзі айтпақшы, оғын айдалаға бытырата бермей, жинақтап, шымырлап, ой елегінен өткізіп барып көпке ұсынған көрінеді. Шәдінің шығыс әдебиетінің әуендерімен байланысына барлай қарағанда не болса соны бері тарта бермей қазақ ұғымына, санасына, ортасына, өнеріне жақыннан орнығып қалды-ау деген сюжеттерді суыртпақтай шығарып, салмақты дүниеге айналдыра білген.

Сонымен қорыта айтқанда, кезінде түрлі діни мектеп-медреселерде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, сол арқылы араб поэзиясынан еркін сусындаған, Ислам тарихы мен араб әдебиетін терең білетін қазақтың ғұлама шайыры Шәді төре Жәңгірұлы қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байыта түсуге өзіндік үлес қосты. Ол шығыс классикалық поэзиясына тән нәзірә дәстүрін жан-жақты меңгеріп, қазақ оқырманының талап-тілектеріне сәйкес келетін шығармалар жазды. Мұның өзі, қазақ әдебиетін мазмұн, тақырып, идея жағынан көріктеу құралдарымен байытуға үлкен әсерін тигізді.

Шығармалары: «Төрт дәруіш» (1913, 1914), «Хикаят Қамарзаман» (1914), «Назым чәһар дәруіш» (1913), «Хатымтайдың хикаясы» (1914), «Хикаят Халифа Һарон-ар Рашид» (1914), «Хикаят Орқа-Күлше» (1917)

Нұржан Наушабаев (1859-1919). 1859 ж. Қостанай облысы, Семиозер ауданы (бұрынғы Меңдіқара ауданы) Арақарағай деген жерде дүниеге келген. Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашқаннан кейін Троицк (Күйік) медресесінен білім алады. Есейген шағында біраз дәулет бітіп, оқуын тастап, жастық қызуымен серілік құрады. Ел ішіндегі дау-жанжал, ұрыс, барымтаға да араласады. Осындай салсерілік құра жүріп өлең, назымдар да шығарып жүреді. Желігіп жігіттік құрып жүргенде, оның өлеңдерін Ы. Алтынсарин тыңдап, ақындығын жоғары бағалап, оған ырду-дырдуды тастап, халыққа бағалы өнегелі сөз жаз деп кеңес береді. Нұржан бұрынғы бетінен қайтып, жастарды турашылдыққа, оқу-білімге үндеген өлеңдер жазады. Өз бетінше шығыс әдебиетін оқып үйренеді.

Әкесі ауқатты, әлді бай адам болған. Шешесі бір жасында қайтыс болады да, әжесі Айғаншаның тәрбиесінде болады. Азан шақырып қойған аты - Нұрмаханбет. Әжесі еркелетіп Нұржан

атандырып жіберген. Жас кезінде Бәтима деген қызға ғашық болып, бойжеткенде қайтыс болып, 25 жасқа дейін бойдақ жүреді. Артынан Нәзипа сұлумен отау құрып, одан үш бала сүйеді: Сұлтанғазы, Дәмет, Үміт деген. Әйелі Нәзипа көп ұзамай қайтыс болады да, ақын он жылдай төсек жаңғыртпай жүреді. Іштей құса болып жүрген Нұржанға бірге өскен Сапарғали досы келіп, Нұржанның жақсы көріп жүрген қызы Бибісараға ойламаған жерден хат жазғызады. Кейін екеуі бір-біріне хат жазыса жүріп қосылады. Бірақ араларында бала болмайды. Ақынның ұлы Сұлтанғазы да жастай дүние салып, содан қалған немересі Кәрімді бағып, соны медеу тұтып өсіреді.

Әрі ақын, әрі күйші, әрі әнші «сегіз қырлы, бір сырлы» Нұржан Наушабайұлы 1919 жылы 63 жасында бақидан озды.

Нұржан шығармаларының жиналып, зерттелуі 1920 жылдардан басталады. Алғаш «Жаңа әдебиет» журналының №10 санында әдеби мұраларды жинаушы Балқай Байтоғайұлының «Нұржан ақын» атты мақаласы жарияланады. Мұнда ақынның өмірбаяны беріліп, шығармаларын жинап, жариялау керектігі айтылады да, ақынның Сапарғалимен жұмбақ айтысының өзі білетін нұсқасы жарияланады.

1941 ж. шыққан Е. Ысмайыловтың құрастыруымен шыққан орта мектептің 9-класына арналған қазақ әдебиеті оқу құралына Нұржанның бір-екі өлеңдері мен Сапарғалимен айтысы кіреді.

Б. Кенжебаев «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) зерттеуінде Нұржан шығармашылығының ерекшеліктерін атай келіп, ағартушылық, сыншылық өлеңдерін саралап көрсетеді. Кейінгі 1966, 1976, 1993 жылдардағы жоғарғы оқу орнына арналған оқулықтарда толықтырады.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Қазақ әдебиеті тарихы». (1963. – 2-т. – 2-кітап) мен «XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары» (1963) жинақтарында да ақын өлеңдерінің әлеуметтік сипаты мен тәрбиелік мәні ашылып көрсетіледі.

Мәскеуде 1968 ж. шыққан «Краткая литературная энциклопедия», Т. 5; ҚСЭ Т. 8. Нұржан өмірі шығармашылығына қатысты мәліметтер айтылды (авт. М. Жармұхамедов). «Халық кеңесі» газеті, 1992 ж. – 22 қаңтардағы санында «Нұржан мен Бибісараның хаттары» басылды.

Нұржан шығармашылығы XIX ғ. соңы мен XXғ. бас кезін қамтиды. Ақын өлеңдері 1903 ж. СПб «Жұмбақ»; 1903 ж. Қазанда, «Манзумат қазақия»; 1910 ж. Қазанда «Алаш» деген атпен басылды.

«XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985) жинағына ақын өлеңдері басылды. А. Шаяхметтің құрастыруымен 1997 жылы Қостанайда ақын шығармалары «Алаш» деген атпен жарық көрді.

Сондай-ақ, ақынның бұл жинақтарға кірмеген айтыстары мен мысалдары да бар: «Нұржан мен Бибісара», «Нұржан мен Сырға қыз», «Нұржан Наушабайұлы мен Сапарғали Нұрымұлының айтысы», «Өгіз бен есектің хикаясы», «Түлкі мен әтештің хикаясы» т.б.

Нұржанның Сапарғалимен айтысы (жұмбақ айтыс) тәрбиелік және танымдық жағынан құнды шығарма. Деректерге қарағанда әуелі екеуі жазбаша айтысып жүріп, кейін кездесіп айтыс дәстүрі бойынша сөз қағыстырған. Айтыстың ерекшелігі, Сапарғали бастап айып, жұмбақ жасырып отырса, Нұржан үнемі сол жұмбақты шешіп отады. Барлығы жиырма бес жұмбақ: оның бір тобы жұртқа бұрыннан таныс заттарға арналса (қалам, сия, сүзгі, ау, қармақ, мосы, көрік т.б.) енді бір алуаны қазақ тұрмысына жаңадан енген заттар (поднос, самауыр, зонтик, аспалы сағат, шам, тігін машинасы т.б.) Екінші ерекшелік, ақындар метафорлық салыстырулар арқылы астарлап бейнелеуде де тапқырлық танытып отырады. Мәселен, май шамды жұмбақтағанда: Шамның оты - дөңгелек жұқа ерінге, майының мұзға баланып берілуінде де ұтымды образ бар.

Нұржанның кең тынысты эпика жанрында да қалам тартқаны анықталып отыр. Ақынның белгілі әнші, ақын, сазгер Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақовтың өмірі мен ерлік істерін жырлаған «Сегіз сері» атты дастаны бар.

Оның өлеңдері туралы Б. Кенжебаев: «Бірсыпыра өлеңдерінде Нұржан заман жайын, қазақтың бұрынғы, өз тұсындағы тұрмысын, ел билеген адамдардың іс-әрекеттерін, оқу, өнер, білім, дәулет, бақыт, мінез-құлық мәселелерін сөз етеді. Солар жөнінде бірталай орынды, маңызды келісті өсиеттер, мақал, мәтел, нақыл сөздер айтады. Оның шығармалары ойлы, мағыналы болып келеді» деп бағалайды.

Тұрмағанбет Ізтілеуов (1882-1939). Түркістан өлкесінің Сырдария облысы, Қазалы уезі, Қуаңдария болысының 2-ауылында «Ақтайлақ-кезең» деген жерде дүниеге келген. Әкесі Ізтілеу кедей шаруа болған. Нағашысы Ермағанбет сол кездің орақ тілді ақындарының бірі болған. Кіндігін осы нағашысы кескен соң, атын Тұрмағанбет деп ұйқастырып қойған.

Ақынның балалық шағы Сыр бойында - Ақмешіт, Қармақшы, Қазалы қалаларында өтеді. Он алты жасында әкеден айырылып, жетімдікті көріп өседі. Алғаш сауатын Қожабай, Алданбай, Ораз деген ишан, молдалардан ашып, мұсылманша білім алады. Кейін Өзбекстан жеріндегі Бұқарадағы әйгілі оқу орны «Мир Араб» медресесіне оқуға түседі (медресенің іргесі 16 ғ. қаланған), 1899 ж. бастап сондағы «Көкалташ» медресесінде оқиды. Осы медреседе

Тәжік Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик-жазушы Садриддин Айнимен (1878-1954) бірге оқиды. Екеуі дос болып шәкірттер (моллабаға) арасында әдебиет үйірмесін ұйымдастырып, соған жетекшілік етеді. Көкалташ медресесін екеуі бірдей хатым етіп (бітіріп), хатиршатты (дипломды) бірге алып шығады.

Медреседе оқып жүрген шәкірт кезінде Тұрмағанбет Шығыстың ежелгі мол әдеби, мәдени мұрасымен танысады: арабтың «Мың бір түн», үндінің «Тотынама», парсының «Шаһнамасын» және Омар Хайам, Хожа Хафиз лирикаларынан, Сағдидың «Гүлстан», «Бустан», Низамидің «Ескендірнамасы», «Қысрау-Шырын», Науайдің «Ләйлі-Мәжнүнін», «Жеті шұғыласын», Бируни, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ұлықбек сияқта фәлсафашылардың еңбектерін оқиды.

Медресені үздік бітіріп араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, осы тілдердегі әдебиеттерді еркін оқитын дәрежеге жетеді. Шығыстың бай мұрасын қазақшалауды мақсат етеді. Көкалташ медресесін 1905 ж. бітіріп шығып, 1925 жылға дейін ауыл мектебінде бала оқытып, ұстаздық етеді. 1934 жылы Алматыда өткен Қазақстан Жазушылар одағының тұңғыш съезіне делегат болып қатысады. 1935 ж. Алматыға шақырылып ҚССР Оқу халық комиссариатында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді.

Тұрмағанбет шығармашылығын екі кезеңге бөліп қарастырамыз: Қазан төңкерісіне дейін, төңкерістен кейін яғни кеңестік дәуірдің алғашқы кезіндегі поэзиясы.

Әдеби мұрасының дені – поэзия: Поэзиясының өзін: назым өлеңдер, тақпақтар, шағын шумақтар, рубайлар, нақылдар, мысалдар, күрделі поэзиясы дастандары және айтыстары деп бөлуге болады.

Төңкеріске дейінгі назымдары: «Ұстаз ұсынысы» (қарақалпақ, қазақ, қырғыз балаларына арнау), «Шәкірттерге», «Балаларым», «Адалдық іс», «Қайтсең де өз халқыңа қызмет қыл», «Абайды оқығанда», «Шөлмек» т.б.

Тақырыптық жағынан алғанда ағартушылық- дидактикалық сарындағы өлеңдері мол ұшырасады «Ұстаз ұсынысы» өлеңінде:

Шәкірттер, бір-біріңмен ұрыспаңдар,
Мінездің мінін алып дұрыстандар.
Жолына жамандықтың жақын баспай,
Күтініп күн ілгері жылыстандар.
Күшіктей күжірейіп бір-біріңмен,
Ұстасып от басында жұлыспаңдар.
Себепсіз сотанақтық қылғандарды,
Тезге сап қызыл тілмен қылыштаңдар.
Жасыңнан оқу оқып үлгі үйрен де,

Ел билеп, ұлғайған соң тыныстандар.

«Болайын жақсы жігіт» дегендерін

Ұстаздың осы айтқанын шын ұстандар, – деп ұстаздық үгіт-өнегесін айтады. Шәкірттердің жақсы жолға түсуіне жөн сілтейді.

1905 ж. жазған «Шәкірттерге» деген өлеңінде де ұстаздық ақыл-кеңес береді.

Балалар бос болмасын сабақтарың,

Жарқырар жаттасандар қабақтарың.

Ұстазың үгіт айтып отыр осылай,

Кетсе де тарс айырылып талақтарың...

Ата-анан бәріңнің де мәз боп отыр,

Қалды-ау - деп, - молда болып қарақтарың.

Сандалып сабақ білмей сендер жүрсің,

Ішкендей сарттың боза, арақтарың...

Сөз таппай отырсаңдар ұстазына,

Кітаптың құр аударып парақтарың.

Дұғада ұстаздарың Тұрмағанбет,

«Бәріңнің оң болғай, - деп - талаптарың», - деп шәкірттерге

сабақ өткізумен қатар жыр жолдарымен де тәрбие береді, ақыл айтады. Ақын айтқанда да санасына жеткізіп, қарапайым мысалдармен дәлелдеп көрсетеді, оқымасаң, білім алмасаң:

Күндердей көпке күлкі боларсыңдар,

Суықта салмайтұғын балақтарың-деп жеткізеді.

Революцияға дейін жазған шығармаларының қомақтысы ақынның дастандары: «Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауабану», «Әшкәбус», «Мақта», сияқты дастандарының дені шығыстық үлгіде жазылған.

Әсіресе «Мәрді дихан»«», «Рауабану» дастандарында терең шындықты сөз еткен. «Мәрді дихан» дастанының негізгі мазмұн-идеясы қарапайым диханның мәрттігін, жомарттығын мадақтау. Жер жыртып жүріп тауып алған гауһарын патшаға табыс еткелі жолға шығып, көп азапқа ұшыраған дихан бейнесі еңбекші адамның қарапайымдылығы, тазалығын көрсетеді. Ал «Рауабануда» махаббатын кіршіксіз сақтай білген қорқыныш пен қиындық кезінде адалдықтан айнымаған сұлу жардың үлгілі тұлғасы суреттеледі.

Ақын шығармашылығының енді бір бөлігі – мысал өлеңдері «Лұқпан хәкім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Төрт дос», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана» мысалдарында адам өмірінің түрлі жақтарын қамтитын өнеге, үлгі, кеңестер бар. «Лұқпан хәкім» мысалында адамды орынсыз сыр ашпауға, азулы әкімдерден аулақ жүруге, саудагерге қарыздар болмауға шақырады. Ақын бұл

мысалды Рабғузиден алғанын айтады. «Сүлеймен мен кірпікшешен» деген мысалының аңғартпағы:

Бәрің де алып ғибрат осы сөзден,
Жерінді абройлы болар көзден.
Білімнің болғанымен көңілің кемі,

Кемсінбей кімнен болсын кеңес ізден,-деген жолдардан анық сезіледі. Сондай-ақ ақынның жоғарыда аталған мысалдарының да белгілі идеялық нысанасы бар.

Тұрмағанбет шығармашылығының ең басты ерекшелігі, өзіндік беталысы – оның Шығыс әдебиетінің асыл мұраларын жаңғырта жырлағанында. Ақынның сөз болып отырған дастандары мен мысалдары осыған дәлел. Сондай күрделі туындыларының бірі «Шаһнаманы» жырлауы.

1936 жылы ақын тарлан тартқан шағында, Фирдаусидің «Шаһнама» дастанын қазақ тіліне еркін аударма жасайды. Ол 1961 ж. «Рүстем-Дастан» деген атпен жарық көрді. «Шаһнама» аудармасы үлкен үш бөлімнен тұратын, елу шақты поэма, қырық мың жолға жуық. Атап айтқанда: бірінші бөлім – «Жәмшитнама» (12 мың жол), екінші бөлім – «Рүстем – дастан» (24 мың жол), үшінші бөлім – «Дарапнама» (4 мың жол). Ақын «Шаһнаманы» аудару мақсатын былай дейді:

Кейінге нені тастап кетемін деп,
Ішкенім у сияқты болды кермек.
Қалайда қапы өтіп кетем бе деп,
Кітабын «Шаһнаманың» еттім ермек.
Өмірім орта жастан озыңқырап,
Алпысты алдымдағы қалдым серлеп.
Өлеңмен онбір буын он ай жазып,
Бітірдім басым сипап, шаршап терлеп
Доғардым: «Тартуым деп партияға»
Аттай-ақ аң құтқармас қойған ерлеп.

Молда Мұса (Мұсабек Байзақов) (1849-1932). 1849 ж. Оңтүстік Қазақстан, Түркістан, Шоқтас деген жерде дүниеге келген. Алдымен молдадан хат танып, кейін Қарнақ медресесінде дәріс алып араб, парсы, түрік тілдерін, ислам тарихы мен мәдениетін оқып үйренеді:

Адамға өнер-білім қамшы деген,
Жүйрікпін арабыға парсыменен
Азғана шайырлығым тағы да бар
Мүдірттім неше ақынды қарсы келген.

Орыс тілін өз бетінше оқып, орыс әдебиетімен танысады. Түркістан қаласындағы мектепте оқытушылық қызмет атқарады, осында жүріп фольклоршы ғалым Ә.Диваевпен таныс болады. Орыс тілін білуінің арқасында зиялы қауым өкілдерімен, тілмаштармен, ояз кеңсесіндегі шенеуніктермен араласып тұрады. Еуропа-орыс әдебиетіне ден қояды:

Ақындыққа қазақтың алдындаймын,
Еш жүйрікке алдымды шалдырмаймын.
Арабы, парсы, түркі- бәрі бірдей,
Тек тұрмай орысша да былдырлаймын...
Шекспир, Бальзак, Гете, Пушкиніңнен
Кеммін деп жүргенім жоқ ешкіміңнен.

Молда Мұсаның шығармашылығы күні бүгінге дейін біраз зерттеулер жасалды. Ақынның өмірі мен өлеңдері туралы таныстыру, талдау мақалалар 1930 жылдардың алғашқы жартысынан жарық көрді. «Әдебиет майданы» журналының 1935 жылғы №8 санына Ө. Тұрманжанов ақын туралы тұңғыш мақала жариялайды. Мақаланың құндылығы – ақын шығармаларын және ақынның ағайын, ауылдастарының аузынан естіген мағлұматтарды алғаш рет жұртшылық назарына ұсынады. Ө. Тұрманжанов ақынды: «Молда Мұса сылдыр сөзге сараң, өлеңінің ішімен сыртын өлшеп, пішіп, мәнді, дәмді етіп, қысқадан қайырып беретін... көркем сөздің шебері»-деп бағалайды.

1936 жылы шыққан орта мектептің 9 класына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында М.Әуезов Мұсабектің қысқаша өмірбаянын және бірнеше өлеңдерін береді. Ғалым былай дейді: «Молда Мұса өз уақытына қарағанда оқымысты адам деп саналған. Ол араб, парсы, шағатай әдебиетін, тарихын жақсы білген. Қазақ, қырғыз яки басқа Орта Азия халықтарының ескілігіне де қанықты, жетік болған. Сондай білімі, өлең сөзі арқылы ол қай ортаға болсын араласып, сын беретін болған».

Молда Мұсаның мұрасын зерттеуге бетбұрыс өткен ғасырдың 60-жылдарынан басталады: «XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары», «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында ақынның біраз өлеңдері басылды. 1987 ж. М. Тоққожаев, Ә. Оспанұлының құрастыруымен «Өткен күндер» өлеңдер жинағы жарық көрді (алғысөз С. Оспанұлыныңкі).

Әсілхан Оспанұлының «Қаратау атырабының ақындары» зерттеуінде Молда Мұса жайында құнды пікірлер айтады.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 2-том, 2-кітабында (1965) Р. Бердібаев Мұсабек Байзақұлы жайында құнды пікір білдіреді.

Молда Мұса негізінен шығыстық үлгіде жырлаған ақын (ұлт әдебиеті (фольклор), еуропалық әдебиетке талас жоқ). Сондықтан кезінде ақын шығармалары шығыстық мұрадан діншілдік сарын іздеген кеңестік заманда дұрыс басылмады, шығармалары басқалардың атына телініп кетті. Мәселен, 1942 жылы шыққан «Айтыс» жинағында «Молда Мұса мен Манат қыз» айтысы Шәді Жәңгіров атынан берілген.

Молда Мұсаның әдеби мұрасы біршама. Қазірге дейін мәлім болғаны он төрт мыңнан артық өлең жолдарынан тұратын поэзиясы бар. Олар: Халық поэзиясының жанрлары: арнау, толғау, сәлемхат, мысал, мадақ, естірту, көңіл айту, жоқтау үлгісінде болса, енді бір қатары шығыс әдебиетіне тән рубай, бәйіт, ғазал т.б.

Зерттеушілер ақын шығармашылығын төңкеріске дейін, төңкерістен кейінгі кезеңге бөліп қарастырады. Жанрлық ерекшеліктеріне қарай өлеңдер, мысалдар, айтыстар, дастандар деп төрт топқа жүйелеуге болады.

Лирикалық өлеңдерін іштей азаматтық, табиғат, махаббат, философиялық деп топтастыруға болады. Сондай-ақ әлеуметтік көзқарасын танытатын сын-сықақ өлеңдері де жеткілікті.

Азаматтық лирикасының ішінде «Қайраты бұл дүниенің мал менен пұл» өлеңі:

Қайраты бұл дүниенің мал мен пұл,
Патшадай – малды кісі, кедейлер – құл.
Сұңқардай құрағытқан бауын түтіп,
Дәулетіміз болды ғой қайратты ұл.
Дәулет, бақ малды болсаң қонар басқа,
Жарымас жарлы болсаң аузың асқа.
Көбейіп ұлы-қызың кедей болсаң,
Тезірек ақ кіреді сақал-шақа.

Сондай-ақ, «Сайлау деген елге бір бүлік болды», «Адам түгіл алдайды періштені», «Байлар өлсе аш, арық тойынады» өлеңдері әлеуметтік тақырыпты көтерген.

Ағартушылық идея, оқу-білімге үндеу, білім, ғылымның мәні туралы өлеңдеріне мыналарды жатқызуға болады: «Ақыл, қуат табады ғылымменен», «Қамдалып қал шар тартпай», «Тіршілікте ғанибет ғылым ізде», «Талапты жастар», «Адамға бір жақсылық ғылым деген».

Адам озар ақылмен, ғылымменен,
Ақыл қуат табады ғылымменен.
Ғылымсыздан үлгі сөз, өнер шықпас,
Құс ұстаймын десе де тіліменен.

Ақын заман талабына сәйкес орыс тілін үйрену керек дейді:
Біздің ғылым қазақша ана тілі,

Ана тілі көрінер бізге жылы.
Орыс тілі оқуын қоса білсек,
Сөзіміздің ашылар анық гүлі.

Таза лирикалық өлеңдерінің қатарына «Қыз сипаты» өлеңі жатқызамыз.

Бұраң бел, қыран жонды, бөкен санды,
Ақ тамақ, иегі сүйір, беті қанды,
Қара қас, бадам қабақ, көзі нәркес,
Таба алмай іздеп жүрмін сондай жанды.
Түймебас, жазық маңдай, пісте мұрын
Жұқа ерін, оймақ ауыз, көзі күлім,
Кермиық, меруерт тісті, болат кірпік,
Осылай болса деймін қыздың түрі.

Мысал өлеңдері «Тышқан мен түйе», «Жолбарыс пен түлкі», «Қайырымды қыз», «Семірген есек», «Сұлу әйел мен молда» т.б.

Ақынның айтыстары «Молда Мұса мен Манат», «Молда Мұса мен Бұдабай» негізінен Сыр өңіріне тән жазбаша хат арқылы да, ауызша да айтысқан ақын.

АҒАРТУШЫ ДЕМОКРАТТЫҚ БАҒЫТ

Спандияр Көбеев (1878-1956). Спандияр Көбеев 1878 жылы, 14 қазан күні қазіргі Қостанай облысы, Мендіқара ауданында, кедей шаруаның семьясында туған. Қазан төңкерісінен бұрынғы заманда оқуға талаптанған қазақ баласының көбінесе қолы жететіні ауылдағы молда, ауылдық мектеп болатын. Спандияр да оқуға талаптанып, алты-жеті жасында ауылдағы мектепке оқуға түседі; онда екі-үш жыл оқиды.

Бірақ өзі ауылдық, өзі тек діни сабақтар оқытатын мектеп зор талапты, алғыр ойлы Спандиярды қанағаттандырмайды. Жаңалық аңсап, келер заманнан зор үміт күткен талапты шәкірт енді жаңа оқуды арман етеді. 1887 жылы, тоғыз жасында ол ауылдағы орыс мектебіне түседі. Аңсаған арманының алғашқы босағасынан аттауына қазақ халқының ұлы педагогі, көрнекті ағартушы демократы, ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің тікелей көмегі, арнайы қамқорлығы себеп болады.

Спандияр осы орысша мектепті 1892 жылы бітіріп шығады. Артынша облыстық орысша мектепке түсіп, оны 1895 жылы бітіріп шығады. Мұнан кейін Спандияр қалалық жердегі орысша оқуға ауысады. 1897 жылы Қостанай қаласына барып, сондағы екі жылдық мектепте оқиды. Оны бітірген соң екі жылдық педагогикалық курста түсіп оқиды. 1900 жылы аталған курсты бітіріп шығады да, бастаушы мектептің оқытушысы болып қызмет істеуге хұқ алады.

Жігерлі жас оқытушы Спандияр өзінің алған білімін, мәдениеттен кенжелеп қалған, өнер-білімді аңсап күткен туған халқына таратуға аса бір ықыласпен шұғыл кіріседі. Ол 1901 жылы Кішіқұм деген жердегі ауылдық орысша мектепке оқытушы болып барады.

Мұнда екі-үш жыл оқытушы болып істегеннен кейін Спандияр болыстық мектепке ауысады. 1903 жылы Қызылжар қаласының маңында, Нілді деген жердегі болыстық мектепке оқытушы болып тағайындалады. Онда екі-үш жыл қызмет істейді.

Спандияр 1905 жылы Омскі қаласында бастауыш мектеп оқытушыларына арналып ашылған бір айлық ауыл шаруашылық курсына білімін толықтыру үшін жіберіледі. Курсты бітіріп қайтқан соң Спандияр Қызылжар қаласындағы екі жылдық орыс-қазақ мектебіне оқытушы болып тарайындалады. Сонан былай Спандияр Көбеев Қызылжар, Қостанай жарында үздіксіз оқытушы болып істейді.

Спандияр Көбеев өзінің оқытушылық қызметін бастағаннан-ақ ауылда әрі оқытушы, әрі мәдениет жаршысы болады. Қолынан келгенінше халыққа адал қызмет етуді өз бойындағы бар білім жігерін халық ісіне жұмсауды мақсатым деп түсінеді.

Осындай ізгі ниетіне жету үшін Спандияр Кішіқұмда оқытушы болып барғаннан-ақ бос уақытта ауыл адамдарын жинап алып, оларға табиғат, география, тарих, тағы басқа ғылымдардан түсінік, хабар беріп отыратын болады, қазақтың ауыз әдебиетінен, орыс әдебиетінен әңгімелер айтып беріп отырады, әсіресе И. Крылов мысалдарын еркін аударып, ауыл адамдарына таратады. Ол жұртшылық арасына зор әсер қалдырады. Сөйтіп Спандияр оқытушылық қызметі үстіне орыс әдебиеті мен мәдениетінің белгілі насихатшысы да болады.

Спандияр Қызылжардағы орыс-қазақ мектебінде қызмет істеп жүрген кезінде өзінің И.А. Крыловтан аударып, көпшілікке ауызша айтып беріп жүрген мысалдарын жинап, түзеп, толықтырып, баспаға жібереді. Онысы 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен Қазанда басылып шығады.

Енді Спандияр өзінің құрметті ұстаздары Ыбырай Алтынсарин мен орыс халқының атақты педагогы К.Д. Ушинскийдің үлгілері бойынша өзі оқытып жүрген балаларға арнап оқу кітабын жасауға кіріседі. Осының нәтижесінде 1912 жылы Қазан қаласында Спандиярдың екінші кітабы «Үлгілі бала» деген оқу кітабы басылып шығады.

«Надандыққа, феодалдық ескішіл, өрескел сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден біреуі – халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру деп, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғынушылардың бірі мен едім. Бірақ, сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне көзім әбден жетті. Бұл күресте халық санасына күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек сияқты көрінді.

Іздене келе мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралының бірі көркем әдебиет екен деген ой түйдім. И. Крыловтың мысал-өлеңдері аудармасының мектеп оқушысы былай тұрсын, халық бұқарасына еткен әсері осы ойымның дерегі еді. Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап «Қалың мал» романын жазуға кірістім» – дейді тағы да Спандиярдың өзі.

Спандиярдың өзі атап отырған бұл «Қалың мал» романы тұңғыш рет 1914 жылы, Қазанда басылып шықты.

Оқытушы, жазушы ретінде Спандияр еліміздің қоғамдық өмірінде әр кезде болған тарихи оқиғаларға да араласып жүрген. Мысалы, ол 1905-1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс кезінде астыртын төңкерісшіл қозғалысқа қатынасып жүрген; Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде, 1917 жылғы Ақпан, Қазан, төңкерісі кезінде халықпен бірге болады.

Қазан төңкерісінен кейін де Спандияр оқытушылық қызметте болатын. Қазақ жастарына саналы түрде тәрбие беруде өз өмірінің соңғы күндеріне дейін отаншылдық рухта шексіз берілгендік жалынмен ат салысты. Өзінің негізгі педагогикалық-ағартушылық қызметі үшін Спандияр Қобеев екі рет Ленин орденімен наградталды. Жазушылар одағына мүше болды. Халық Спандиярды өз қалаулысы ретінде Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне депутат, бейбітшілікті қорғаудың Қазақстандық Комитетіне мүше етіп сайлады.

Соңғы оншақты жыл ішінде Спандияр өзінің өмірі мен қоғамдық қызметі, басынан өткен оқиғалары мен ойлары, көргендері мен білгендері туралы мемуарлық көлемді шығарма жазды. Онысы «Орындалған арман» деген атпен 1952 жылы басылып шықты.

С. Қобеев 1956 жылы, 2 желтоқсанда 78 жасында ұзаққа созылған ауыр наукастан қайтыс болды.

Орыс халқының классик әдебиетін, әсіресе И. Крылов мысалдарын қазақ тіліне көп аударған оларды жинап, жеке кітап етіп шығарған Спандияр Қобеев болды. Ол Крыловтың кырықтан аса мысал-өлеңдерін аударып, 1910 жылы «Үлгілі тәржіме» деген атпен өз алдына жеке кітап етіп бастырып шығарды.

Спандиярдың Крыловтан аударған, «Үлгілі тәржіме» жинағында басылған мысал өлеңдері мыналар еді: «Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Өтірікші», «Аң ауласқан коян», «Емен мен тал шыбық», «Шал мен өлім», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен айна», «Қасқыр мен мысық», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Акку, шортан һәм шаян», «Қөлбақа мен өгіз», «Қарға мен түлкі», «Аңға шыққан арыстан», «Маймылдар», «Аю мен мүсәпір шал», «Қасқыр мен қозы», «Құмырска мен шегіртке», «Түлкі мен жүзім жемісі», «Екі көгершін», «Әтеш пен меруерт тас», «Арыстан мен сары масалар», «Арыстан мен кісі», «Есек пен сандуғаш», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Пәлеге ұшыраған қарашекпен», «Қасқыр мен кісі», «Арыстан мен тышқан», «Екі төбет», «Ұқыпты достар», «Хакім тілеген қөлбақалар», «Қөлбақалар», «Қомағай ит», «Етікші мен бір бай кісі», тағы басқалар.

Спандияр Крыловтың мысалдарын жай ғана қарапайым өлең түрінде кейде еркін, кейде сөзбе сөз етіп аударды, көбінше мағына-мазмұнын ғана берді. Мысалы, «Разборчивая невеста» деген мысалды «Күйеу таңдаған сұлу қыз» деп, «Листы и корни» деген мысалды «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары» деп, «Крестьянин и смерть» деген өлеңді «Шал мен өлім» деп, «Лисица и виноград» дегенді «Түлкі мен жүзім жемісі» деп аударды. Спандияр Крылов мысалдарын ақындығы ұстап, ақындық өнер, өлеңнің үлгісін көрсетейін деген мақсатпен аударған жоқ. Бұл шығармалардағы ой мен идея жазушының

бойын да, ойын да билеп, аудармасқа амалы болмағандықтан аударды; халыққа орыс әдебиетінің үлгілерін насихаттау, олар арқылы қазақ оқушыларына игі ой салу мақсатымен аударды.

Спандияр Көбеев өзінің «Үлгілі бала» деген оқу кітабын Л.Н. Толстойдың «Новая азбука», «Русская книга для чтения», К.Д. Ушинскийдің «Детский мир», Ыбырай Алтынсариннің, «Мактубат», «Киргизская хрестоматия» деген кітаптарының үлгісі бойынша жасады; негізгі материалдарды солардан алды. Кітап балаларға мектеп, оқытушы, балалардың өздері, адам тіршілігі, адам баласы қоғамның тұрмысы жөнінде түсінік беретін қысқа әңгіме, өлеңдерден басталады. Кітаптың бұл жағының негізгі идеясы «Мектепке шақыру» деген орыс тілінен аударылған өлеңде берілген.

Кітаптың мұннан кейінгі бөлімдері көбінше табиғат және оның құбылыстары, жағрафия туралы, аңдар, құстар, ұсақ жәндіктер, өсімдіктер және олардың тірліктері туралы балаларға мәлімет беретін балалардың ұғымына лайықты және қызықты қысқа әңгімелер ертек-аңыздар, мысалдар, мысал өлеңдер.

Мысалы, «Қайырымды бала», «Біздің көрші», «Ит пен қайыршы», «Түскі тамақ пен кешкі тамақ», «Апасы мен немересі», «Әкесі мен баласы», «Құстың ұясы», «Өрмекші мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Құмырсқа мен көгершін», «Үй хайуандары», «Ар», «Есек», «Сиыр», «Екі шыбын», «Түйе», «Қойлар», «Кесірткелер», «Ит пен мысық», «Қаптесер меп көртышқан», «Үй құстары», тағы басқалар. Кітапта барлығы алпысқа жуық әңгіме, ертегі, мысалдар, өлеңдер бар.

Спандиярдың оқу кітабы сол заман жағдайымен алып қарағанда педагогтық, методистік шеберлікпен жасалған. Ол ондары әрбір әңгіме мен ертегі, мысал мен өлең оқушы жастарға өмір-тіршіліктің барлық саласынан түсінік, білім береді. Сол арқылы оларды оқу-мәдениетке, өнер-білімге, адамгершілікке шақырды; еңбекке, іскерлік, қиындыққа төзімді, қажырлы болуға, қайырымдылыққа, әділдікке шақырады.

«Үлгілі бала» қазақ тіліндегі жаңаша жасалған оқу кітаптарының бірі; кезінде үлкен жаңалық, зор табыс болды. Оқушы жастарды дұрыс, жаңаша тәрбиелеуде едәуір қызмет атқарды. Және «Үлгілі тәржіме» мен «Үлгілі бала» Спандиярдың «Қалың мал» романы сияқты кезінде әрі жаңа, әрі күрделі көркем шығарма жазуына қажетті, пайдалы әзірлік болды. Жазушы өзін тай жарысында сыналған тәрізді алдын ала сынап, машықтап, үлкен шығарма жазуға кірісті.

Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романының тақырыбы әйел мәселесі: қазақ әйелінің хал-жайы, бас бостандығы, теңдігі, оқып, білімді әлеумет қайраткері болуы.

Қазақ әйелінің хал-жайы, бас бостандығы, теңдігі деген тақырыпты бір Спандияр ғана емес, XX ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушыларының бәрі дерлік жазды. Бұл мәселені жедел шешуді қажет ететін нағыз көкейтесті күрделі мәселелердің бірі деп қарады, оған әрқайсысы шешу іздеді.

Жазушы романында жалаң қалың мал мәеслесін ғана сөз етіп қоймайды; соған байланысты халықтың әлеуметтік, шаруашылық жайын да, салт-санасын, ғұрпын да едәуір сөз етеді. Роман ел ішіндегі әлеуметтік таптардың өкілдері, олардың шаруасы, тіршілігі, жер дауы, жесір дауы, ру таласы, барымта, ас-той, ойын, сауық т. б. суреттеледі.

«Қалың мал» романында жетпіс шамалы кейіпкердің аттары аталады. Олардың ішінде бірқатар кейіпкерлер аттары аталып, сол аталған жерінде қалып қояды; ал, бірқатар кейіпкерлер әңгіме барысында, роман сюжетінің ұласуында жиі ұшырап, тартыстарға араласып, азды-көпті қызмет атқарады. Автордың мұндай кейіпкерлері: Тұрлығұл, Итбай, Ғайша, Қожаш, Құрымбай, Байғазы, Әбіш, Амантай, Жамантай, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс, Жүніс, Бірке, Әлке тағы басқалар.

Шығарманың кейіпкерлері, әрине, біріне-бірі қарама-қарсы екі топқа: ұнамсыз кейіпкерлер тобы мен ұнамды кейіпкерлер тобына бөлінеді. Бірінші топқа жататын кейіпкерлер: Итбай, Құрымбай, Байғазы, Әбіш, Амантай, Жамантай; екінші топқа жататын кейіпкерлер: Райша, Қожаш, Серғазы, Ақсұлу, Балкүміс, Жүніс, Бірке, Әлке. Романда осы екі топтың тартысы суреттеледі.

Спандиярдың ұнамсыз кейіпкерлері түгелдей бай, би, ақсақал, атқа мінер, молда-қарттар. Олар ескіні: ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыпты, соның салт-санасын, заң, дәстүрін, ғұрып-әдетін қолданады, жақтайды. Ал, автордың ұнамды кейіпкерлері түгелдей дерлік жастар. Олар ескіге, ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қалыпқа, оның салт-санасына, заң, дәстүріне, ғұрыш-әдетіне, байлар мен билердің озбырлықтарына қарсы күреседі. Қазақ әйелінің бостандығы, теңдігі, еңбекші бұқараның адамдық-азаматтық құқы, еркі тәрізді бостандықтың болуын талап етсе, қоғамда әділеттің болуын көксейді.

Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» деген кітабы жазушының көрген-білгендері жайындағы естеліктері, басынан өткендері, әр кездегі ойлары, яғни Спандиярдың биографиялық шығармасы, мемуарлық еңбегі болып есептеледі.

«Орындалған арманды» қазақтың мемлекеттік оқу педагогика баспасы тұңғыш рет 1951 жылы басып шығарған еді. Кезінде болған сындарды, айтылған пікірлерді еске алып, біраз түзетіп, толықтырып, оны 1954 жылы қайта басып шығарды. Кітаптың мазмұны былай:

1) Алғы сөз, 2) Балалық шақ, 3) Мен оқытушы, 4) Қилы кезеңдер, 5) Орындалған арман. Алғы сөзінен басқа төрт бөлімі («Балалық шақ», «Мен оқытушы», «Қилы кезеңдер», «Орындалған арман» деген бөлімдері) тұтас бір шығарма.

Спандияр Көбеев артында маңызды әдеби мұра қалдырды. Оның «Қалың мал» романы мен «Орындалған арман» мемуары қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алады. Сондай-ақ, Спандияр Көбеевтің өз заманында қазақ тілінде оқу кітабын жазып бастырды. Орыстың классикалық әдебиетінің кейбір шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ жұртшылығына таратудағы сіңірген еңбегі де бір алуан.

Сәбит Дөнентаев (1894-1933). Сәбит Дөнентаев 1894 жылы қазіргі Павлодар облысы, Ақсу ауданында кедей шаруаның отбасында дүниеге келді. Сәбиттің әкесі Дөнентай өзі кедей болса да, еті түрі, еңбекқор, санасы ояу, шаруалығында ұқыпты кісі болған деседі. Жалғыз баласын қатарға қосуға құштар болған Дөнентай Сәбитті оқытып, білімді етіп шаруаға барынша тырысады. Ол Сәбитті әуелі өз аулындағы мектепке беріп оқытады. 1909 жылы Палодар қаласындағы Қасым қажы дегеннің медресесіне (татар медресесіне) оқуға береді.

Бұл кезде Қазақстанның көп жерлеріндегі мектеп, медреселерде оқу жаңа, төте оқу әдісімен жүретін еді. Балаларға тек дін сабақтары, құран, әфтиек ғана оқытылмай, дүниелік пәндер де: Ана тілі, есеп, жағырафия, тарих, орыс тілі пәндері оқытылатын еді.

Осыған сәйкес Қасым қажы медресесінде де оқу жаңа, төте оқу әдісімен жүреді. Бұл пәндердің оқытылуының шәкірттері үшін недәуір прогрестік мәні болды. Өйткені шәкірттердің діни-схоластика төңірегінде отырып қалмай, әлгіндей дүниелік пәндер негізінде ойлауына, ізденіп оқуына аз да болса әсері болатын-ды. Сәбиттің медресе бітіргенде, әкесі ойлағандай молда болып шықпай, мұғалімдік жолға ойысуына да осы жайлар ықпал етсе керек.

Сәбит 1913-1916 жылдар арасында бұрынғы Павлодар уезі, Ұрық болысында мұғалім болып істейді. Осы кезде Сәбит екі рет Семей, Омскі қалаларын аралап саяхат жасайды. Бұл оның ой өрісін кеңейтеді, заман жайын, ел тұрмысын аңғаруына себеп болады.

Сәбит оқып жүргенде, ауылда мұғалімдік қызметте болғанда сол кезде қазақ, татар тілдерінде шығатын «Айқап», «Шора» журналдарын, «Қазақ»,

«Уақыт» газеттерін алып оқып тұрады. Сол кезде «Айқап» журналында істеп жүрген өзінің әрі ауылдасы, әрі досы Сұлтанмахмұт Торайғыровпен хат жазып тұрады, өз тұсындағы қазақ, татар әдебиеттерімен танысады. Абай Құнанбаев, Абдулла Тоқай

шығармаларын оқып, үйренді. Солардың ықпал, әсерімен өлең жаза бастайды. Сәбиттің «Қиялым» атты өлеңі тұңғыш рет 1913 жылы «Айқап» журналында басылады.

Осыдан былай оның өлеңдері, мақалалары «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде үнемі басылып тұрады. 1914 жылы «Уақ түйек» деген атпен алғашқы өлең дер жинағын бастырып шығарады. Осыдан бастап Сәбит белгілі ақын аталып, есімі көпке әйгілі бола бастайды. Газет, журналдарда белсене қатысып, олардың беттерінде көтерілген түрлі мәселелер жайында өз пікірін бұл да айта бастады. Қазақ халқы өмірінің бірсыпыра түйінді мәселелері- халықты отырықшы ету, қала орналастыру, егін шаруашылығына көшу мәселелері туралы айтыс болғанда, Сәбит прогресшіл бағыт ұстайды.

1916 жылы патша үкіметінің әйгілі июнь жарлығына сәйкес қазақтың 19 жас 31 жас аралығындағы азаматтары бірінші империалистік соғыс майданының қара жұмыстарына алынуы тиісті болады. Бұл кезде жасы толып қалған Сәбит майданның қара жұмысына бармау үшін Екібастұз көмір кеніне барып, жұмысқа түседі, онда жалданып кенші, темір жолшы болып істейді.

Екібастұзда істеп жүргенде Сәбит сондағы жұмысшылар тұрмысы, ел жайы, майдан жұмысына алынған азаматтар туралы бірнеше өлең жазады. Ол «Екібаста» деген өлеңінде

...Ауқаулап сиыр сауған әйел даусы,
Дәл бүгін атсаң да жоқ, шапсаң да жоқ.
Завод тұр көк түтіні аспанға өрлеп,
Отырсың шайға қанбай, көзің терлеп.
Қасаптан арқан бойы ет алуға
Ерініп бір-біріне «әкеп бер» деп.
Тамаққа тапқан табыс жетпейтін боп,
Айтқан көп елге сәлем «ас жібер» деп.
Далада күрке жетпей күңсіп отыр,
Киімі «боқжамалап» таңылғандар.
«Не көрдің? Не істедің? Не білдің?» деп.
Сұрап жүр бір –бірінен аңырғандар, –

деп суреттейді ақын ол кездегі жұмысшы тұрмысының ауыр көрністерін.

Жұрттың тасап қалды деп қудалауы, көрсетуі бойынша Сәбит ақыры майдан жұмысынан алынады. Онда барып, Рига маңында жұмыс істеп тұрады. Сонан ол 1917 жылы, Ақпан төңкерісінен кейін қайтады.

Сәбит «Бостандық» деген өлең жазып, осы Ақпан буржуазиялық-демократиялық қуанып қарсы алады.

Сәбит 1917 жылы, май айында Семей қаласына келеді. Сондағы мұғалімдер дайындайтын үш айлық курсқа түсіп, оқиды; екінші жағынан «Сарыарқа» редакциясында экспедитор болып қызмет істейді.

Мұғалімдер курсы Сәбиттің оқу, білім дәрежесінің көтерілуіне, мәдениетінің өсуіне едәуір себеп болады. Сәбит осы курста жүргенде аз да болса орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетімен таныса бастайды. Осы кезде Сәбит біраз өлеңдер жазады «Сарыарқа», «Абай» газет, журналдарына қатысады.

1919 жылы Сәбит өз еліне – Ақсу болысына қайтады. Сонда барып, халық ағарту жұмысымен шұғылданады. Әкесінің шаруалығына қарасады. Үйленіп өз семьясын құрады. 1920 жылы Сібірде, сонымен бірге Семей Павлодар жағында Колчак, үкіметі құлап, оның орнына Кеңес өкіметі орнаған кезде Сәбит Павлодар қаласына барады. Уездік төңкерісшіл комитеттің тапсыруы бойынша аудандық аудандық сот болып қызмет істейді. Бұл кезде Сәбит өлең жазуды қойып кетеді.

Сәбит 1924 жылы Семей қаласына келеді, сондағы губерниялық қазақ газет басқармасында – «Қазақ тілі» газетіне қызметке тұрады, газетте өлеңдері, фельетондраы, мақалалары үнемі басылып тұрады.

Семейде бұрыннан келе жатқан Қазақстанды зерттеу қоғамы болады, 1929 жылы қазақтың пролетариат, шаруа жазушылары ұйымының губерниялық бөлімі ашылады. Сәбит екінші жағынан осы ұйымдарға мүше болады.

Сәбит газет қызметкері ретінде де, жазушы ретінде де жұмысты өте жақсы істейді. Сол үшін газеттің он жылдық мерекесінде ол сыйлық алады. Бірақ бұл жылдары аурулы болып, өзінің және әйелінің денсаулығы нашарлаған соң, 1930 жылы Сәбит газет қызметінен шығып, өз еліне қайта оралады. Онда тағы да мұғалім болып істейді. Біраз уақыт Павлодарға барып сондағы газете қызмет істейді. 1931 жылы Семейге қайта келіп, «Қазақ тілі» – «Жаңа ауыл» газетіне қызметке кіреді.

Бұл жылдары Сәбит шығармашылық жұмысқа аса құштарлықпен ұмтылады. Қайтыс боларынан аз уақыт бұрын Аламтыға келіп қайтқан бір сапарында ол: «Енді ширайтын кез келді. Денсаулықты біраз оңдап алып, өндіріске жуық, сонымен қатысы бар жерде тұрып, белсене жұмыс істесем деген ойым бар. Жазушылар съезіне қатынасып, баяғы хатамды түзеп, күрделі шығармалар берсем деймін» деген ойға келеді.

Бірақ ол бұл үлкен мақсатына жете алмайды. Жасы да кемеліне келіп, шығармашылық ойы да толысып әдебиетімізді жасасу жолында ат салысқан шағында Сәбит безгек ауруына шалдығып, сонан 1933 жылы 23-мамыр күні 39 жасында қайтыс болады. Сүйегі Семей

қаласының Шығыс бөлігінде орналасқан мұсылмандар зиратына (татар аймағы) қойылды.

С. Дөнентаевтың өлеңдері газет, журнал беттерінде жарияланғанын айтпағанда, төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де әр кезде жинақ болып басылып келеді. Оның ертеректегі өлеңдері 1915 жылы «Уақ-түйек» атты алғашқы жинағына топтастырылады. Ал, кеңес тұсында ақынның өлеңдері өз алдына жеке-жеке жинақталып, 1935, 1956 жылдары басылып шықты.

Сәбит өлеңмен қатар бірсыпыра мақалалар, фельетондар көркем әңгімелер де жазған жазушы. Оның бұл еңбектері, кейбір әңгіме очерктері Сәбит шығармаларының соңғы жинағына кірген.

Сәбит Дөнентаевтың жазушылық сапарының екі екзеңі бар. Біз оның өлеңдерін ақынның сол жазушылық сапарының кезеңдеріне бөліп, талдаймыз сәбиттің жазушылық сапарының кезеңдері:

1) 1913-1917 жылдар арасы. Ақынның ағартушы демократ бағытта өлең, мақала жазып жүрген дәуірі.

2) 1917-1933 жылдар арасы. Ақынның Кеңес өкіметіне, кеңес идеяға келген дәуірі.

Сәбиттің төңкерістен бұрын, 1913-1917 жылдар арасында жазған өлеңдерінің мейлі тақырыбы жағынан болсын, мейлі көлемі жағынан болсын ең көрнектілері: «Заман кімдікі?», «Менің халім», «Замандастар», «Қазақтың білгендеріне», «Боз торғай», «Жер», «Қожа», «Ауырған арыстан», «У жеген қасқырға», «Қиялым», «Балалықты сағыну», «Үміт», «Тлап», «Жұмыскердің өкініші», «Жарық ағаш», «Сұңқар мен қарғалар», «Жамила қыз», «Өгей ұл», «Екібаста», «Бұлбұлға», тағы басқалар.

Сәбит төңкерістен бұрын, 1913-1917 жылдар арасында жазған өлеңдерінде мынадай негізгі, маңызды тақырыптарды сөз етеді. Сәбит бұл өлеңдерінің біразында қазақ еңбекші бұқарасының сол кездегі екі бірдей қанаудан – қазақтың байлары, бай-феодалдары қанауынан, патша үкіметінің отаршылдық қанауы мен капиталистік қанаудан көріп отырған ауыр азабын, мейлі саяси-шарушылық жағынан болсын, мейлі мәдени – ағарту жағынан болсын түрткі, теңсіздік қысым көріп отырғанын, теңдік, бостандық, бақыт жөніндегі ойын, арманын суреттейді.

Сәбит өлеңдері саяси, азаматтық лирика болып келеді. Онда табиғат, махаббат, көңіл күйі, лирикасы жоқ дерлік. Табиғат, махаббат, көңіл күйі лирикасы ақынның тек революциядан бұрынғы өлеңдері арасында ғана бірді-екілі кездеседі. Мысалы «Жүреке», «Қаламға», «Жаз», «Ақыл», «Ой» деген өлеңдері.

Мұхаметжан Сералин (1871-1929).

Сералин Мұхамеджан – жазушы, ақын, публицист, журналист.

Қостанай облысы Қарабалық ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген. Троицкідегі медреседе оқып, Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген. 1911-1915 жылдары Троицкіде «Айқап» журналын шығарды.

1919-1920 жылдары – «Ұшқын» газетінің қызметкері. 1921-1922 жылдары – Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару комитетінің төрағасы. 1922-1923 жылдары – Қостанай губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары. 1923-1926 жылдары – «Ауыл» газетінің редакторы қызметтерін атқарған.

М. Сералиннің журналистік қызметі екі кезеңге бөлінеді. 1-кезеңіне «Айқап» журналында төңкеріске дейін басылған 40-қа жуық мақалалары жатады. 2 кезең 1918-1928 жылдар аралығын қамтиды, бұл кезеңде «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланды.

1900 жылы алғашқы жарияланған «Топжарған» поэмасы қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар қатарына жатады. Поэмада ХІХ ғасырдың 30-40-жылдарындағы қазақ өмірі, Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыс бейнеленген. 1909 жылы жарық көрген «Гүлқашима» поэмасы әйел теңсіздігі мәселесіне арналған. М. Сералин Ы. Алтынсариннің ағартушылық-демократиялық идеяларын қолдады. Ол Фердоуси «Шаһнамасының» «Рүстем – Зораб» бөлімін В. Жуковский нұсқасынан, сондай-ақ А. Сорокиннің «Жусан» повесін қазақ тіліне аударған.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қоғамдық ғылымдар маркстік-лениндік методология мен партиялық принциптердің үстемдігінен арылып, өркениеттілік ұстанымдарға негізделген методологияның арнасына түсті. Соған орай ХХ ғасыр басындағы ұлттық саяси элита өкілдерінің өмір жолы мен қызметіне қатысты объективті пікірлер айтылып, тұжырымдар жасала бастады. М. Сералиннің мұрасы мен қоғамдық-саяси қызметіне байланысты зерттеулер жүргізудің қарқыны арта түсті. Белгілі әдебиетші-ғалымдар Ү. Субханбердина мен С. Дәуітовтың құрастыруымен «Айқап» журналына еңген мақалалардың жинағы жарық көрді. Осы жинақта «Айқап» журналының редакторы М.Сералинге қатысты объективті пікірлер білдірілді. Заңгер-ғалым Қ. Ыдырысовта М. Сералиннің шығармалар жинағын құрастыру бағытында жұмыстар жүргізіп, 2002 жылы М. Сералиннің мақалалары мен публицистикалық шығармалары, поэмалары мен аудармалары енген кітапты жарыққа шығарды. Осы жинаққа «Ұлт тарихындағы ұмытылмас есім» деген

тақырыпта алғы сөз жазған Қ.З. Ыдырысов мынадай орындағы пікір білдіреді: «Еліміз тәуелсіздік алып, ұлтын егемендікке жеткізу жолында құрбандыққа болса да, ар жолынан таймай беделін биік, абыройын жоғары ұстап, халыққа қызмет етудің үлгісін көрсеткен әрбір Алаш азаматы өмірінің мемлекетіміз үшін қайталанбас құндылық болып табылатынын түсіну, М. Сералин шығармашылығын зерделеуге жете мән беруімізді талап етеді».

Белгілі әдебиетші-ғалым С. Ергөбек М. Сералиннің шығармашылығына байланысты «Қайраткер-қаламгер Мұхамеджан Сералин» атты еңбегін 2004 жылы жарыққа шығарды. Бұл еңбекте М. Сералиннің мұрасы үш топқа бөлініп қарастырылды. Бірінші бөлімде – қайраткердің әдеби мұрасы, екінші бөлімде – публицистикалық мұрасы, үшінші бөлімде – аудармалары. Автор М. Сералиннің шығармалары мен аудармаларын зерделеумен шектелгенімен зерттеулерге мынадай құнды ой-пікір білдіреді: «Жаңаша бағалап-бағамдауды қажет ететін тұлғаның бірі – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі, қоғам қайраткері – Мұхамеджан Сералин. Бұған дейінгі зерттеулерде М. Сералин коммунист ретінде мадақталып, кейбір түрікшілдік, исламшылдық пікірлері не бүркемеленді, не қателік ретінде саналды. М. Сералин қазақ мәселесінде ұлтшыл, тұтас түрік жұрты жөнінде түрікшіл, тіпті исі ислам бірлігін аңсаған азамат. М. Сералинді исламдық, түрікшілдік, ұлтшылдық көзқарасы үшін сынау қате. Бұл – М. Сералин дүниетанымынан туған көзқарасы, наным-сенімі, шығармаларында ту етіп ұстайтын темірқазық идеясы».

М. Сералиннің қаламгерлігі тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиетшілеріне ғана емес, өзбек әдебиетшілерінің де назарына ілінді. Өзбек әдебиетші-ғалымы О. Шарафуддинов өзбек ақыны, әрі жазушысы Шолпанның шығармалар жинағына «Әдебиет жасаса – ұлт жасайды» деген тақырыпта алғы сөз жазып, онда М. Сералиннің шығармашылығына да назар аударады. Оның пікірінше, М. Сералиннің «Тіл мен әдебиет халықтың рухы» деген ұстанымы өзбек қаламгеріне, соның ішінде Шолпанға да елеулі ықпалын тигізген.

Қазақ тарихшыларының 1991 жылдан бергі еңбектерінде де М. Сералинге қатысты тың ой-пікірлер білдірілуде. Көрнекті тарихшылар К. Нұрпейісов пен М. Қойгелдиевтің алаш қозғалысына байланысты жазылған еңбектерінде М. Сералинге және оның жетекшілігімен шыққан «Айқап» журналына байланысты тың тұжырымдар бар. К. Нұрпейісов: «Қазақ зиялылары халықтың қалың бұқарасын туған өлкені қайта құрып, түрлендіру ісіне жұмылдыруда ұлттық газеттер мен журналдар, поэзиялық жинақтар мен көпшілікке арналған әр алуан тақырыптар бойынша жинақтар шығарудың маңызын жақсы

түсінді. Қазақтың ұлттық баспасөзінің толыққанды алғашқы екі басылымы 1911 жылы дүниеге келді», – дей отырып, бұл істегі М. Сералиннің қайрат-жігеріне назар аударады.

Деректанушы-ғалым Қ. Атабаевтың еңбегінде М. Сералиннің қазақ баспасөзін шығару ісіндегі қызметіне назар аударылған. Автор М. Сералиннің 1906 жылдан бастап қазақ баспасөзін шығару жолында әрекеттенгенін, бірақ қайраткердің ондай әрекеттері сәтсіз аяқталып отырғанын негіздеумен қатар, қайраткердің «Айқап» журналын шығару жолында сіңірген еңбегін нақтылы деректермен дәйектейді. Сондай-ақ автор «Айқап» журналының XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының дерек көзі ретінде қарастырып, М. Сералиннің бұл басылымдағы мақалаларын деректанулық тұрғыда талдауға алады.

М. Сералиннің қоғамдық-саяси қызметінің кейбір қыры Башқортстан мен Қырғызстан ғалымдарының еңбектерінде де көрініс табады. Башқортстандық ғалым Л.С. Тузбекованың еңбегінде М. Сералиннің Уфадағы «Ғалия» медресесінің ұстаздарымен және шәкірттерімен байланысы мәселесі қарастырылған. Автордың көрсетуінше М. Сералин «Ғалия» медресесінде оқыған шәкірттер арасына «Айқап» журналын насихаттап, шәкірттердің біразын осы журналға тілші ретінде тартқан. Л.С. Тузбекованың бұл мәліметін қырғыз ғалымдары Э. Манаев пен А. Османкулов та нақтылай түседі. Бұл авторлардың кітабында XX ғасыр басындағы қырғыз ағартушысы И. Арабаевтың М. Сералинмен тығыз байланыс орнатып, «Айқап» журналында қырғыздардың сол тұстағы өміріне, тыныс-тіршілігіне қатысты мақалалар жариялағаны айтылады.

Батыс зерттеушілері А. Беннингсен мен Ш. Ламарсье – Келькежейдің еңбегінде М. Сералиннің келбеті қазақтың көрнекті журналисі ретінде беріледі. Сондай-ақ М. Сералин «Айқап» журналы қазақтар арасындағы ұлттық қозғалысқа дем берді деп түсіндіріледі. Мұндай пікір С. Зенковскийдің еңбегінде де көрініс тапқан.

Мұхаметжанның қазақ тілінде журнал шығару жөніндегі ізгі ойы 1911 жылы жүзеге асты; сол жылы қаңтар айынан Троицкі қаласында «Айқап» журналы шыға бастады. Оның шығарушысы да, редакторы да Мұхамежан Сералиннің өзі болды.

М. Сералин «Айқап» журналын шығарып тұрумен бірге, Троицкідегі қазақ оқушылары арасында тәлім-тәрбие жұмыстарын да жүргізеді. Бұл кезде Троицкіде «Узифа» медресесі, ер балалар, қыз балалар гимназиялары бар еді. Оларда қазақтан бірсыпыра жастар оқушы еді. Мұхаметжан оқта-текте сол оқушы жастардың басын қосып, оларға қазақ халқының тарихы, сол кездегі хал-жайы, болашағы туралы баяндамалар жасап, лекциялар оқып жүреді.

«Айқап» журналы 1915 жылы, қыркүйек айында жабылды. Журнал жабылған соң, Мұхаметжан біраз уақыт сол Троицкіде орыс тілінде шығып тұратын «Степь» газетінің редакциясында қызмет істейді. 1916 жылы өз аулына көшіп кетеді. 1919 жылдың басына дейін сонда тұрады.

Мұхаметжан Сералин «Айқап» журналында халықты отырықшы болуға, егін шаруашылығымен айналысуға көп насихаттаған еді. Еліне келген соң ол өзінің осы насихатын жүзеге асыруға әрекет істейді: өз ауылын, өзінің тілін алған ауылдарды жинастырып, Аксор деген өңірден жер кестіріп алып, белгілі жоспар бойынша поселке салдырады; оған Сералы поселкесі деп ат қояды.

Мұхаметжан Сералиннің бізге жеткен әдеби шығармалары сонша көп емес. Небары үш поэма: 1) «Топжарған», 2) «Гүлкәшима», 3) «Рүстем-Зорап» (аударма); бес-алты өлең («Бай, патша һәм кедей», «Бай, қасқыр, аңшы», «Ленин», «Жоқтау»), бір очерк, бір әңгіме «Жусан» (аударма), «Қайғылы қара күн».

Кейбіреулердің айтуына қарағанда, Мұхаметжан Сералиннің Қазан төңкерісінен бұрын жазған «Бай, патша һәм кедей», «Бай, қасқыр, аңшы» деген өлеңдері басқа жүзін көрмеген; тек гектограф арқылы көбейтіліп, ел арасына қолдан-қолға таратылған; олар байлардың зұлымдығын әшкерелейтін мысал өлеңдер болған. Ал ақынның басқа әдеби шығармаларының бәрі де өз кезінде газет, журналдарда және кітап болып басылған.

Мұхаметжан Сералиннің бірінші поэмасы – «Топжарған». Ол 1900 жылы Троицкіде бөлек кітап болып шықты. 1903, 1907, 1915 жылдары қайта басылды. 1936 жылдан бері орта мектептерге арналып шығып жүрген әдебиет хрестоматиясында үнемі басылып келеді.

«Топжарған» поэмасының тақырыбы қазақ халқының өмірінде ХІХ ғасырдың отызыншы, қыркыншы жылдарында болған оқиғаға байланысты: Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа байланысты.

Автор поэмасының басында Кенесарының және оның маңына жиналған топтық кәсібін, іс-әрекетін былай суреттейді.

Поэmanın бас кейіпкері жас Адай жігіт өз елінен ғашықтық жөнімен немере ағасын атып өлтіріп, қашын шығады; бір-екі жыл Теке маңын, Жайық бойын кезіп жүреді; тама, шекті, шеркес руларын аралайды. Ұрлық істеп күн көреді. Осылай жүріп кейіпкер бір күні Кенесарының шекті руына мал ұрлау, ел талауға келген үш жігітіне кез болады. Олар адай жігіті ұйықтап жатқанда ұстап алып, атымен тұтқын олжа етіп Кенесарыға алып барады.

Хан алдына барғанда жортуылшы жігіттер мақтанады: тұтқын жігітті қуып жетіп ұстадық, ат үстінде сайысып жөніп, байлап-матап

алдық дейді. Адай жігіт мұның бәрі жалған екенін, ұйықтап жатып қолға түсіп қапы қалғаныш айпады.

Сонда жортуылшы жігіттер ханға тұтқынның сиықсыз, жаман, жауыр атын әкеп көрсетеді. Хан тұтқын жігіттің әлгі сөзіне сенбей және шын жүйрікті тани алмай, оған ертең осы атыңмен қашып көр деп қаһарланады хан.

Поэмада, мұнан ары, қашқалы тұрған тұтқын жігіттің қалпы суреттеледі. Ол жалаңдап тұрған қанішерлердің найзасының ұшында тұрмын деп сезінбейді. Салмақтана түседі. Өтетілеудің күміс шақшасын сұрап алып насыбай атады.

Кенесары жігіттерінің бірі де қашқанның шаңына ілесе алмай қалады. «Пері ме, адамзат па, шайтан ба», – деп, ертеңіне жиналған топ қашқан жігітті әңгімелеп отырғанда, ол есіктен сәлем беріп, кіріп келеді. Өтетілеудің шақшасын өзіне кайырып береді. Кенесары жігіттен оның кім екенін сұрайды. Жігіт оған өзінің әлгі тарихын баяндайды. Ақырында ол өзінің сол өңірге Кенесарыны іздеп келгенін айтады. Өз ықтиярымен Кенесары тобында қалады.

Поэманы оқып шыққанда Кенесары төңірегіндегілер ұры-қарылар, ел тонаушылар, кісі өлтірушілер еді, кісі өлтірген, елінен қашқан ұры жігіт сол ұрылар, кісі өлтірушілер, ел тонаушылар тобына қосылды деген пікір айқын аңғарылады. Поэманың негізгі идеясы да – осы. Хан төңірегіндегі жігіттер шығармада әшкерелене сынай баяндалады.

Поэманың әр жерінде Кенесары мен Наурызбай жөнінде хан, мырза, батыр деген сияқты мадақ сөздер кездеседі.

Мұхаметжанның екінші поэмасы «Гүлкәшима» (1903) қазақ халқының сол кездегі өмірінен алынып жазылған реалистік-романтикалық, сюжетті поэма. Оның негізгі идеясы – адамның бас бостандығы, әйел теңдігі; ізгі тілектеріне жете алмай арманда өткен екі жастын, бір-біріне шын ғашық қазақ қызы Гүлкәшима мен қазақ жігіті Баймағамбеттің әңгімесі.

Поэма үш бөлімді: бірінші бөлімі – жазушының көрген-білген бір оқиғасы; екінші бөлімі Гүлкәшима мен Баймағамбеттің ғашықтық әңгімесі; үшінші бөлімі автордың қорытындысы.

Бір жылы ақын Қостанайда болған Покров жәрмеңкесіне барды; бара жатып жолда Тілеуберген деген шалдың үйіне қонады. Тілеуберген Сыр бойынан көшіп келіп отырған жалғыз үй: кемпір-шал екен, тек Баймағамбет деген жалғыз баласы ғана бар екен. Ақын қонған күні бала бір жаққа кетіп, келмей қалады. Жәрменкеде бірнеше күн болған соң, ақын бір күні Тобыл бойында бір кісі өзін-өзі бауыздапты деген хабар есітеді.

Сұрастыра келсе, ол әлгі кемпір-шалдың баласы Баймағамбет болып шырады. Қазақ әдетінше бата оқып, көңіл айтайын деп қайтарда ақын Тілеубергеннің үйіне тағы келеді. Кемпір-шал қатты қайғылы; баласының ақын екенін, білімді екенін айтып, сандықтан оның оқыған кітаптарын, жазған өлеңдерін алып көрсетеді.

Ақын кемпір-шалдан Баймағамбеттің өлең жазған дәптерін сұрап алып кетеді. Келесі жылы барып Баймағамбеттің моласын көреді.

Тобылдың суы терең, жары биік,
Қорғалар алабында қашқан киік.
Басында биік шыңның тамды мола,
Молаға шоқ тал біткен басын иіп.
Басына көк тас қойған жылын айтып
Марқұмның қабырдағы сырын айтып, –

дейді. Тастағы жазуды келтіреді. Ақырында, автор:

Міне, мен көргенімді айтып болдым,
Неше күн қалам алып бейнет көрдім.
Сандықтан шыққан дәптер, қалтада өлең.
Барлығын тіркей жазып қисса қылдым...
Қиссаға «Гүлкәшима» есім бердім,
Бір ғибрат заманға бола ма деп,
Қызыл гүл тау аралап, тастан тердім, – дейді.

Мұхамеджан Сералин 1929 жылы мамыр айында қайтыс болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 ж. қазанның 28 (ескі стильмен 15 қазан) қазіргі Ақмола (бұрынғы Көкшетау) обл. Қызылту ауданында дүниеге келген. Әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) (1856-1930) аздап сауатты, кедей, тура сөйлейтін адам болған. Шешесі Зүппен өте ақылды, өсек-аяңға араласпайтын әдепті болған екен. Тұңғышы Сұлтанмахмұтты Мақыш, Мақыжан деп ерткелеткен екен (алғашқы биограф Ж. Аймауытов. «Торайғырұлы Сұлтанмахмұт», А., 1933) Сұлтанмахмұттың екі жас кіші інісі Байқоңыр (Бәшен) дүниеге келген соң көп ұзамай шешесі Зүппен қайтыс болады да, әжесі Монтайдың қолында тәрбиеленеді.

Әкесі Шоқпыт 1896-1897 жж. ата қонысы Баянауылға көшіп келіп, бабасының атындағы Торайғыр көлінің жанынан қоныс тебеді. Торайғыр ақынның төртінші атасы Торайғыр найзагер батыр, әділ би ретінде қазақ ішінде, Сарыарқада танымал болған.

Сұлтанмахмұттың балалық шағы Баянтауда өтеді. Ол туралы Ж. Аймауытов жақсы айтады (Ж. Аймауытов. «Торайғырұлы Сұлтанмахмұт», А., 1933).

1900 ж. Шоқпыт Бибіш дегенге үйленіп, Махмұт пен Бәшен ендігі жерде осының қолында тәрбиеленеді. Алдымен сауатын әкесі Шоқпыттан ашып хат таныды. Содан кейін әртүрлі молдалардың алдын көреді: 1902-1903 жж. Әлі, 1904-1905 жж. Тортай, 1906-1907 жж. Мұқан деген молдалардан оқиды. Өз өлеңінде былай дейді:

Әкемнен әліп, биді үйде оқыдым,
Үйреніп намаз, сабақ жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл
Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс алған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, қампия тоймас қарын.
Мұқаннан екінші жыл сабақ алдым,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң,
Лепес қып өзі бастан ақын бол деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған.

Осылардың ішінде Мұқан, Нұрғали деген ұстаздары ақын өміріне ерекше із қалдырған. Мұқан - жаңаша «жәдид» оқуын жақтаған көзі қарақты ұстаз болған.

Нұрғали - Троицк медресесін тәмамдаған, «услу жәдид» жүйесін негізге алушылардың бірі. Тарих, жағрафия, математика пәндерінен дәріс берген, жеке кітапханасы болған, баспасөзбен байланыс жасап отырған, ақындық өнерді пір тұтқан.

Нұрғалидың кеңесімен Махмұт оқу іздеп Троицкіге аттанады. Бұл 1912 ж. 9 қыркүйегі (Жүсіпбек Аймауытов) бір ай жүріп Омбы арқылы отарбаға мініп әрең жетеді.

Сұлтанмахмұттың ақын, публицист болып қалыптасуына Троицкі кезеңінің айрықша мәні бар. Троицкі сапары туралы «Айқап» журналының 1912 ж. №14 санында былай деп жазады: «Сол кезде Троицкі шаһарында алты мешіт, үш медресе жұмыс істеген: «Медресе Мұхамедия», «Медресе Расулия» және «Медресе Рахманқұлия». Махмұттың оқығаны соңғысы. Сондай-ақ үш жастар қоғамы болды: «Мейірімділік қоғамы», «Музыка және драма», «Білім тарату қоғамы» болды. Махмұт осы ортада қалыптасты.

Оқуда жүріп Махмұттың сырқаты сыр бере бастайды; өкпе ауыруы, 1913 ж. көз ауыруына шалдығып, дәрігерлер оқуға, жазуға тиым салады.

1913 ж. жазында Троицкі маңындағы қазақ ауылдарында бала оқытып, күзде қалаға қайтып оралады.

1913-1914 жылдың қысында осында шығып тұрған «Айқап» журналында хатшы қызметін атқарады.

Журнал редакциясынан шыққаннан кейін 1914 ж. жазында туған еліне оралады да жастарды оқуға, мәдениетке үндеу мақсатымен «Шоң серіктестігі» ұйымын ашады. Ұйымның мақсатын ақынның немере інісі Шәймерден Торайғыров былай жеткізеді: «Нашарларға, соның ішінде шамасы жоқ кедей оқушыларға жәрдем көрсету, олардың оқу жолына қаражат бөліп тұру, газет-журналдар алдырып, кітапхана ашу, ақын-жазушылардың шығармалары болса соларды бастыру т.б.»

Серіктестік ұйымдастыру қолдау таппаған соң, 1914 ж. күзінде орысша оқу мақсатымен Семей қаласына келді. Семейде ұзақ тұруға жағдайы көтермей Әбдікәрім Ережепұлы деген ауқатты адаммен жолығып, онымен бала оқытуға келісіп Қатонқарағайға сапар шегеді.

Сол кездегі Қаратай елінің (қазіргі ШҚО, Қатонқарағай) болысы Әбдікәрім Ережепұлы 1907 жылы Шыңғыстай ауылынан төрт кластық мектеп ашады. Сұлтанмахмұт осында мұғалімдік қызмет атқарады. Қазірде бұл мектеп С. Торайғыров атымен аталады. Профессор С. Аманжолов осы мектептің түлегі Қатонқарағайда ақын орыс тілінің мұғалімі Михаил Григорьевич Комаревпен достасып, орысша үйренеді.

Әбдікәрімнің Бағила деген қызына ғашық болады. Бірақ қыз әкесі біліп қойып, аттастырған жеріне Бағиланы ұзатып жібереді. Кейін Қатонқарағайдан Зайсан қаласына келіп, Құрбанқажы деген болыстың аулында 1915-1916 жж. бала оқытады. Осы жақта жүріп «Кім жазықты» романын жазады.

1916 ж. Семейге келіп мұғалімдер семинариясына оқуға түспек болады. Бірақ, оқу басталмай Баянға жүріп кетеді, бұл жердегі дүрбелеңді (қазақтарды әскерге алу көтерілісі) көреді де Семейге қайтады, семинарияға түсе алмай, 1916 ж. қазан айында Томск қаласына жол жүреді.

Томскіге ақын екі мақсатпен барады: сырқатын емдету, орысша оқуға түсу. Іздеп барған адамы Әлімхан Ермеков Томск технология институтының студенті, кейін тұңғыш қазақ математика ғылымының профессоры, 1935 Қызылордада оның «Ұлы математика курсы» атты еңбегі жарияланады. Томскіде Махмұт орысша даярлық бөлімінде ғана оқиды. Мұндағы өмірі де таршылықта өтеді. Емделуге Ә. Ермеков қаражат беріп көмектеседі: «Ол бір қыстың ішінде орыс тілі грамматикасын, әсіресе синтаксисі мен этимологиясын меңгеріп алды. Орысша жақсы сөйлемегенімен жазуға, ұғынуға келгенде өте болып шықты». (Ә. Ермеков).

1917 ж. 27 ақпан Ресей буржуазиялық революцияны жеңген соң, 10 наурызда Семейге келіп жетеді. Осыдан бастап ақын өмірінің «алаштық» кезеңі басталады. Семейде ұйымдасқан қазақ комитетінің кіші хатшысы қызметін атқарады.

1917 ж. «Алаш» партиясы құрылып, Ұлттық автономия құрамыз деген қазақ зиялыларының ұсынысын Махмұт та қолдап, «Алаш ұраны», «Таныстыру» атты шығармаларын жазады. Семейде ақын сол кездегі оқытушылар семинариясының студенті Қ.И. Сәтбаевпен танысады. Ауруы асқынған ақынға Семейде Турағұл Абайұлы мен Мұхтар Әуезов Шыңғыстауда Медеу ауылында қымызбен емделуге кеңес беріп сонда жібереді.

1918 ж. сәуірде Медеу ауылынан Семейге келіп, мамыр аяғының соңында Баянға оралады. «Адасқан өмір», «Кедей» туындылары осында жазылады.

Ж. Аймауытов дерегі бойынша, елінде жүргенде, 1918 ж. жазында Мәлика деген мұғалім қызға ғашық болған, бірақ үйлене алмайды. Ақын 1920 ж. 21 мамырында көз жұмады.

Шығармалар: 1912-15 жж. «Айқап» журналына жарияланғандары: «Құрметті басқарушы», «Бұлар кім?», «Қазақ тілінде оқыту жайы қалай?», «Өлең һәм айтушылар», «Басқарушы мырза», «Өтініш», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қымыз» т.б.;

Сондай-ақ «Қазақ» газетінде: «Міне, алақай!», «Жазықсыз тамған қан», «Февраль», «Жалытау баба».

«Сарыарқа» газетіне шыққандары: «Жас жирен», «Сарыарқаның жаңбыры», «Шәкірт ойы» (1917, 3 ноябрь), «Алаш ұраны» (1917, 13 ноябрь);

«Абай» журналына басылғандары: «Абай», «Неге жасаймын», «Ескі сөз», «Ақнайман», «Ойсынбай».

Кітап болып шыққандары: Адасқан өмір. Қазан, 1922 (Адасқан өмір, Кедей, Айтыс); Толық шығармалар жинағы, Қызылорда, 1933 (Жүсіпбек); «Кедей», А., 1922; Адасқан өмір, А., 1944; Таңдамалы шығармалары. А., 1950, 1957 (Б. Кенжебаев) ; Избранное, А., 1958; Шығармалары, II томдық, А., 1967; Избранное, А., 1971; Огонек в степи М, 1979; Стихи и поэмы. А., 1989; Сарыарқаның жаңбыры, екі томдық, А., 1987; Таңдамалы, 2 том, А., 1993

Лирикасы: Сұлтанмахмұттың әдеби мұрасын түгелдейтін болсақ, қысқа өмірінде 110-нан артық өлең, 5-6 поэма, 2 роман, 7-8 мақала, очерк жазған. Өлең жазуды 1907 жылдан қолға алып, алғашқы шығармалары 1913 ж. бастап баспа бетінен көріне бастады. Атап айтқанда, 1913 ж. «Айқап» журналында ақынның «Түсімде» өлеңі жарияланды.

Тақырып жағынан алғанда ақын өмірдегі алуан түрлі: өзі өмір сүрген дәуірдің шынайы өмірін көрсету арқылы тақырып ауқымы да байып отырды.

Ақынның алғашқы жазған өлеңінің бірі – «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп басталатын өлеңі. Бұл өлең жайында ақынның інісі Шәймардан Торайғыров естелігінде айтып өтеді. Шәкіртінің өлеңіне риза болған Мұқан молда: «Міне, жарайды, қандай жақсы өлең! Бұл алғашқы бастама, тырнақалдың ғой... Енді осы жазғаның жазған. Бірақ, зорланып жазба, шабытың келгенде жаз», – деп кеңес берген екен.

Бұл өлең ақындық өмірбаянның беташары сияқты:

Қаламды шын беріліп алдым берік,
Әлдеқандай бір күшке көңіл сеніп.
Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын серік
Сондықтан бір мақсатым өлең жазу,
Оқуменен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы ойыма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде азу.

Бұдан басқа 1907 ж. жазған алғашқы өлеңдерінің қатарына «Қайқы құйрық шұбар қыз, істік мұрын» және «Таңқы мұрын, быртиған қара бұжыр» атты екі өлеңі. Бұл өлеңдер ең алғаш рет Шәймардан қолжазбасынан алынып, 1950 ж. жарияланды. Бірінші өлеңі ерке-шолжаң бай қызының портреті, сыртқы формасын сқақтаса, екіншісінде бай қызын әйелдікке алмақшы болған бір дәулетті адамды мазақ етеді.

Осы алғашқы өлеңдерінен-ақ Махмұттың ақындығы анық байқалады, қоршаған ортадағы көрген жайттарды шынайы қалпында суреттейді, яғни сыншылдық, сатира басым.

1908-09 ж.ж. жазған өлеңдері «Орнымыз медресе оқып жатқан», «Күншіл ақ кірпік», «Қ...ға сәлем», «Жан қайда әділетті іздейтұғын», «Бір адам көп жасады жер бетінде» деп аталатын өлеңдері.

«Орнымыз медресе...» өлеңінде оқу, өнер, ғылым жайындағы жас шәкірттің (ақынның өзі) тебіренісі, жай-күйі айтылады. «Жан қайда әділетті іздейтұғын» өлеңінде әділеттілікті, адамгершілікті сөз етеді, байлыққа құныққан молданы сынады.

Әлеуметтік теңсіздікті жырлаған «Байлық», «Кедейлік», «Жарқынбай», «Әйел», «Түсімде көрген бір аяныш хал» өлеңдері 1910-12 ж.ж. жазылған.

«Байлық», «Кедейлік» өлеңдерінде сол тұстағы қазақ тұрмысындағы қатал шындық-әлеуметтік теңсіздікті даралап көрсетпек болады. Байлық пен кедейлікті саралап айырып көрсетеді.

Ақынның «Дін», «Намаз», «Жұмақ», «Дозақ», «Ораза», «Зекет», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Некеқияр», «Мағынасыз мешіт» өлеңдері аттарынан аңғарылып тұрғандай дінге, дін өкілдеріне қатысты сыни өлеңдері. Бұл өлеңдердің барлығы 1910-12 жж. жазылған, сол кездің өзінен ақынның дінге деген көзқарасы анық көрінеді. Діни уағыздың ел өміріндегі зор кесапат екендігін айтып, ежелгі надандықтың кесірі деп түйіндейді.

Ағартушылық идеяны көтерген өлеңдерін ақын 1911-12 жж. өндірте жазды. «Оқу», «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға», «Оқуда мақсат не?», «Анау-мынау», «Бір баланың тілек батасы» өлеңдері Сұлтанмахмұттың жеткен биігі деуге болады.

«Оқып жүрген жастарға» өлеңінде ақын білімді халқына қызмет ететін азамат болу мақсатындағы лирикалық кейіпкер сезімін жеткізеді. «Бір баланың тілек батасы» лирикасында ақын басты мақсатын, ұстанған идеясын былай жеткізеді:

Оқыт бізді, әкетай!
Қам көңілім болсын жай.
Надандықтан құтқарып
Қуанта көр құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып,
Уанта көр құдай-ай!

Дінді, дін өкілдерін өлердей сынаған (әрине қадимшілерді) ақын енді білім іздеуде құдайға жалбарынады. Өлеңде білімді мақсат тұтқан бала арманын шеберлікпен, шыншылдықпен жеткізеді. «Оқуда мақсат не?» өлеңінде ақын сұрақ қою арқылы бүкіл қазақ халқының тағдырына қатысты жайды көтереді. Мақсат не? Хатия мен мантық шайнап медреседе жату ма? Әлде, молда атанып төрде отыру ма? Немесе тілмаш болып жем табу ма? Не болмаса, өнер, білім алу ма? Осы сұрақтарға жауапты өзі береді. Ол – «Өнер білім алу, алға қарай жүру»

Ақынның 1913-14 ж.ж. жазған «Қандай басшы», «Түсімде», «Бұлар кім», «Қымыз», «Ендігі бет алыс» өлеңдерінде саяси-қоғамдық тақырыпты қозғайды. Әлеуметтік, ұлттық теңсіздікті көтереді.

Осы кездері жазған өлеңінің бірі – «Бір адамға» (1914 ж.) – сыншыл реализмді меңгерген жазушының алғашқы құнды дүниесі сатираны үлкен эпикалық шығарманы қамтитын оймен жеткізеді. Шығарманың түйіні:

Қолыма кесені алып қарай бердім,

Ішінде нахақ көзден жас бар ма деп, өз заманындағы әлеуметтік теңсіздікті сынай отырып саяси философиялық ой қорытады.

Сұлтанмахмұттың махаббат, сүйіспеншілік тақырыбындағы өлеңдеріне «Келді хатың мен шаршап», «Алты аяқ», «Жанқалқам», «Орамалға», «Жүрегім тулап шабасың» лирикаларын жатқызуға болады. Бұл өлеңдер 1914-15 жж. Қатонқарағай, Зайсан жағында жазылған. Аталған өлеңдерінде қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді көтеруден гөрі махаббат, сүйіспеншілік, интимдік сырларды шерту молырақ.

Сұлтанмахмұттың ерекше атап өтетін өлеңінің бірі – «Алаш ұраны», яғни Алашорданың гимні, 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін жазылған. Ақын Ақпан революциясын құшақ жая қарсы алады, патшаның тақтан құлауын бостандыққа жеттік деп ұқты.

Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған
Елімізді айдаған
Жерімізді шимайлаған
Өшті залым қарасы
Жасасын, алаш, жасасын!

«Жасасын алаш, жасасын» референі арқылы өзінің қуанышын жеткізеді, автономия алу, жеке ел болу идеясын қуаттайды. Бұл ең алғашқы жазылған Алаш гимні.

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!
Жасасын алаш, жасасын!

Ақынның саяси көзқарастағы, саяси өмірдегі күрделі мәселелерді қозғаған, әлеуметтік сан-саланы жәйттерді көтерген өлеңдері де осы 1917-18 жж. жазылды. Олар: «Жас жүрек», «Неге жасаймын?» өлеңдері.

«Сарыарқаның жаңбыры» (1917) өлеңінде ақынның көтергені – бостандық мәселесі. «Жаңбырды» символдық белгі ретінде ала отырып 1917 ж. ақпандағы революцияны қурап, күйіп кеткен далаға жан бітірген жаңбырға теңейді.

Сұлтанмахмұттың өлеңдерінің көпшілігі саяси лирикаға жатады, тіпті табиғат, көңіл-күй, махаббат лирикасы деп шартты түрде топтағанның өзінде бұлары әлеуметтік өмірге, саяси мәселеге қарай бұрыла береді. Мәселен, махаббат лирикасы деп жүрген «Альбомнан», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Жан қалқам», «Орамалға»,

«Күншіл ақ кірпік», «Қ...ға сәлем»; табиғат лирикасына жататын «Гүл», «Жапырақтар», «Кеш», «Жазғы қайғы», «Жылы кеш», көңіл-күй деп атап жүрген «Көңілді көндіретін тағдыр», «Тұрмысқа», «Жақсылық көрсем өзімнен», «Туған еліме», «Алты аяқ», «Көңілім неге жасисың» т.б. барлығының да астарында саяси-элеуметтік мәселелер жатыр.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінің көркемдігіне келсек, өлеңдерінің, жалпы шығармаларының тақырыптары барлығы қазақ халқының революциядан бұрынғы, революция тұсындағы өмірі, шындық өмір, сол кездердегі қазақ халқының қоғамдық өмірінің, дүниетанудың салт-сана, әдет-ғұрып, мінезін сол қалпында көрсету, кемшілігін әділ сынау болып келеді.

Лирикалық өлеңдері ұзақ сонар, көлемді, поэмаға, эпикалық жанрға жуық келеді. Мәселен, «Тұрмысқа» – 65 жол, «Зарлау» – 84 жол, «Алты аяқ» – 44 жол т.б.

Бұлардың бұлайша ұзақ болуының басты себебі жоғарыда айтып өткеніміздей ақын өлеңдерінде саяси лириканың басым болуынан. Жалпы, лирика ақынның бір сәтте алған жүрек күйін, сезімін көрсететін шағын, қысқа өлең. Бұл махаббат, табиғат, көңіл-күй лирикасына тән.

Ал саяси тақырып, күрделі, қоғамның келелі мәселесінен сөз қозғайды, сондықтан өлең құрылысы өзгеріп, көлем мөлшері ұзарып кетеді. Сол себепті Сұлтанмахмұтты лирик ақын дегенде, көбіне саяси лирика жанрында жазған ақын деп қараймыз. Бұл ақынның өзіндік ақындық тәсілі, стилі деуіміз керек.

Поэмалары: Махмұт поэмалары дегенде кеңестік дәуірде «Адасқан өмір» мен «Кедей» поэмалары ғана аталып келді. Сонымен қатар барлығы 28 жол «Қайғы» поэмасының жұрнағы ғана келіп жеткен. Ақынның тағы бір екі поэмасы «Таныстыру» мен «Айтыс» кезінде аталмады. Себеп: «біріншісі – Алашорда басшыларын дәріптейтін, екінші – байшыл-ұлтшылдықты дәріптейтін» туындылар деп айыпталып келді.

«Таныстыру» поэмасы 1917 күзі мен 1918 ж. қысында ақын Абай еліне емделіп дем алуға келген кезде жазылған. Поэма ауылдың оқымаған қазағы мен қаланың оқыған зиялы қазағының бір-бірімен айтысуы, жауаптасуы арқылы өрбиді. Негізінен төңкерістен кейінгі елді бастайтын кімдер, қазақтың ел басшы серкелері бар ма, болса кімдер дегенге ақын өзінше жауап береді. Сол кездегі қазақ оқығандары, зиялылары таныстырылады. Әрқайсысына жеке-жеке мінездемелер беріледі. Ондағылар: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Ермаков, Х. Ғаббасов, Ш. Құдайбердідиев, Нәзипа

Құлжанова мен Нұрғали Құлжанов, Райымжан Мәрсеков және т.б. қазақ оқығандары таныстырылады. Осылардың ішіндегі Әлихан, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім кімдер болғаны белгілі.

Ал енді Әлімхан Ермеков деген кім? Ол – қазақтың тұңғыш профессор-математигі, Томск технологиялық институтын бітірген. Мәскеуде В.И. Ленин алдында баяндама жасаған тұңғыш қазақ, көрнекті ғалым, Г.Н. Потанин құрметтеген қазақ зиялысы. Оны Сұлтанмахмұт былай таныстырады:

Сөйлеп кетсе қозғалар бойда жаның,
Тас болса да ерітер жүрек қанын.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң ту осылай дегізер жанның бәрін.

Екінші алаш қайраткері – Халел Ғаббасов Москва университетін бітірген. Семейде «Алаш» партиясын құрған, соның ұйымдастырушысы болған. 1916 ж. патша жарлығына бағынбай, көтеріліске шығамыз дегендерді Семейде өз беделімен тоқтатқан:

Призыв себебінен білді халық,
Толқығанда тоқтатқан ақын болып.
Ығын-шығын қырғыннан өз уезін
Қалды ғой ақылменен аман алып.

Бұл жөнінде Б. Кенжебаевтың М. Әуезовтен естіген естелігі бар (З. Жұмағалиев. Құпиясы ашылған қос дастан. «Жас алаш», 1993, 7 тамыз).

Халел туралы ақын:

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп ұққан.
Айлаға қарай біліп, айла құрғыш,
Бір іске тура план құруына,
Деуге болар Семейде осы білгіш, – деген ойын білдіреді.

«Таныстырудағы» Нәзипа Құлжанкеліні Семейдегі оқытушылар семинариясында мұғалім болған. Қазақтың тұңғыш журналистерінің бірі. Аудармашы, жазушы. Ана мен бала денсаулығына қатысты жазған кітаптары да бар. Қазақ халқының тарихы, ауыз әдебиеті, тұрмыс-салтына қатысты деректер жинап, жариялап отырған:

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқығандар бағалар сөздің дәмін,
Сөз табар әр мәжілісте жарасымды.
Білмейді аса сөйлеп адасуды,
Оқыған еркектердің көбінен де
Әр ісіне ыңғайы бар жарасымды.

Келесі кейіпкер Нұрғали Құлжановта Семей семинариясында сабақ берген Сұлтанмахмұтқа семинарияға түсуге ақыл берген де осы. Нұрғали 1919 ж. ақтардың қолынан қаза тапқан:

Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлы
Қайратты кең ойлайтын сабырлы адам
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.

Поэмада ақын тек жалаң мақтап, орынсыз мадақтай бермейді. Кейбір оқиғаларды сынап – мінеп алады. Әсіресе, Мұқыш Боштайұлы, Жақып Ақбайұлы, Райымжан Мәрсековтарды көп сынады. Енді бұлар кімдер:

Райымжан Мәрсеков – Петербург университетін бітірген юрист, заңгер. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде түрлі тақырыпта мақалалар жазып тұрған. Семей облыстық Земство басқармасының төрағасы болған. Семейде қазақ комитетінде Махмұтпен бірге істеген, сондықтан ақын оның жетістік, кемшіліктерін жақсы білген:

Сондадағы жүре ме ірісінбей,
Сөз айтар ма көгеріп бір ісінбей.
Демеңіз Обломовтың жамағайны,
Нақ типі, не аға, не інісіндей.

Сондай-ақ Мұқыш Боштайұлы мен Жақып Ақбаевтарға ауыр-ауыр сөздер айтып реніш білдіреді. Өз бастарын күйттетін, халықты ойламайтын берекесіздер деп сынады. Бұларды ақын біржақты субективті көзқараста сынаған. Әйтпесе Ж. Ақбайұлы қазақтың көрнекті қайраткерлерінің бірі болғаны қазір айтылып, зерттеліп жүр (Мұхтар Құл-Мұхаммед. Жақып Ақбаев. Жұлдыз, 1989. – №12.)

«Айтыс» («Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны») дастаны 1919-1920 жж. денсаулығы нашарлап Шідертіде жүргенде жазған туындысы аяқталмай қалған. «Таныстыру» да «Айтыста» сюжетке құрылмаған, лирикалық-философиялық дүниелер.

«Айтыстағы» негізгі мәселенің қойылысы: ата қоныстың тұтастығы, ана тілі мәртебесі, салт-дәстүрдің сақталуы, өнер-білімнің дамуы, ауыз бірліктің болуы жайында қозғалады.

Даланың намысын қорғайтын ақынның позициясы анық, белгілі болса, ал оның қалалық қарсыласы – даланы өлердей жек көретін, өз ұлтынан жеріген, өзге жұрттың (орыс, еуропа) тұрмыс-тіршілігін жан-тәнімен қабылдап, соның қолжаулығына айналған біреу. Оның алғашқы сауалының түрі мынау:

Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?
Өгіздей бар шығарсың әл жағынан
Көрінген көрнегіңнен, жүрісіңнен,
Топастығың білінген ар жағыңнан.

Дала ақыны қыңырлық пен қырсыққа бой алдырмай байсалды да тиянақты жауап береді:

Мен- қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға «алаш» деген атты аламын.
Сүйгенім-қазақ өмірі, өзім-қазақ
Мен неге қазақтықтан сақтанамын? –

деп кең сахараны еркін жайлаған Ер Түріктің бір өкілі екендігін мақтана мәлімдейді.

«Айтыстың» бір ерекше айтатын жері ана тілінің қадір-қасиетін баяндайтын жерінде жатыр.

Сүйемін туған-тілді-анам тілін
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минөтімнен
Құлағыма сіңірген таныс үнім, –

деп кейін ақын «Сүйемін» деген өлеңінде жалғастырады. Ақынның «Айтыс» поэмасы ХХ ғасыр әдебиетіне қосылған үлкен үлес.

«Адасқан өмір» поэмасы 1918 ж. жазылған лирикалық-философиялық, сюжетсіз поэма. Поэмада адамның өмірі, қоғамдағы орны, әлеуметтік іс-әрекеті лирикалық кейіпкердің монологымен берілген. Поэма – «Мен бала», «Мен жігіт», «Мен тоқтадым», «Мен кәрі», «Мен өлік» деп бөлініп адам өмірінің кезеңдерін поэзияға арқау етеді. «Адасқан өмір» поэмасы арқылы Махмұт қазақ әдебиетіне үлкен бір жаңалық әкелді.: 1) Өмір жөнінде философиялық тұжырымдар жасай отырып, поэмаға заманның ең басты мәселелерін сыйғызады. 2) Адамның өмір кезеңдерін сөз еткенде ақын өз ойларын абстракты түрде бермей, әрбір ұғымды заман шындығы арқылы бейнелейді, яғни реалистік тұрғыдан келеді.

«Мен бала» бөлімінде ақын баланың психологиясын нақты етіп көрсетеді: ол ешкімді жатырқамайды, оған адам атаулының бәрі бірдей, ешкімді жат тұтпайды, ұлтқа бөлу, бай, кедей деп қарамайды, алда кәрілік, өлім күтіп тұр деп ойламайды, өмірді әлі түсініп болмайды.

«Мен жігіт» бөлімінде ақынның негізгі идеялары қамтылған. Бұл кезең 15-30 жастың арасы жасқа тән, жігіттікке тән жүрек сезімін толғана жырлайды. Жастық шақтың ең зор қасиеті: оның беретіні де, алатыны да көп, алды толған мақсат, қайсысын таңдап алам десе де өз еркі; бақ іздейді, жар іздейді, «басқа бақыт табылмас» деп ойлайды, оған зор сенім бар. Осы тараудың соңында ақын өзі армандаған қоғам бейнесін асқақтата, серпіле суреттейді.

«Мен тоқтадым» тарауында адамды күткен өкінішті сан қилы ауыр өмір сөз болады, алғашқы тараулардағы мөлдір, асқақ сезімдерден із қалмайды. Адам өмірі ойын-күлкі, қуаныш-сүйіспеншіліктен гөрі,

қайғы мен мұңға, азап пен қиыншылыққа толы екенін еріксіз мойындайтын тәрізді ақын. Осы тарауда ақын өзінің басты арманынан алыстап кетпейді. Шын бақыт табу үшін неге болса да дайын екенін ашып айтады.

Соңғы екі тарау кәрілік пен өлімге арналған. Балалық, жігіттік, орта жас бәрі зымырап өте шықты да енді қауқарсыз өмір қалды. Кейіпкер өз өмірін мәнсіз өткізгенін сезініп, көптеген өкініштер айтады. «Қартаймайтын, өлмейтін өмір тауып, шат қылар ма кетпестік бақыт қонып?» – деген арманды сұраумен аяқтайды.

«Кедей» поэмасы – лирикалық-реалистік поэма. Мұнда да белгілі сюжет жоқ. Өзінің негізгі идеясын дұрыс таныту үшін ақын бұл шығармасында да «Адасқан өмірдегідей» тарауға бөлген: «Қызметі һәм хәлі», «Қаладағы жебірлер», «Үмітсіздік», «Өзін мырзалармен салыстыру», «Қорытынды». Осы поэма арқылы ақын бір адамның өмірі туралы сөз етіп, сол тұстағы кедейлердің көрген күнін, тартқан азабын жинақтап көрсетеді. Бас қаһарман қазақ кедейі, суыққа тоңып қой күзеткен күзгі түнде өз өмірін шолып өтеді. Қазақ кедейінің тұрмыс-тіршілігі реалды түрде беріледі.

Прозасы: «Қамар сұлу» – Сұлтанмахмұт өмірінің Троицкі кезеңінде 1913-14 жж. жазылған. Тұңғыш рет ақынның 1933 ж. жинағында жарияланды. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде көтерілген үлкен тақырыптардың бірі – әйел тендігі мәселесіне байланысты жазылған. Сол тұста қазақ қаламгерлерінен осы тақырыпқа қалам тартпағаны кемде-кем. Бұл күрделі тақырыпқа Сұлтанмахмұт Торайғыров ең алдымен лирикалық өлеңдер арқылы дайындықпен келді: «Сымбатта сұлуға», «Қыз сүю», «Маңайымнан әрмен кет», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам» сияқты өлеңдері арқылы қазақ қыздары басындағы трагедияны, оның әлеуметтік сырын ашып көрсетті.

Романда сол кездегі қазақ даласындағы бүкіл тіршілік, өмір салты, қайшылықтары, өмірге екі түрлі көзқарастағы адамдар арқылы түсіндіріледі. Бірінші топтағылар: Омар, Оспан, Қалтан, Нұрым, Әбділда ишан арқылы бейнеленсе, екіншілері Ахмет, Қамар, Қасен және ауыл жастары. Алғашқылары ескіліктің, арбау-алдаудың адамдары болса, соңғыларынан ақын өз заманының жақсы адамдарын көреді.

Басты кейіпкер – Камар шығармадағы бүкіл оқиғаның тұтқасы ретіндегі негізгі образ. Шығарманың басында өмірге әлі араласпаған жас. Ақын оны былай суреттейді:

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,
Балауыз балбыраған тәні қандай.
Ақыл-ой, мінез, көрік түгел келіп
Толықсып толып тұрған сәні қандай.

Еріткен іші-бауырыңды көзі қандай
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп
Жаутаңдап жан күйдірген көзі қандай.

Қамардың сол тұстағы қазақ қыздарынан тағы бір артықшылығы – көзі ашық, оқығандығында. Ақын Қамарды саналы оқыған қыз деп сырттай ғана көрсетпей оның әрбір сөзі, пікірі өзгелермен қарым-қатынасы арқылы көрсетеді. Қамар Ахметке жазған хаттары арқылы өзінің қоғамдық өмір туралы түсініктерін ерекше терең білдіреді. Оқыған, білімді Ахметке бәрібір қолы жетпейтіндігіне налып, өнерлі жастың күші мен күдіреті жоғына күйзеледі. Сүйгеніне қосыла алмаудың басты себебін өз қоғамынан: теріс салт-дәстүрден, әлеуметтік теңсіздіктен көреді. Бұған қарсы шығуға Қамар дәрменсіз. Сондықтан да ол алды-артын байыптай ойлап, ақырында былай шешеді: «Бес-он күндік ойын үшін әрі өзімді, әрі оны қаралап» жұртыма, құдайға ұятты болмайын, жанған жаным жана берсін; обалымыз қию жоқ, қисыны қашқан дүниеге, оңға бастай солға басқан қазақтың қара ғұрпына болсын», – дейді.

Қамардың молдамен сөз қақтығысуы да шығармада ескі мен жаңаның арасындағы тартысты көрсетеді.

Қамардың енді бір қасиеті – шешендігінде. Ахметті сүйе отырып, оның бетін қайтарып үмітін үздіру үшін оған лайықты сөздер тауып тоқтата біледі (2, 3 хаттары)

Ахмет – «Аузы асқа, ауы атқа жарымаған» кедейдің баласы. Ахмет бейнесі сол кездегі азды-көпті оқыған қазақ жастарының тұлғасы, өз дәуірінің азда болса шындығын көрсететін жинақтаушы образ. Ахмет қанша оқыса да жоқшылықты жеңе алмайды. Бұл сол дәуірдегі ащы шындық. Шектен шыққан әділетсіздік Ахметті ашуға жеңдіреді. Шектен асқан айуандыққа оның енді күш көрсетуден басқа амалы қалмайды. Қамармен қоштасарда: «Көрсеткен саған қорлық жауыздардан, кетермін тым құрғанда өшімді алып» деген сертінде тұрып, молданы өлтіреді, Нұрымды жаралайды. Ахмет жалғыз болса да ұйымдасқан әділетсіздікке күш жұмсайды. Оның ендігі өмірі осылармен бітіспес күреске арналғандай боп шығарма түйінделеді.

Қамардың ағасы Қасен – әділдікті жақтайтын оқыған жас. Қасеннің адамгершілік қасиеті Ахметті кедей деп кем көрмей қарындасы Қамармен тең дәрежеде көруінде. Ол үшін қалың мал емес, Ахметтей нағыз адам қымбат. Бірақ қанша оқыған болсадағы қоғам алдында ол да дәрменсіз. Әділетсіздікке араша түсе алмайды.

Омар – шығармадағы ұнамды кейіпкердің бірі. Сүйікті қызының басына қауіп-қатер төнгенде оны қорғап қалмақ болып барлық күш-

куатын жұмсайды. Сұлтанмахмұт оны «турашыл сәулелі кісі», «қанша айтқанмен оқыған» деп суреттейді. Бірақ қанша шыр-пыр болғанымен де Оспан, Қалтандар алдында бұл да бейшара. Зорлығы жүріп тұрған кара күшке тойтарыс бере алмайды.

«Қамар сұлудағы» кесек образдардың бір саласы ұнамсыз кейіпкерлер: Қалтан қажы, Бәйтік молда, Әбділда ишан, Көңілбай бақсы, Оспан би, Нұрымдар.

Нұрым шығармада күйеу бейнесінде көрінеді де болыстығы аз суреттеледі. Нұрымды жазушы былай таныстырады: «Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елді қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді...

Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боқауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай формасының өзі сұп-суық, бүйі секілді түкжайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын бір нысаналы жануар еді.». Бұдан Нұрымның бүкіл болмысы, ішкі дүниесі, сыртқы болмысы, өмірдегі орны бәрі айқын көрініп тұр.

Қалтан қажы көп айтылмағанмен, бір көріністен-ақ қандай адам екендігі айқын білінеді: «Әншейінде таспиғын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын» сыртқы пішінінің өзінен қараниет, сұрқия кейпі көрінеді.

Оспан образы қазақ ауылындағы ру басы бейнесінде алынып, жинақтаушы тұлға ретінде қарастырылады.

Жастар, ауыл жастары – не өнері, не кәсібі жоқ, білімі мен адамгершілігі өте төмен тіршілік қарекетін ақын өлтіре сипаттайды. Қамар мен Ахметтің ортасын алшақтатпақ болған іс-әрекеттері осыны көрсетеді.

«Кім жазықты?» (1915 алдымен «Әжібай болыс» деп аталған). Қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш өлеңмен жазылған роман. Романның толық нұсқасы жетпегендіктен, шығарманың ұтастығы бұзылған. Басты тақырып – ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылындағы әлеуметтік, таптық қайшылықтар, іргесі бұзылып құлап бара жатқан қоғамдық ортаның ұсқынсыз келбеті. Шығармада қазақ ауылындағы үш ұрпақ өкілінің құлдырауы суреттеледі. Тасболат – Әжібай-Қабыш арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, асқынып кеткен тәрбиесіздік, салт-санадағы өресіздік қатал сынға алынып шынайы көрсетіледі. Шығармада ақын Әжібай бейнесін жан-жақты ашып көрсетуді мақсат тұтқан. Әкесі Тасболат Әжібайды оқуға бергендегі мақсаты өнер-

білімге сусындату емес, билікке, болыстыққа жеткізу. Көп әйел алу (Жәмила, Жаңыл, Зылиқа, Ырысты) Әжібай үшін мақтан көрінгенмен, бірлігі жоқ отбасының берекесі кеткенін өзі де аңғармайды. Әкесіне ас беріп, атақ алып болыстыққа таласамын деп малын шашып сұрапыл жұтқа ұшырауы – Әжібай трагедиясының шарықтау шегі. Әжібайдан туған Қабыштың өзінен өткен екі жүзді, бұзық болуы реалды жағдай.

Сонымен, С. Торайғыров «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарымен, өз заманындағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік қалпын шынайы суреттейді.

Публицистикасы: Сұлтанмахмұт өзі қызмет еткен «Айқап» журналында ел хабарларынан бастап, теориялық мәні бар мақалалар, ауыл тұрмысын суреттейтін очерктер, шағын әңгімелер жазды.

Алғашқы мақаласы: «Зарландым» 1912 ж. жазылды. Зерттеушілер бұл мақаланы әңгіме деп атап жүр. Бірақ мұнда көркем шығармаға қатысты ешнәрсе жоқ. Мақалада автор қазақ даласындағы оқу ісіне тоқтап, қазақ шәкірттері жайын сөз етеді. Қадим оқуының нашар жақтарын айта келіп, қазақ даласына жаңа әдіспен оқытатын мұғалімдер келе бастағанына қуаныш білдіреді. Мақалада жазушы жаңа оқу (усули жәдид) мәдениетке жетудің бірден-бір жолы, бірақ оны ел адамдары түсінгісі келмейді, сондықтан олар балаларын оқуға бергісі келмейді, оларға қалам, дәптер алуға ақшасын қимайды деп қынжылады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931). 1858 ж. 11 шілдеде бұрынғы Семей облысы, Абай ауданында дүниеге келді (қазір Ш.Қ.О.). Әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күңке бәйбішесінен туған. Абайдың ағасы. Әкесі Шәкәрімнің 8 жасында 1866 ж. қайтыс болған соң, тікелей атасы Құнанбай мен ағасы Абайдың қамқорлығында болады. Бес жасынан бастап, ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Осында ол екі жыл оқыған соң (7 ж. дейін) ары қарайғы білімді Абай айналасынан іздеп, өздігінен оқиды. Бұл кезде Абай ауылы үлкен мәдени-рухани ортаның орнын басқан еді. Атасы мен ағасының арқасында Шәкәрім жетімдік тауқыметін көрмей өсті. Әсіресе, Абай тәрбиесі оның азамат болуына, ақын, парасатты ой иесі болып қалыптасуына зор ықпал етті: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, – қазақ ішінде Абай деп атайды, - сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ер жеткен соң сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тындап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім.» («Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі»). Орынбор, 1911. 72-бетте). Кейін осындай ғана (екі жылдық) білім алған Шәкәрім иісі қазаққа танымал білімдар, ойшыл азаматтардың бірі болды. «Жасымнан жетік білдім түрік тілін»

немесе «Талпынып орыс тілін үйренумен, надандықтың тазарып кетті кірі», – деп, өзінің айтуынша, араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгереді. Осы тілдерді білу арқылы Шығыс-Батыс классикалық әдебиетінен нәр алады. Л.Н. Толстоймен хат жазысып, пікір алысып, оның шығармаларын қазақ тіліне аудару Шәкәрім білімінің жоғары деңгейін көрсетеді.

1904 ж. Шәкәрім өміріндегі қаралы жыл болды; ұлы ұстазы Абайдан, өнер жолындағы екі бауыры Ақылбай мен Мағауиядан айырылады.

Қоғамның, заманның серпіліске қарай (1905 ж. төңкеріс) танымы да өзгеріске түседі. Өзінің ішкі сауалдарына жауап іздеп, философиялық толғаныстарға түседі. Білімін толықтыруды мақсат етеді. 1905-1906 жж. Меккеге қажылық парызын өтеп қайтады. Шәкәрім бұл сапары жайында былай дейді: «Меккеге барам деп шықтым, ары бара жатқанда Стамбулда 13 күн, бері келе жатқанда 13 күн болып, қанша тарихты ақтарып, керек кітаптарды почтамен үйге жіберіп отырдым... Сол кездері Шығыс, Батыс ғалымдарымен көп сөйлесіп, олардың ой-пікірлерімен... ертедегі ғалымдар шығармаларымен танысып, оларды жаздырып алдым. Александр салдарған кітапханада қызмет еткен ғалымдардан сұрап, керекті кітаптарды жаздырып алдым.

Абайдың ақыл-кеңестері болмағанда мен ол жерлерге бармаған болар едім» (Ахат Құдайбердіұлы. Әкемнің шығармалары жайында.» Совхоз туы», 1988, 19 сәуір)

Ендігі мақсаты жиған білімін қағаз бетіне түсіріп, болашақ ұрпаққа жеткізу үшін 1909-1910 жж. Шақпақ деген жерге барып өмір сүре бастайды. Оның бұл әрекеті өзі түсіністік таппаған ортадан бойын аулақ салып, өз ойымен болу еді. Ақын өзі былай дейді:

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,
Біреудің кеткенім жоқ малын алып.
Елу бес жыл жинаған қазынамды,
Оңашада қорытам ойға салып.

1917ж. ақпан төңкерісі ақынға қатты әсер етті (төңкерісті қазақ зиялылары бәрі қуана қарсы алған еді). Осы дүрбелеңде елмен бірге болуды ойлап, ел ішіне оралады. Айналасындағы жаңалықтар мен өзгерістерге үн қосып өлеңдер жазып, көптеген мақалаларын жариялайды, публицист ретінде әсіресе «Айқап», «Қазақ» беттерінде көзге түседі. Жаңа құрылған «Алаш» партиясында біраз қызмет істейді. Өмірінің соңғы жылдарында Шақпақта өткізеді. Осында жүріп 1931 ж. қазанның 2 күні қайғылы жағдайда қаза табады.

Кеңес дәуірінде Шәкәрім есімі, мұрасы асыра сілтеудің құрбаны болды. «Діншіл», «алашордашыл», «банда» атанды. 1958 жылғы саяси жылымықта ССРО Бас прокурорының арнайы шешімімен 1958 ж. 28 қазандағы шешімімен Шәкәрім қылмысы жоқ деп танылды. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 жылғы 9 қаңтардағы санында бір топ өлеңі басылды.

Ақын толығымен 1988 ж. ақталды («Соц. Қазақстан», 1989 ж. 9 желтоқсан).

Шығармаларының жариялануы: 1912 ж. Семей: «Жәрдем» баспасында «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Жолсыз жаза яки кез болған іс», «Еңлік-Кебек» кітаптары. «Шолпан» журналында: 1922-23 жылдары «Ләйлі-Мәжнүн» 1935 ж. екінші рет Алматыда жарияланды (С. Сейфуллин бастырды).

1935 ж. Таңдамалы өлеңдері. «Дубровский» жеке кітап.

1936 ж. «Әдебиет майданы», №2. «Боран»

1959 ж. «қазақ әдебиеті», 9 қаңтар – бір топ өлеңдері

1978 ж. Поэты Казахстана, Ленинград, орысшаға аударылуы.

Лирикалары: Шәкәрім шығармашылығының негізі-поэзия. Поэзияның мазмұны бай, түрі де әралуан: азаматтық лирика, философиялық лирика, махаббат, табиғат лирикалары, ода, элегия, сонет, тарихи, баллада, халық өлеңдері түрінде болып келеді.

Өлеңдерінің көпшілігі төңкеріске дейін жазылғандықтан онда көбіне қазақ елінің келеңсіз көріністері, мұң-зары, қоғамды-әлеуметтік жағдайлар сөз болады.

Оның реализмінің негізі – өз қоғамындағы әлеуметтік жағдайларды теңсіздікті көре білуінде және соны ашып әшкерелеуінде. Ол қоғамдағы кемшілікті сынауды алдымен жеке адам басындағы кемшілікті сынаудан бастайды. Оған «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Еріншек», «Қалжыңшыл қылжақпас», «Құмарлық» деген өлеңдері аттарынан көрініп тұрғандай адамның мінез-кұлқындағы, жүріс-тұрысындағы кемшіліктерге шүйлігеді.

Еріншектен салақтық,

Салақтықтан надандық,

Бірінен-бірі туады,

Жоғалар сүйтіп адамдық («Еріншек»)

Осы өлеңдерінің барлығында Шәкәрім реализіміне тән шыншылдық, сыншылдық бар. Шәкәрім осы кемшіліктерді жинақтап, типтендіріп көрсетеді.

Жолыққан кісіге соқтың,

Қалжыңға қосып айт боқтық

Осы ғой сәулесі жоқтық,

Сен күлдің, мен білдім, әйдә!

Қазір де осы адамдар бар – яғни тип.

Қоғамдық кесепатты сынайтын өлеңдеріне «Ашу мен ынсап», «Бай мен қонақ», «Партия адамдары», «Өкінішті өмір». Мұнда ақын залым әкімдер, мәнгүрт билер, топас байларды сынап, билікке таласқан партияшыл надандарға шүйлігеді. Ақын осы аталған өлеңдері арқылы қоғамдық психологияны, әлеуметтік жағдайды нақты көрсетеді. Мәселен, «Бай мен қонақ» атты сюжетті өлеңінде қазақ тұрмысындағы бір эпизодты көрсетеді. Диалог алдымен сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік психологиясын дәлме-дәл сипаттап береді.

Бұл елде басты жұмыс – ел қыдырмақ,

Бай ауылға түстеніп пайда қылмақ.

Онан өзге зияны тимей кетсе,

Сонымен-ақ сыпайы кетсін бірақ.

Ағартушылық идеядағы лирикасы. Ақынның бұл бағыттағы өлеңдері 1879 жылы жазған «Жастарға» атты өлеңінен басталады. Ағартушылық идеялары әсіресе, «Сынатарсың өзінді», «Насихат», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Сен ғылымға болсаң ынтық», «Ғылымсыз адам хайуан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» өлеңдерінде көздейді. Шәкәрім байлықтың ең үлкені рухани байлық – ғылым дейді.

Үш-ақ түрлі өмір бар бәрі де мас,

Бір рәуіште шал мен жас.

Ең керекті дегенің ортаншы өмір

Түгел қолың жетпейтін бір жанталас

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын

Өкініші қалмайды кетсе ағатың

Күні-түні дей көрме ғылым ізде

Қалсын десең артыңда адам атың-дейді «Үш-ақ түрлі өмір бар» өлеңіде. Мұндағы «ортаншы өмір» - адамның жастық шағы.

«Насихат» өлеңінде ақын өзінің алдында ағартушылар (Абай, Ыбырай) айтып өткен прогресшіл ойды жаңаша өрбітеді. Оның айтуынша, арам ниетті адамдардың қолына түскен ғылым қатерлі:

Шын залымға берме ғылым, ол алар да оқ қылар,

Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды хайла етер.

Дүниені түзетуші һәм бұзушы бір ғылым,

Әрі залым, әрі ғалым- ел түбіне сол жетер.

Мұнда ақынның ағартушылық идеясы мен философиялық ойы қатар өрілген.

Жастарды ғылымға шақыруда, ғылым, білімнің маңызын түсіндіргенде Шәкәрім үнемі Абайды үлгі тұтып отырады.

Мынау Абай – бір ғалым әуел табатын
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ айналды енді бізге
Күн туды етегіне жабысарлық. –

дейді «Жастарға» атты өлеңінде. Шәкәрімнің ағартушылық өлеңдерінде ғылым мен еңбек мәселелері қатар жүреді. Еңбек тақырыбы Шәкәрімде ерекше жырланады.

Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін
Серт бергем еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін. –

деп ақындық ұстанымын аңғартады. «Мен кетемін, келеді» атты өлеңінде еңбектің адам өміріндегі маңызына тоқталады.

Махаббат лирикасы. Ақынның «Жастық туралы», «Жарымды жаным сүйді...», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Шын сырым» атты өлеңдері махаббатқа, жалпы адам сезіміне қатысты эстетикалық көзқарасы айқын көрінеді. 21 жасында жазған «Жастық туралы» өлеңінде Абай әсері сезіледі:

Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі балдай,
Өзгеден артық сол жері.
Дариядай ақыл мол еді,
Жан ғашығым сол еді.

Сұлудың бейнесін реалистік тәсілде суреттейді. Өлең Абайдың «Сегіз аяғына» үндес:

Жаудырап көзі,
Тамшылар сөзі,
Жібектей шашын тараса.
Қалмайды халің,
Шығады жаның,
Қиғаштан көзбен қараса.
Бұл дүниеде қыз қызық,
Бозбалада ой бұзық.

Шәкәрім лирикасына тән енді бір тақырып – ақындық өнер, сөз өнері. «Сөз жазып, өлең өлшемек», «Ақындарға», «Ескі ақындық» «Ноль», «Сынатарсың өзінді», «Ажалсыз әскер» өлеңдерінде ақындық өнер жолындағыларға зор талаптар қояды.

Денең жан нұрлы болса жөнделмек,

Өлең әнге өлшеп айтса өңделмек,
Ұйқасса қолайлы.
Ән өлшеуіш,
Өлең-күміс,
Қоспаңыз мыс аралас.
Артық алу,
Не кем салу,
Қапы қалу
Жарамас.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім поэзиясы Абайдың ақындық дәстүрінен туған, сол құнарлы топырақтан нәр алған поэзия.

Дастандары: Шәкәрім қаламынан «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты эпикалық шығармалар туды. Бұлар қазақ әдебиетіндегі алғашқы жазба поэмалардың заңды жалғасы. Осылардың бәрінде ақын қазақ арасында ертеде болып өткен оқиғаларды арқау еткен. Кейіпкерлері-тарихта болған адамдар, жер, су атаулары да нақты. Сонысына қарамай бұл поэмалар тарихи шығармаларға жатпайды. Ақын тарихи деректерді шығармаларында тек деталь ретінде пайдаланады. Яғни тарихилық сипат поэмаларда кейіпкерлердің басындағы әлеуметтік трагедияларды көрсету үшін алынған.

«Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» алғаш рет 1912 ж. Семейде жеке-жеке басылып шықты, «Нартайлақ-Айсұлу» 1929 ж. жазылған.

«Қалқаман-Мамыр» – жанрлық жағынан алғанда әлеуметтік сипаты терең лиро-эпикалық дастан үлгісінде жазылған. Шәкәрім оны «тарихи хикая» дейді. Поэmanın сюжетіне XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығы қарсаңындағы қазақ тұрмысының бір көрінісі арқау етілген.

Қалқаман бейнесі поэмада батыр күйінде берілмейді. Шәкәрім оны сомдағанда шектен тыс әсерлемей, шынайы реалистік қалпында көрсетеді. Ол керемет қара күштің иесі емес, сондай-ақ боркемік ез де емес. Оның бойында толысқан ақыл мен ерекше батылдық бар. Шәкәрім Қалқаманды осылай көрсетеді.

Қалқаман образындағы даралық қасиетті көрсететін бір эпизод-оның оққа байланған сәттегі көңіл күйі. Мұнда ол егіліп езілмейді. Ол өзін күтіп тұрған ажалға қарсы шарасыз мойын да ұсынбайды. Бәріне де тәуекел етеді. Оқ тиіп қансыраған Қалқаманның еліне оралмай кетіп қалуы – сол кездегі әділет жолындағы күрестің бір түрі.

Мамыр бейнесі де шынайы суреттеледі. Қаншама ауылда еркешора болып өскен байдың қызы болса да, ақылсыз емес, оның

бойында қазақ қыздарына тән нәзіктік, ибалық бәрі де бар. Қалқаманмен алғаш кездесуі бір-біріне жұмбақтап сөйлесуі Мамыр бейнесін, оның ақылдығын аша түседі. Мамыр ағасы Көкенайдың қолынан қапыда оққа ұшып ажал құшағында жатқанда:

Кешікпей мен өлемін, сен тірісің,
Іс емес құдай кешер қылған ісің.
Өлтіртпе, тілегім сол, Қалқаманды,

Барасың тәңір алдына білемісің – деп айтқан сөзінде ірілік бар. Бұл сөз жалыну да емес, өтіну де емес, жылау да емес, бұйрық сөз.

Көкенай бейнесі – поэмадағы күрделі кейіпкердің бірі. Поэмадағы кісі өлімі, ел ішіндегі дау-дамай сияқты трагедиялық жағдайлар Көкенай қолымен жасалады. Оның бүкіл болмысы, мінезі іс-әрекеті арқылы көрінеді. Бірақ оны ұнамсыз кейіпкер деп те қарауға болмайды. Оның іс-әрекетінің бәрі ата салтты қорғау мақсатынан туындайды.

«Еңлік-Кебек» жанрлық жағынан алғанда әлеуметтік дастан. Абайдың көзі тірі кезінде соның басшылығымен жазылған (1891 ж. Қ. Мұхаметханов). Осы аттас поэманы Мағауияда жазған. Екеуінде де бір оқиға арқау болған. Осы оқиға желісімен М. Әуезов «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазды.

Шәкәрімнің айтуынша, оқиға 18 ғ. 80 ж. Шыңғыстау бауырында болған. Кейіпкерлер образдарын жасауда сыртқы портрет жайына көңіл бөлмейді. Онда сұлу қыздың ғажайып бейнесі, батыр жігіттің ерекше тұлғасы да жоқ. Еңлік пен Кебек портреттері бір-екі ауыз сөзбен қысқа деталь арқылы беріледі. Осы детальдардың өзінен екеуінің бүкіл болмыс бітіміндегі қасиеттер анық байқалады.

Қорыта айтқанда, Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандары бүкіл халық басындағы трагедия жеке адамдар басындағы трагедиямен дараланып көрсетілген реалистік шығармалар.

«Нартайлақ-Айсұлу» – махаббат драмасы. Мұнда Шәкәрім жоғарыдағы екі поэмасындағыдай әлеуметтік-философиялық деңгейге бармайды, тек жалаң махаббат драмасы түрінде баяндалады. Оқиға қыз бен жігіт арасындағы махаббат хикаясымен өрбиді.

Бас қаһарман – Нартайлақ пен Айсұлу. Нартайлақ қарапайым жандардың бірі. Оның образы жинақылық дәрежеге жетпеген (типтенбеген). Нақты іс-әрекеті Айсұлу мен балдызы Күнсұлуды құтқару үшін Самсының қылышынан жараланып және кейін Самсыдан кек қайтару кезінде ғана көрінеді.

Айсұлу ақыл-парасаты мол жан ретінде суреттеліп көрсетіледі. Махаббат жолындағы адамдығын сақтап ажалға ұшқан Айсұлу образы реалистік бейне ретінде көрінеді.

Қалған Барғана, Самен, Күнсұлу, Томан кемпір, Былқылдақ, Барлы, Ханым образдары тек эпизодтық образдар ретінде көрініп отырады.

Қ. Мұхаметхановтың айтуынша, Шәкәрім өз поэмасына мынадай ой айтады: «Жазған поэмаларымда «Нартайлақ-Айсұлу» поэмасының поэзиялық жағы «Дубровский», «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларынан төмен. Оның негізгі себебі асығыс жазылуынан болса керек. Бірақ оның уақиғасы егер пьесаға аударылса қызықты болар еді.» (Ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы. Семей таңы, 1988, 3 тамыз)

Аудармалары: Шәкәрім шығармашылығындағы ерекшелік – қазақ әдебиетін аударма арқылы толықтыру Батыс, Шығыс әдебиеттерімен байланыстыруда жатыр.

Шәкәрімнің қазақ әдебиеті мен мәдениетін әлемдік мәдениетпен сабақтастығын нығайтудағы қызметін үш салаға бөліп қарастыруға болады: 1) дүниежүзілік әдебиеттің озық ойлы өкілдерінің есімдерін әрдайым құрметтеп өз өлеңдерінде үнемі насихаттап отырады; 2) Л. Толстой сияқты өз заманының алып тұлғалы қаламгерімен хат алысып, сырттай болса да шығармашылық байланыста жүруі; 3) өзге елдер әдебиетінің озық үлгілерін аударуы. Ақынның:

Айтқан сөзі ауруға ем, жанға құмар,
Тауып айтқыш тәтті тіл сайраушылар.
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов,
Қожа, Хафиз, Науаи, Физули бар –

деуінен-ақ, рухани нәр алған тамырларының қаншалықты тереңде жатқанын көреміз.

Шәкәрім аудармаларында Шығыс әдебиетінен де мол мұралар бар. Ол әсіресе, Гете мен Пушкинді тәнті еткен Қожа Хафизді ерекше пір тұтты. Хафиз жырларын тікелей парсы тілінен қазақшалаған күні бүгінге дейінгі жалғыз тәржімәші. Хафизден ақын «Көрініске шоқынған», «Кел, аяқшы, қымыз күй», «Қараңғы толқын, қанды ақпын», «Ей, жарымыз, ай нұры», «Тұр, аяқшы, бер қымыз», «Анық ерге жолдас бол», «Мәжілісінде досыңның», «Кешегі басшы піріміз», «Егер сүйікті ол бала» деген туындыларын аударды. Осының ішінде «Көрініске шоқынған» «Абай» журналының 1918 ж. №3 санында басылған. Айта кететін бір ерекшелік: Шәкәрім аударманы қазақ журналына түсінікті етіп жеткізеді. Мәселен, сақи-шарап құюшыны-аяқшы яғни қымыз құюшы, шарапты-қымыз деп беріп отырады. Хафиздің атақты «Түрік аруы» атты газалын қазақшалаған Шәкәрім мен Әбіраш Жәмішев және парсы тілінің білгірі Ислам Жеменей аударған. Бас жағын салыстырып көрейік:

Әгар ан торк-е ширази бе дәст арэд дел-е мара,
Бе хал-е һендуйәш бәхшәм сәмәрқанд о бохара ра
Бедеһ сақи мей-е ке дәр жәннәт нәхаһи яфт
Кенар-е аб-е рокнабад-о- голгәшт-е мосолла ра

Жеменей аудармасы:

Егер ол Ширази түрік сұлуы біздің көңілді ауласа,
Үнді қалына Самарқанд пен Бұхараны берер ем.
Құй, сақи, қалған шарапты табылмайды бейіттен,
Мұсалла гүлзары мен Руннабадтың жағасы.

Ә. Жәмішев аудармасы:

Мен Шираздың пәк сұлуын тәңіріме теңер ем,
Бір меңіне Самарқанд пен Бұхараны берер ем.
О, сақи дос, толтыра құй! Жоқ қой маған жұмақта,
Мұсылманның райхан бағы, Руннабадтай кең өзен.

Шәкәрімде:

Егер сүйікті ол бала,
Көңілімді алса мен үшін,-
Самарқан мен Бұқара,
Бердім қара меңі үшін,
Қалған қымызды әкел сен,
Бер аяқшы кесемен.
Гүлді жеміс, талды өзен
Табылмайды бейіштен.

Сонымен қатар ол Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын нәзира үлгісінде қазақ тілінде сөйлетті. М. Әуезов бұл дастанды Физули дастанының аудармасы емес, Шәкәрімнің төл туындысы ретінде баға берген болатын.

Әлемдік әдебиет үлгілерінен американ жазушысы Гариэт Бичер Стоудың құлдарың өмірі жайын баяндайтын «Том ағайдың балағаны» атты романын аударған екен. Бірақ бұл қолжазба күйінде әлі табылған жоқ.

Орыс тілінен аудармалары. Л. Толстой мен А. Пушкин шығармаларын аударды. Ол өзі пір тұтқан Л. Толстойдан алты әңгіме аударды: «Асархидон-Лаэли», «Панжи-зан хан», «Ұждан», «Қолшатыр бұйрығы», «Үш сауал», «Криз патша».

Халық жылы қабылдап, кең тараған аудармасы А.С. Пушкиннің «Дубровский әңгімесі», 1924 ж. жеке кітап болып шыққан. Пушкиндегі прозалық түпнұсқаның оқиға желісін, идеялық нысанасын сақтай отырып қазақ тіліне өлеңнің нәрлі тілімен жеткізеді.

Сондай-ақ, Пушкиннің «Боран» атты прозасын да өлеңмен аударды. Бұл аударманың да көркемдік қуаты ерекше болып келеді.

Түйіндегенде, Шәкәрімнің қай аудармасы болмасын қазақ оқырмандары төл шығармадай қабылдады.

Ғылыми трактаттары: Ш. Құдайбердиев проза жанрында да өз күшін байқап көреді. Ол прозаның ғылыми формасына үш еңбек арнады: «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» деген діни, ғылыми философиялық туындылар.

«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» жазардан бұрын Шәкәрім көп ізденді. Осы мақсатпен қажылыққа барып араб, парсы, түрік тілдеріндегі еңбектермен танысады. Еуропа тілдеріндегі кітаптарды, шежіре жайында жазылған қазақтың аңыз-әңгімелерін жинап бір-бірімен салыстырады. Орыстың түріктанушы ғалымдарының еңбектерін саралап ой көзімен талдап ең алдымен «Қазақтың түп атасы- батыр Түрік» атты өлеңмен жазып көреді.

Тарихи-шежірелік еңбекті Шәкәрімнен бұрын Абайда қозғаған болатын. Ол Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы» деп аталатын трактаты.

Қазақтың шығу тегі жөнінде, тегі жайлы шежіре жазуды Шәкәрімге Абай ұсынған. Шәкәрімнің аталып отырған еңбегі 1911 ж. Орынборда басылды.

Шежіренің басты мақсаты мен міндеті қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түркі әлемінде жатқанын ғылыми дәлелдеді, тарихи дерек көздерімен ашады. Негізгі деректерді қазақ және түркі халықтарының аңыз-әңгімелерінен, Батыс, Шығыс рухани ой қазыналарынан алады. Бұған дейін жазылған Абылғазы Баһадурханның «Түркімен шежіресі» көбінесе ел билеген хан, төрелердің, ақсүйектердің тарихын қуып кететін.

Ал Шәкәрім шежіресі нақтылығымен, ғылымилығымен жалпы түркі елдерінің ата-тегін қуа отырып, негізінен қазақ халқының шежіресіне баса назар аударумен ерекшеленеді. Бұл тұңғыш рет жүйеленіп жазылған қазақтың ата-тек шежіресі болғандықтан кейбір кемшін тұстары да бар екендігін автор 1931 ж. Сәбит Мұқановқа жазған хатында былай дейді: «Қолымда барымнан азғана жазбамды жібердім... Шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып, бұрынғы басылғанында қате бар, һәм қосылмаған сөздер бар болғандықтан көшіріп жатырмын түзетіп», - деп жазады.

«Мұсылмандық шарты» 1911 ж. Орынборда басылып шықты. Шәкәрімнің исламиятқа қатысты жазған діни-ахлақ мәселелерін сөз ететін күрделі еңбегі. Кітапты жазудағы мақсатын автор былай дейді: «Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдадан естіп білген шығарсыздар. Олай болса біздің қазақ халқының өз тілімен жазылған кітап жоқ болған соң, араб, парсы кітабын білмек былай тұрсын ноғай тілінде жазылған кітаптарды да анықтап ұға алаған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман-ғибадат турасын шамам келгенше қазақ

тілімен жазайын деп ойладым. Бұл кітап әрбір қазақ оқуға оңай болып, әрі оларға пайда, әрі өзіме сауап болар ма екен деп Алла тағаланың сауабтан үміт еттім. Әмин!» – деп қалың жұртшылыққа ислам дінінің мәнін қазақ тіліндегі мұндай ғылыми еңбектерді Абай (38 қарасөзі), Ыбырай («Шарайт-ул-Ислам») жазған еді.

Шәкәрімнің бұл еңбекті жазуына өз заманының екі түрлі жағдайы себеп болған: сол кездегі білім беру жүйесінде ислам діні сабағы міндетті түрде өтетін. Соған орай ақын адамгершілік тәрбиесіне баса ден қоя отырып ислам дінінің мән-мақсатын таныстыру мақсатында жазса, екіншіден, өзі айтып өткендей қарапайым халыққа өз ана тілінде дінін таныту үшін.

Еңбекте Шәкәрім ислам дінінің парыз-уәжіптерін құр уағыздамай оның адам мінез-құлқын тәрбиелеудегі ролін де көрсетеді. Әсіресе, бұл «Иман мағынасы» тарауында жақсы айтылады. Дәлелдері нақты, Құран аяттары, Хадистерден дәлелдер келтіріп отырады.

«Үш анық» – философиялық трактатын жазуға даярлықты 1898 ж. бастап кірісіп, отыз жылдай ізденіп, жиған-тергенін қорытып, 1928 ж. аяқтаған. Еңбекті жазар алдында Батыс, Шығыс пәлсапаларының еңбектерін ақтарып, ондағы идеалистік, материалистік бағыттағы туындылармен танысады.

Осы ізденушілік арқылы Шәкәрім, біріншіден, затшылдық (материалистік) ғылым жолындағы таныммен, екіншіден, дін жолындағы (идеалистік) дүниетанымды бірінші, екінші анық деп көрсетеді де:

Іздедім, таптым анығын,

Тастадым ескі танығын –

деп өзі ой қорытып іздегені – тапқан үшінші анығын ұсынады. Ол үшінші анығы – Абай шығармаларында кеңінен сөз болған мораль (ахлақ) философиясындағы жан құмарына барып ұштасатын ұждан туралы күрделі проблеманы көтереді. Ұзақ жылдарға созылған ғылыми-шығармашылық ізденіс нәтижесінде тапқанын былай дейді:

Еңбекпенен, өрмекпенен,

Өнер ойға тоқылса.

Жайнар көңіл, қайнар өмір,

Ар ілімі табылса

Яғни, тапқан ілімі, үшінші анығы – Ар ілімі. Оны ойшылдың өзі: «Адамдағы ынсап, әділет, мейірім үшеуі қосылып-ұждан деген шығады. Мұны орысша «Совесть» деп атайды... бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екенін ақылмен сынап істесе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды.»

Шәкәрім ерте грек фәлсафашылары Пифагор, Демокрит, Еуропа ойшылдары Декарт, Ньютон, Конт есімдерін атайды.

Нарманбет Орманбетұлы (1860-1918). Қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында (бұрынғы Қарқаралы уезі) туған. Әкесі ауыл молдасынан алғаш сауатын ашқызған соң Қарқаралыдағы екі кластық орыс мектебінде оқиды. Бір жыл орысша оқыған Нарманбет ары қарай өздігінен ізденіп орысша, мұсылманша білім жинайды. Орыс, тіпті, Еуропаның әдебиетінен, шығыстың мол қазынасымен танысады. Кейін өз аймағында танымал адамдардың қатарынан көрінеді. 1918 ж. Қарқаралы уездік сотының төрағасы болып жүрген кезінде қайтыс болады.

Нарманбет мұрасы кеңестік замандағы қоғамдық идеяларға жат деп «зар заман» ақындарымен қоса (Мұрат, Шортанбай, Дулат) атаусыз жатты.

1990 ж. бастап Нарманбет басқа да қоғамнан аластатылған ақындармен қатар ақталды. (Қараңыз: «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басындағы қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қорытындысы». «Соц. Қазақстан», 1989, 9 желтоқсан).

Ақынның алғашқы өлеңдер жинағы 1939 ж. «Нарманбет өлеңдері» деген атпен 1939 ж. жарық көрді. «Поэты Казахстана» деген атпен 1978 ж. Ленинградта шыққан жинаққа Нарманбеттің екі өлеңі басылды. Қарағанды қаласында ақын өлеңдері кейінгі жылдары жинақ болып шықты.

Нарманбет негізінен ақын Абайға аталас туыстығы болғандықтан оны өзіне ұстаз тұтқан, шығармалары көбінесе лирикалық өлеңдер болып келеді.

1939 ж. шыққан өлеңдер жинағының алғы сөзінде Есмағанбет Ысмайылов былай дейді: «Нарманбет творчествосында ХІХ ғасыр ақыны мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласының саяси, экономикалық және әлеуметтік шындығы, бейнесі айқын көрінеді. Нарманбет творчествосының негізгі мотиві – халықтың қоғамдық өмірін айтып жырлап беру».

Нарманбет шығармашылығына қатысты біраз сөз қозғаған ғалым Б. Әбдіғазиев: «Нарманбет поэзиясын ұлы Абай дәстүрімен сабақтастырып жатқан ең негізгі нәрсе – ондағы өмір шындығын, қоғамдық құбылыстарды шынайы әрі шыншылдықпен бейнелейтін реалистік тәсіл. Нарманбет жанрлары да өз кезіндегі қоғамдық қайшылықтарды әшкереледі, жандайшап әкімдерді, болыс-билерді аяусыз сынады, халықтың басындағы ауыртпалық бұлтын сейілтуге ұмтылып, бұқараны оқу-білімге шақырды».

Ақынның «Заман», «Аждаһаның аузында», «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер», «Кер заман», «Сарыарқа», «Сарыарқа сайран жерім-ай», «Шал қайғысы», «Сахараға қарасак», «Қазақ ұлы біз тұрмыз», «Жасқаншақ бас» т.б. өлеңдерінде өзі өмір сүрген заманды, қоғамды реалистік тұрғыдан көрсетеді.

Әсіресе, «Аждаһаның аузында», «Сарыарқа» өлеңдерінде орыс отаршылдығын ашып айтып, әшкерелейді. Отаршыларды аждаһаға теңейді. Патша үкіметінің аяр саясатын, жерді алу үшін, орыс мұжықтарын қазақтың жеріне қоныстандыруын шындық күйінде көрсетеді:

Қалмады, ей, Сарыарқа, сенде қызық,
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық.
Қолыңнан келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы байғұс қазақ қалдың

Базарлы қызықтың тарқап, жер тарылып, қоныс тартылуының бәрі отаршылдық, орыс озбырлығында жатқанын ашына жырлайды.

Тек орыстар емес Сарыарқаның тарылуына қазақтың өзі де кінәлы екенін «Кер заман», «Замана» атты өлеңдерінде көрсетеді.

Ұлыққа келді жиылып,
Әруақтарға сиынып.
«Здрәсти, тақсыр» деп,
Бастарын шұлғи иіліп.

Бұл қарапайым қазақтың орыс ұлығының алдындағы мүсәпір бейнесі. Орыстың алдына келу үшін ата-баба аруағына сиынатын сорлы қазақ.

«Сарыарқа сайран жерім-ай» өлеңінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің оқиғасы әсер еткен, сол тақырыпта жазылған.

Ағартушылық гуманистік тақырыптағы «Ғылым туралы», «Көпті көрген көнемін», «Жасымда көп жорттым жолбарыстай», «Ақыл бір алтынға ұқсас доп-домалақ» дейтін өлеңдерінде анық байқалады.

«Ғылым туралы» атты өлеңінде туғаннан бастап, 8 жасқа дейінгі өмірін, яғни сәбилік кезеңін жырлайды, үлкен педагогикалық ой айтады.

Оқыса бала деген сұңқар болар,
Жүзден жүйрік, мыңнан да тұлпар болар,
Қиыр ұшып, қанынан тоят іздеп
Көрінген жан құрметтеп іңкәр болар.

Оқыған жеткіншекті жас сұңқарға жүйрік тұлпарға теңейді. Бұл таза қазақи теңеу, ұлттық ойлау, ұлттық өрнек, калорит дегеніміз осы.

Бұл бала – бүгін бала, ертең дана,
Оқымаса көңіліне бітпес сана.

Адам туған баланы надан қылып
Ата-анасы болмасын жүзі қара.

Баланың болашағы, дана болуы ата-ананың қолында, баланы жастан оқыту әрі-берден соң қарыз: сүндет, парыз деп түсіндіреді ақын.

Ғұмар Қарашұлы (1875-1921). 1875 ж. қазіргі Батыс Қазақстан, Жәнібек ауданы, бұрынғы Ішкі Бөкей ордасы, Қыркұдық деген жерде туған. Әкеден ерте айырылады. Ағайын-туыстар арқасында ауылдық жерде молладан сауат ашады. Ғұмар Жазықұлы, Ысмағұл Қашғари сияқты молдалардан, Ғұбайдолла Ғалекев хазіреттен дәріс алып, медресе бітіреді.

1902-1910 жж. өзі туып өскен ауылында, Тіленшісай, Борсы деген жерлерде жәдидше бала оқытады.

Борсыда Шәңгерей ауылында бала оқытқанда Шәңгереймен тығыз байланыста болады. Одан орысша үйреніп, еуропалық әдебиетпен (поэзия) танысады. Кейін орыс тілін жете меңгеріп А. Некрасовтың «Соғыс қаһары» өлеңін, Л. Толстойдың философиясы туралы аударма жұмыстар жасайды.

Жастайынан өлеңдер шығарып, әдеби мұраларды жинайды. Әдеби, фәлсафалық кітаптарды іздеп жүріп өздігінен оқиды.

1907 ж. бастап қазақ, татар тілдерінде шығатын кітаптарға мақалалар жаза бастайды. 1911-13 жж. әуелі Ордада, кейін Оралда шығып тұрған «Қазақстан» газетінің белсенді мүшелерінің бірі болады.

«Қазақстан» газеті алғашқы қазақ газеттерінің бірі, қазақ зиялылары Е. Бұйрин, Ш. Бөкев, Ғ. Мұсағалиев, Б. Қаратаев, Е. Мәмедовтермен бірге Ғұмар да ат салысты. Газет 1912 жылғы Лена оқиғасын жазғаны үшін 1913 ж. патша әкімнің тарапынан жабылды.

1910-1913 жж. Ғұмар Уфа, Қазан, Орынбор қалаларынан «Ойға келген, пікірлерім», «Бала тұлпар» «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Бәдел хаж» атты алты жинақ шығарады.

Қазан төңкерісі қарсаңында Ғұмар Уфа қаласындағы діни орталықтың жетім балаларға жәрдем беру бөлімінде, осы мекеменің казиы болып қызмет атқарды.

1917 ж. ақпан төңкерісіне және «Алаш» партиясына үмітпен қарайды. 1918 ж. жарияланған «Тұрымтай» жинағындағы «Көреміз бе?», «Келер ме екен?» атты өлеңдерінде, осы жылы «Сарарқа» газетінде жарияланған «Алаш азаматтарына» өлеңдерінде ұлттық, ұлтжандылық сезім басым болды. Дербес ел болу, халыққа қызмет ету сияқты т.б. мазмұнда жазылды.

Сондай-ақ «Күн туды», «Неден қорқам?» өлеңдерінде төңкеріске пессимистік көзқарасы да байқалады:

Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам,
Таң туды, мезгіл жетті деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.
Теңгеріп жарлы байды, құрып жұмақ
Теп-тегіс жұртқа жеткен тойдан қорқам
Қандары тасқан қара күштен қорқам...

Ақын бостандыққа қан төгіспен емес, басқа, бейбіт жолмен жетуді мақсаттайды.

1917 ж. мамыр айында Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне қатысады. Кейін Мәскеуде өтетін Ресей мұсылмандары съезіне делегат боп барады. Сондай-ақ, Орынборда өткен жалпы қазақ съезіне қатысып, баяндама жасайды.

Кейін «Алашорданың» ғұмыры қысқалығын сезген ақын Қазан төңкерісін іштей қабылдамаса да, жаңа дәуірге қарай икемделуіне тура келеді.

1918 жылдан бастап діни мансабын тастап, туған елі Жәнібекке келіп, Ордадағы педтехникумда сабақ береді. 1918-20 жж. Бөкей губерниясы мұғалімдерінің I, II, III, IV, съездеріне делегат боп қатысып, жарыс сөздерге шығып, баяндамалар жасайды. Осы жылдары жаңа өмірді насихаттайтын «Екеуі екі басқа» мақаласын «Дұрыстық жолы», «Жаңа жыл құтты болсын» сияқты өлеңдер жазады.

1919 ж. Бөкей губисполкомында істеп, коммунистік партия қатарына өтеді. Ордада «Мұғалім» атты журнал шығаруға қатысады. Бұл тұңғыш шыққан қазақ педжурналы еді. Осы журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды.

1919 ж. қазақ жазушыларын біріктіретін «Дұрыстық жолы» газетін шығарады.

1921 ж. II Бөкей губерниялық партия конференциясында губкомның пленум мүшесі, губкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып бекітіледі.

1921 ж. 12 сәуірде Құнаншаапқан деген жерде ақынды азаптап өлтіреді. М. Тәжімұратов: «Ғұмар өліміне Нұрқай байдың тікелей әсер етуі. Ғұмар Нұрқайдың жас әйелі Жаманқызды жақсы көрген. Осыны сезген бай ел ішінде жүрген ақ бандаларды айдап салған. Сондай-ақ, Ғұмардың жаңа оқу жүйесін енгізуге қарсы болған қадимшілдер, ақынның діни мансабын тастап жаңа өмірге бейімделуіне ыза болып күш біріктіріп өлтірген» («Біз білмейтін Ғұмар Қараш» «Ана тілі», 1991, 18-сәуір) деген жорамал айтады.

Зерттелуі: Кеңес дәуірінде «Алашорда» ақыны ретінде танылды. Сәкен: «Тар жол тайғақ кешуде» «... Қарашұлы Омар «Алаш» ұранын

жыр қылып, кітапша жазып шығарды. Ұмытпасам, кітапшаның аты «Терме» еді. Кітапшасында Әлекеңгі (Әлихан Бөкейханов) мақтайды», десе, Сәбит Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында Ғұмар шығармаларын талдап отырып: «Өрнек» қазақтың жаңа байларының сойылын соққан шығармалардың қаламынан прогресс есебінде шыққан бірінші діни кітабы еді. Бұдан кейін дін мәселесіне кітап жазған ұлтшылдардың бәрі осы «Өректе» қозғалған мәселелерді тереңдетті» – деп сынады. Ал, П. Пахмурный «Қазақстан большевиктері 1905-07 жж. Төңкеріс кезінде» кітабында (А., 1976 ж.), В.К. Григорьев «Текетірес» (А., 1987) кітабында Ғұмарды Алашорда жыршысы ретінде әшкерелемек болады. 1931 ж. Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияда» Ғ. Тогжановтың Ғұмар туралы мақаласы шықты.

Қазақтың көрнекті ақыны ретінде: М. Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаевтар «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1993) оқу кітабына енді. Ф. Березовскийдің 1936 жылғы «Красная новь» журналының №3 санындағы «Қазақ әдебиеті» мақаласында ақынды Абай дәстүрін жалғастырушылар қатарында қарастырады. Е. Ысмайылов 1943 ж. «XX ғасырдағы қазақтың демократияшыл әдебиеті» атты кандидаттық диссертациясында ақын шығармашылығын жоғары бағалайды.

1947жылғы «Қазақстан коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» қаулысынан соң Шортанбай, Мұрат, Шәңгерей, Сұлтанмахмұттармен қатар Ғұмар да феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындағы ақындар қатарында саналып шығармалары оқуға тиым салынды. 1959 жылғы «Әдеби мұра және оны зерттеу» атты конференциядан соң Ғұмар мұрасына көзқарас біраз түзелді.

1962 ж. Мәскеуде жарық көрген «Философиялық энциклопедияда С. Зиманов пен М. Исмағұлов Ғ. Қараш еңбегін жоғары бағалап айтты.

1989 жылғы ҚКП ОК «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40 жылдары кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөнінде» қорытындысынан кейін Ғұмар шығармашылығы да зерттеле бастады.

– С. Ысмағұлова «Қиын да сұлу тағдыр». «Жалын», 1989, №2, «Тайталас тағдыр кешкен» «Соц. Қазақстан», 1989, 15 ноябрь; Р. Жанғожин, С. Созақбаев «Қайраткер Ғұмар Қарашев». «Қазақ әдебиеті», 1989, 29. XII; М. Тәжімұратов. «Біз білмейтін Ғұмар Қараш». «Ана тілі», 1991, 18. 04.; «Ағартушы, ойшыл, қайраткер ақын» (Ғұмар Қараш. Замана. Алматы: Ғылым, 1994, алғы сөз Қ. Сыдықықов).

Әдеби мұрасы: 1910-1912 жж. Орынбор. «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары, «Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы

һәм ноғайлы батырлары уа ғайри мағаналы жырлар» деген екі жинақта Байтоқ, Жанұзақ, Доспанбет, Қазтуған, Шөлгез, Әсет, Шәңгерей шығармаларын «Ер Шобан», «Әділ сұлтан», «Едіге», «Тоқтамыс», «Орақ-Мамай» жырларын жинап жариялайды; 1911 ж. Уфада «Бала тұлпар», «Тумыш»; Қазанда «Қарлығаш»; 1914 ж. Орынборда «Аға тұлпар» 1918 ж. Уфада «Тұрымтай» кітаптары жарық көрді.

Ғ. Қараштың көркем қара сөзбен жазған шығармасы «Томан байдың баласы Әділ мырза, я болмаса Байғазы байдың қызы ару Шандоз»: Әділ мен Шандоздың айттырылуы. Шандоздың ұзатылу оқиғасы. Әңгіме халық салт-ғұрып: құда түсу, айттыру, қыз ұзату, той жабдығы, қалың беру, күйеу қабылдау т.б. мәселелерді қамтыған прозалық үлгідегі шығарма. Әңгіме өлең және қара сөзбен араласып отырады.

Публицистикасы: 1910 ж. Орынборда басылған «Ойға келген пікірлерім» кітабына фәлсафалық, діни мақалалары енді, 1911 ж. Уфада шыққан «Өрнек» жинағындағы мақалалары, 1913 ж. Қазанда басылған «Бәдел хажы» кітабына әртүрлі тақырыпты қамтыған мақалалары енді.

«Қазақстан газетіне» (1911-13) «Бұл қай заман?», «Тіршілік таласы», «Газет деген не зат?», «Тәнсіз жан жоқ», «Бану», «Жастарға» т.б.; «Айқап» журналында «Ахмет Жанталинге жауап», «Әрине күнелту турасында» мақалалары жарияланды.

Бекет Өтетілеуұлы (1883-1949). Бекет Өтетілеуов 1883 жылы бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезіне қарасты Всесвятск болысының №1 ауылында (қазіргі Қостанай облысының Сарыкөл ауданына қарасты Қараоба ауылы) орта дәулетті отбасында туған. Орыс-қазақ мектебінде оқып білім алған, мұғалімдер даярлайтын арнайы курсты бітірген. Содан өмірінің ақырына дейін жасөспірімдерге ұстаздық етті. 1923-1928 жылдары Қостанайда Ы. Алтынсарин ашқан, соңынан «Қазкоммуна» деп аталатын мектепте меңгеруші, 1925-1929 жылдары аймақтық оқу комитетінің төрағасы, 1930-1949 жылдары мұғалім болып жұмыс істеді. Б. Өтетілеуовтің тұңғыш «Дүние ісі ақыретке кетпес» – атты кітабы 1912 жылы Қазанда басылып шықты. Келесі кітабы «Жиған-терген» 1914 жылы Орынборда басылды. Бекет Өтетілеуов негізінен аудармашы ол И.А. Крылов, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, В.А. Жуковский, А.Н. Плещев шығармаларын қазақша сөйлетті.

Ақын, аудармашы Бекет Өтетілеуов 1949 жылы 9 маусым күні өзінің туған жері – Қараоба ауылында қайтыс болды. Б. Өтетілеуов өлеңдері мен дастандары, аудармалары мен мақала, хаттары – ел жөніндегі естеліктер қосылып 1961 жылы жарық көрді.

Бекет Ғабит Мүсіреповтың алғашқы ұстаздарының бірі болған. Ғабит Мүсірепов қазақтың біртуар азаматы, жазушы Бекет Өтетілеуовтен білім алып, оның тікелей басшылығымен әдебиетке деген құмарлығын шындай түсті. Бекет Өтетілеуов, бір жағынан, Абай салған реалистік жолдың, екінші жағынан, Алтынсариннің педагогикалық ұстанымдарының жалғастырушысы ағартушылық ағымның көрнекті өкілдерінің бірі болды. Ол бала Ғабиттің әдебиетке деген ыңғайын байқап, талабын ұштаған ағартушы-педагог қазақ әдебиетін заңғар биікке көтерген ұлы суреткердің қалыптасуында орасан рөл атқарды десе де болады. «Бекет менің қиссаға құмарлығымды білгеннен кейін, мені әдебиетке тарта бастады. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады. Бірақ «кәне, несі ұнады?» деп сұрағанда, мен оған жауап айта алмадым. Содан соң ол маған бір жетіге «Шаһымаран» қиссасын беріп, кейін ертегі ретінде түгел айтқызып шықты. Желілі әңгіме есте қалған екен, мен сүрінбей айтып бердім. Бір кеште, Бекеттің өз үйінде он шақты адамға тағы бір тыңдатты» деп алғаш оқыған шығармасының өзін несімен ұнап, несімен ұнамағанын айтып беру үшін әдеби-теориялық білімнің қажет екенін ұғындыра білген терең психолог-педагогтың баланың көкірегіндегі титтей талантты ұштаудағы әдісін аңғарамыз.

Әріп Тәңірбергенов (1856-1924). Әріп (толық аты Мұхаметғарып) Тәңірбергенов 1856 жылы, қазіргі Семей облысының Жарма ауданында туған; Найман ішіндегі Сыбан руының Жангөбек атасынан. Оның әкесі Тәңірберген кедей, момын шаруа болған.

Әріп жасында өз еліндегі мектеп, медреселерде оқыған сияқты. Ол ер жеткен кезде өкіметтен орыс мектептеріне қазақ балаларын алып оқыту туралы бұйрық болады. Байлар, елдің игі жақсылары өз балаларын орысша оқуға беруге қорқады. Орталарынан Әріпті жалдайды. Осы ретпен Әріп Семей қаласына барып, сондағы орысша діни оқуға түседі. Оны 1871 жылы бітіріп шығады.

Әріп зерек болады. Мұсылманша мектеп, медресеніде орысша школаныда жақсы оқып бітіреді. ол қазақ, шығыс, орыс әдебиеттерін жақсы біледі; орыс, қытай, араб, фарсы тілдерін біледі. Сондықтан да «Ғылым» деген өлеңінде Әріп:

Ғылымға жас күнінен қылдым талап,
Талпынып, төрт лұғаттан тағылым ап –
дейді.

Әріп орыс школасын бітіріп шыққан соң, әуелі, өз елінде бірнеше жыл мұғалім болып істейді, осы кезде ол Абаймен жиі ұшырасып жүреді; онан соң, үш-төрт жыл Шәуешекте орыс консулының

тілмәші болып тұрады; ақырында, бұрынғы Жетісу жағында (Фрунзеде, Алматыда) почта қызметкері болып істейді.

Қазан төңкерісінен кейін Әріп Алматыда, өз елінде сот қызметінде болады. Тергеуші, атбекет болып істейді. 1924 жылы күзді күні өз елінде қайтыс болады.

Әріп оқуын бітірген кезде батап өлең, қисса жазумен айналысады. Оның революциядан бұрын жазған көптеген ұсақ өлең-жырлары, қисса-поэмалары, айтыс өлеңдері, орыс тілінен аударған шығармалары бар. Әріп шығармаларының біразы «Мені де ұмытпаңдар» (1970) деген атпен шықты.

Әріптің қисса-поэмалары «Зияда», «Қожа Ғафан», «Тәһір», «Нұрғазарұн» деп аталады. Бәрі де ертең-аңыз сюжетіне жазылған дастан, ел аузында айтылып жүрген, кейбіреуі кітап болып басылған.

Әріп А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын, Лермонтовтың Пушкин өлгенде жазған «Ақын өліміне» деген өлеңін қазақ тіліне аударды. «Евгений Онегиннің» Әріп аударған нұсқасын ел ішінде, әуелі, Әсет ақын айтып жүрген. Кейін халық ақындары Қуат Терібаев, Сапарғали Әлімбетов айтып жүреді. Осылай көптен, әркім айтып жүргендіктен кейін оның өзі үш түрлі айтылатын болады. Олар 1937 жылы Пушкин шығармаларының қазақ тіліндегі толық жинағында басылды.

Жетісу жағында қызмет істеп жүрген кезінде Әріп Маман ауылына көп қатынайды. Сол ауылдағы атақты Сара қызбен танысады; көңілі жақын болады. Сараға арнап ұзақ өлең жазады. «Біржан-Сара» айтысын жазып шығарады.

«Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» 1898 жылы жазылып, 1899 жылы кітап болып шыққан.

Бірақ, әлде қызметі жайынан ба, әлде Абайға еліктеуі ме – әйтеуір әуелгі кезде Әріп шығармаларына, әсіресе кітап болып шыққан қиссаларына аты, жөнін ашық жазбаған. Осыдан қазір бізде, әдебиетшілер арасында «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» жөнінде үлкен дау, талас бар. Оны біреулер Біржан мен Сара өздері шығараған дейді; енді біреулер Шайхұлисламов Жүсіпбек қожа шығарған дейді; енді біреулері Тәңірбергенов Әріп шығарған дейді.

Бізде бұл айтыстың кітап болып басылған екі нұсқасы бар. Олардың бірі – «Біржан сал мен ақын Сара қыздың айтысқаны» (1898), екіншісі, «Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» (1899) деп аталады. Әріп 1884 жылы

«Зияда» деген ертең-аңыз, фантазиялы-романтикалық поэмасын жазады. Ол осы поэмасын Абайға оқып бергенде Абай қатты ашуланады. Сол орайда (1889 жылы) ол өзінің әйгілі «Мен жазбаймын

өлеңді ермек үшін» деген өлеңін жазады. Онда өз маңындағы ақындарға, әсіресе, Әріпке:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ, барды, ертегіні термек үшін...
Сөз айттым әзірет Әлі айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз...

деп сын, ескерту айтады.

Бұл сөздер ақындарға қатты тиеді. Өте-мөте, Әріп қатты намыс қылып, кектенеді. Абайдан есесін қайтармақ болады. Осы оймен ол «Біржан-Сара айтысын» жазады. Онда Сара айтты қылып, Абайды, Тобықты руын, оның бірсыпыра адамдарын жамандайды. Абайдан өз кегін, Тобықтыдан өз руының кегін шынымен-ақ алғандай болады.

Әріп «Біржан әсара айтысын» жазып, онда Абайды, Тобықты руын сынауын сынаса да оны өзі жазғанын айтпайды, айтысқа автор болып қол қоймайды (тегі ел арасы бұзылып кетеді деп қорыққан болуға тиісті). Алайда, Тобықты, Абай, оның маңында болғандар мен Әріпті білетін ақындар ол айтысты Әріп жазғанын біледі.

Әріп ақынның бұрынды-соңды әр алуан тақырыпқа жазған көптеген ұқсас өлеңдері бар. Оларды жазылу мезгілі жағынан үш топқа бөлуге болады. Бірінші; ақынның XIX ғасыр ішінде жазған өлеңдері; екінші, ақынның XX ғасырдың бас кезінде (Қазан төңкерісінен бұрын) жазған өлеңдері; үшінші, ақынның Қазан төңкерісінен кейін жазған өлеңдері деп бөлуге болады.

Әріп XIX ғасыр ішінде көбінше қиссалар, айтыс өлеңдер жазумен айналысқан сияқты. Сондықтан болу керек, оның бұл дәуірде жазған ұсақ өлеңдері, бір жағынан аз, екінші жағынан үйрену, машықтану ретінде жазылған деуге болады.

Өйткені Әріптің XIX ғасырда жазған ұсақ өлеңдерінің бәрі дерлік арнау болып келеді. Ақын оның кейбіреулерін құрбы-құрдастарына, кейбіреулерін балалары мен шәкіртеріне арнап насихат, мысал, нақыл, әзіл етіп жазады. Олардың мазмұны заман, дүние, дін, адамгершілік, аброй, мінез-құлық, оқу, байлық, тағы, тағылар болып отырады.

Әріп XIX ғасырда жазған мейлі поэма-дастандарын да болсын, мейлі ұсақ өлеңдерінде болсын көбінше нақты, күнделікті өмірді, қазақ өмірінің шындығын мес, ертекттерді, ертедегі аңыз, әңгімелерді тақырып етіп алып, жалпы ізгілік, адамгершілік мәселелерін сөз етеді. Ол әлі толық реалист емес. Осыдан Әріптің бұл өлеңдері айтарлық мағыналы, көрікті емес. Әріптің XX ғасыр басында, Қазан төңкерісінен бұрын жазған ұсақ өлеңдері әрі көп, әрі олардың көбінің тақырыбы күнделікті, нақты өмір, қазақ өмірі, қазақ өмірінің кейбір түйінді мәселелері болып келеді. Ақынның орыс халқының классик әдебиетінен,

Абайдың сынынан, шығармаларынан едәуір үлгі, өнеге алғаны байқалады. Осының арқасында Әріп бұл кезде реалист, сыншыл реалист деңгейіне көтерілген ақын.

Әріптің Қазан төңкерісінен бұрын жазған ұсақ өлеңдері ішіндегі тақырып-идеясы жағынан болсын, көлем-көркемдігі жағынан болсын ең маңыздысы, ең көрнектісі «Еңбек туралы», «Қалың мал туралы», «Ғылым туралы» деген өлеңдері десе болады. Сондықтан біз оларды түгел келтіріп, талдаймыз. Әріптің «Еңбек туралы» өлеңі 1905 жылы жазылған-ол былай болып келеді:

Сорла лім көріп жүрсін еңбекті жау,
Ел кезіп, өсек айтып, ізденіп дау.
Істейтін бар кәсібің-ұрлық, зорлық,
Кісі жоқ алдын ойлар бір дені сау.
Байлар жүр мансап іздеп құр далақтап,
Көрінбей малы көзге жүр алақтап,
Би мен болыс көрінсе қошемет қып,
Қойын сойып, ет тартар қос табақтап.
Өз обалың өзіңе тоқталмасаң,
Ет, қымызбен боп жүрсін бәрін масаң.
Аузыңды ұстап, саныңды бір қағарсың,
Тыйылып бұл әдеттен басылмасың.

Әріп бұл өлеңінде қазақ арасындағы бектік-феодалдық қалып қалдықтарын сынайды: Қазақтың байлары мен би-болыстарының ел ағасы адамдарының, қожа-молдаларының қанаушылық, озбырлық ашқарақтық, паракорлық, дауқестік, надандық, шаруаға қырсыздық ынтасыздық мінез-қылықтарын, іс-әрекеттерін бәрін атап-атап сынайды; орынды, өткір сынайды. Халықты еңбекке, өнерге, кәсіпке, ілгері ұмтылуға шақырады. Әріптің «Қалың мал туралы» өлеңі 1910 жылы жазылған. Ақын бұл өлеңінде де қазақтың ескі ру-ақсақалдық салт-санасын, ғұрып-әдетін сынайды. Қазақтың әйелді кем көру, теңіне, сүйгеніне бермеу, зорлап малға сату, қатын үстіне, шалға сату сияқты оңбаған әдетін сынайды. Әйелге адамгершілік көзбен қарауды, адамның бас бостандығын, әйел теңдігін көксейді, талап етеді. Ол былай болып келеді.

«Теңін тапта, тегін бер!» – түгел жұртым.
Аумас көңіл, айнымас жүрек осы.
Жас қызды алпыстағы шал алады,
Әйел жағы тағы кем саналады.
Әлгі шалда үш қатын бұрын болса,
Мал беріп, төртінші ғып ала алады.
Әке, шеше, ағасы ұнап қойса,
Оларды жас қыз қайтып қала алады.

Әріптің «Ғылым туралы» өлеңі 1906 жылы жазылған. Ақын оны мысалдап, балаларына өсиет етіп жазған. Әріптің оқу, өнер, ғылым туралы жазған өлеңдері, айтқан үгіт-насихаттары толып жатыр. Мына өлеңі солардың бәрінің жинағы, ақынның қорытынды пікірі тәрізді. Сондықтан Әріптің бұл өлеңі тек балаларына ғана емес, бүкіл жастарға, халқына айтқан өсиеті болып шыққан. Ақын халықты оқуға, өнерге, ғылымға шақырған . ол былай болып келеді:

Мисалы: дүние- теңіз, ғылым-кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме.
Толқыны тауға ұқсаған мына заман
Сезе ме мұны даңғой, жаһіл неме.
Суы ащы бұл теңіздің іші жайын,
Толқыны төңкерілген барған сайын.
Қауыпсыз балық аулап пайдаланар,
Сенімді кеме болса кімде дайын.

Сонымен, Әріп Тәңірбергенов өзінің жазушылық сапарын насихат, арнау өлең жырлар мен ескі, ғажайып ертеңкі сюжетіне бұрынғы шығыс шығыс әдебиеті стилінде қисса, дастан жазудан бастайды. Сонан Абайдың сыны, кеңесімен, Абай шығармаларының, орыс халқы үлгілі әдебиетінің әсерімен бірте-бірте демократтық, реалистік бағыт, әдіске келді; сыншыл реализм дәрежесіне жетті.

Сол бағытта ол, қазақ халқының өз тұсындағы тұрмысынан, қоғамдық өмірінен алып, бірсыпыра өлең, жыр жазды; «Біржан-Сара айтысын» шығарды. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінде демократтық-ағартушылық бағыттың, сыншыл реализм дәстүрінің қалай өсіп, қалыптасқанын зерттеу, айқындауда Әріп шығармаларының едәуір мәні бар.

Бернияз Күлеев (1899-1923). 1899 ж. Бұрынғы Торғай облысы, Ақтөбе уезі, Бөрте болысының бесінші ауылында дүниеге келіпті. Әкесі Бекен орта шаруалы адам болса да, Бернияздың туысқандары оқыған, көзі ашық адамдар болған: немере ағасы Сағындық ұзақ уақыт бала оқытып, халық ағарту ісіне ат салысқан, немере апасы Аққағаз Досжанова жоғары дәрежелі білім алған, қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш дәрігерлердің бірі, туған анасы Мариям да хат таныған, ақындық өнері бар адам болыпты, ақындар айтысына қатысқан көрінеді. (Мерғали Ешмағамбетов естелігі бойынша). Ал өзінің жерлес, ауылдыастарының бірі Жұмабай Оразалин «Хұснияз» медресесін бітірген, бала оқытқан, Қазақ университетін бітіріп, жоғары дәрежелі білім алған Н. Атантаевтар. Бұлар қазақ арасына өнер-білім таратушылар болғанын ескерсек, Бернияздың ақындық

келбетінің қалыптасуына, ұшқан ұясының әсері де аз болмағанын көреміз.

Жоғарыда аталған туыстарының ықпалымен Бернияз ең әуелі ауыл мектебінен оқып қара таниды да, кейін орыс мектебіне барып бастауыш класында оқиды. Осында жүріп көркем әдебиетті оқиды. Орыс, татар, қазақ классиктерінің шығармаларымен танысуды мақсат етіп, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Абай, Тоқай, Дәрдімәнт өлең-поэмаларын, кейін замандас жазушылары Сұлтанмахмұт, Сәбит шығармаларын оқып танысады.

1915 ж. Бөртедегі екі кластық орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Оны аяқтағаннан кейін 1917 ж. Орынбор қаласындағы оқытушылар семинариясына түседі. Бірақ сол кездегі жағдайға байланысты (революция, ақ-қызылдар соғысы т.б.) оқуын тастауға мәжбүр болады. Осы кез «Шын сүйіскендер» атты пьеса жазып, бас рольде өзі ойнап Торғай облысы советтері съезінің делегаттарына арнап қойып береді.

1919 ж. оқуын қайта жалғастырмақ болып Орынборға қайта келеді, бірақ ол кезде қала ақтар қолында болатын, осында жүріп совет қызметін атқарып оқуына жөндеп көңіл бөле алмайды. Сол кезде ақын қаламынан «Ел ерлеріне», «Алға», «Қуларға», «Заман-ай» сияқты бір топ өлеңдер туады.

1920 ж. Қазақстан халық ағарту комиссариаты Берниязды оқу құралдарын және көркем әдебиет нұсқаларын шығару ісіне басшылық жасау үшін Қазан қаласына жібереді. 1920 жылдары Бернияздың тікелей басқаруымен Абай, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Мағжанның өлеңдер жинағы басылып шығады.

1923 ж. 29 қаңтарда Бернияз Бекенұлы Күлеев Қазан қаласында жастай қайтыс болады.

Осы қазаға байланысты Мағжан былай деп жазады: «29 январьда Қазанда жас ақынымыз Бернияз Күлеев өзін-өзі атып дүниеден қайтты. Жиырма-ақ жаста екен... Бернияздың өз өмірін өз қолынан бітіруіне қандай себеп болғаны бізге мағлұмсыз. Алайда, жастықпен, әсіресе, тәртіпті дұрыс тәрбие алмаудан туған бір себеп болуында шүбә жоқ. Олай болса, жас жанның мұндай жолға түсуіне өзінен бетер әлеумет айыпты. Түзу жолға сала білмеген, дұрыс тәрбие бере білмеген әлеумет. Аласұрған жас жанның қолына мылтық беруші сол. Осыны ұғыну керек. Үмітті жасымыз неге ерте кетті деп емес, неге ерте кетірдің деп ренжу керек. Кінә сенікі емес, көптікі. Жаның тыныш болғай еді жас ұлан!» Бұл мақала «Бернияз Күлеев» деген атпен 1923 жылғы «Ақ жол» газетінің 23 ақпанындағы санына басылады. Осы азнамада Мағжан Бернияздың өмірі мен шығармашылығы туралы айтады. Бұл ақын шығармашылығы туралы алғашқы пікір, ой.

Шығармашылығы: Бернияз Күлеев қысқа өмірінде 200-ге тарта өлең-толғаулар, қысқа шумақтар, баллада поэмалар жазып, орыс классикасының кейбір үлгілерін қазақ тіліне аударды.

Көзінің тірісінде жекелеген шығармалары баспа беттерінде жарияланғаны болмаса, кітап болып шықпаған. 1969 ж. «Айтшы, аққайың» атты жинағы жарияланды. Алғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбаев.

Ал зерттелу жағына келсек, ең бірінші ой айтқан Мағжан екенін айттық. Белгілі фольклоршы, композитор А.В. Затаевич (1869-1936) «1000 песен казахского народа» М., 1963 еңбегінде: «Жас қазақ Бернияз Күлеев... қазақ өлеңдерінде, татар әндерін де айтады, сүйеді. 1923 ж. Қазанда қайтыс болды», – деп есімін еске алады. Бернияз орындаған алты қазақ өлеңінің нотасын келтіреді.

1928 ж. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің №72 санында Мерғалидың «Күлей ұлы Бернияз» мақаласы басылды.

Ы. Дүйсенбаев Бернияз өмірі, шығармашылығы жайында көлемді еңбек жазды. («Эпос ж/е ақындар мұрасы» А., 1987).

Ж. Тәжібаев «Б. Күлеев шығармалары хақында» мақаласында (ҚССР ҒА Хабарлары, 1988, №2) ақын шығармаларының тақырыптық, идеялық жағына назар аударады

Лирикасы: Бернияздың әдебиет майданына шыққан кезі төңкерістің қарсаңы болатын. Ақынның «1917 жылға», «Бостандық күйінде», «Бұлт» деп аталатын өлеңдерінде сол кездегі қазақ ауылының тіршілігіндегі маңызды мәселелерге тоқталады. «Бұлт» өлеңінде ақын іштей қорқыныш пен күдігін білдіріп, болашақ не әкелер деген қаупін білдіреді. Сонымен қатар «Жорықтан соң», «Соғыс майданында», «Ел ерлеріне», «Алға», «Жастар үшін» т.б. өлеңдерінде сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік, моральдық, философиялық мәні бар мәселелерді қозғап, өзіндік ойын білдіреді.

Ақынның енді бір топ өлеңдері ХХ ғ. басындағы әдебиетте өзекті болған қазақ әйелдерінің халін бейнелейтін туындылары «Қыздың мұнажаты», «Қазақ қызы», «Әйел сөзі», «Бостандық болғанда бір қыздың тілегі», «Қыздар зары» өлеңдерінде теңсіздік, қалың малға сатылу сияқты әйелдер жағдайын тақырыптың бір қырын ғана айтумен шектелмейді, өзі тапқан тың жаңа жайларға, мінез-құлықтарға көңіл аударады. Бернияз өмір сүрген тұста (1914-18 жж.) қазақ қыздары біраз көздері ашылып, бостандықты сезе бастады. Осы көрініс ақын өлеңдерінде анық сезіледі.

Алдыңнан аталығың айтып өттім,
Білмесең, өз жолымды табам, әке.
Атамсың, борышымды білем, әке,
Қайырылсаң, құшағыңа кірем, әке.

Әйтпесе, амалсыздан айырыламыз,
Мен, тұрдым, мен қозғалдым - жүрем, әке!..
Қош, кеттім, «көргенсіз» деп сөкпе, әке! –
деп батыл мінез көрсетеді қазақ қызы.

Ақынның лирикалық мұрасының біразы – ғашықтық лирика: «Қайтер едің», «Ғашығыма», «Шын сұлуға», «Ұшпақтағы жарыма», «Жұмақта», «Айныған аруға», «Шер шыдатпай, саған арнап» т.б. жастық желісі, сұлуға ынтықтық, табиғи қалпында ішкі жан сезіммен жеткізіледі.

Ақын лирикасында табиғат көрінісі де едәуір орын алады. «Қызықты жаз»,

«Бұлт», «Түн», «Жаздың алды», «Жазғы дала», «Таң алдында», «Жапыраққа қарап», «Әдемі түр», «Жаз», «Күз», «Жас теректің жапырағы», «Шолпы» өлеңдерінде табиғаттың әр кездегі құбылысына, табиғат тынысына бойлай еніп жырлайды.

Бернияз өлеңдерінен аңғарылатын енді бір сарын-жүрек жарасы, ой толқындары, ұйқысыз түндер мен беймаза күндер, жалғыздық, жабығу, сағыныш, өлім туралы жыр жолдары жиі ұшырасады. Әсіресе, 1923 жылдың алғашқы айларында он шақты өлең жазады. Негізгі сарын-өлімнің есік қағып тұрғаны, өмірмен қоштасу т.т. «Өмір-өлім», «Өлім-құрдым, өмір-өзен», «Ал, жүрегім, өлейін», «Мен есіткен көп адам» бір тақырыпты қамтиды.

Өлім-құрдым, өмір-өзен жоғалат,
Өсер өзен тұрмыс жасы сорғалап.
Тағдыр желі еркіне қоймай айдаса,
Сорлы қу бас қайда кетпес домалап?!
Тағдыр желі домалатқан мен қу бас,
Жаралған соң жайым бар ма қаңғымас
Кім көмеді өлсе жаным алыста,
Көреді кім жалғыз жүріп төксем жас, –

деп өзінің мұнын шертіп барып тоқтайды. Өлімге философиялық қорытынды жасамайды, әйтеуір баратының қара жер болған соң қазірдің өзінен-ақ жөней бер, қиыншылық тап, өйткені бұл жалғанда ештеңе жоқ, алдамшы нәрсе деп торығуға түседі.

Поэмалары: Ақыннан қалған төрт поэма бар: «Жердің жүзі жаз еді», «Қайда екен», «Жорық» және аяқталмай қалған «Гүл» атты туындылары.

«Жердің жүзі жаз еді» туындысын Ы. Дүйсенбаев поэмадан гөрі лирикалық толғаныс деп атау керек. Өйткені бұл шығармада белгілі сюжет жоқ» – дейді. Ал енді Бернияз мұрасын зерттеуші Райхан Батырбекова: «Сюжет жоқ, дегенде де оқиғалар тізбегі бір арнада

түзіліп, қатар өрілуі де шарт емес екені белгілі... Ол автордың өз еркі, өз шешімі. Ақынға ол үшін ұйтпеді, бұйтпеді деп талап қоюға болмайды», – деген ақтау айтады.

«Қайда екен?» атты туындысын 1922 ж. 12 тамызында аяқтапты. Бернияз өлеңге Абайдың «алты аяқ» түрінде жазған. Ақын ел тағдыры, заман өзгерістері, адам өмірі туралы толғанып шығармасын алты тарауға бөліпті: бірінші тарауда – бай табиғат суреттері, әсем ауыл, ел аман, жұрт тыныш, берекелі сәнді өмір де болғанын суреттейді; екінші бөлімінде – балалық кез, оқыған оқу, жас кез-махаббат кез, жас сұлудың сүйкімді бейнесі т.б.; үшінші – бөлімде-кейіпкер (ақын) уақыт талабымен алысқа кетеді, сүйгенін сағынады, хат жазысады т.б.; төртінші, бесінші тарауларда – ғашықтар тағдыры сұрапыл заманға тап боп трагедияға ұшырайды; соңғы алтыншы бөлім – көлемі үлкен шығарма мазмұнын жинақтайтын түйін.

«Жорық» поэмасында ақын көбінесе өз атынан сөйлейді. Негізінен тарихи оқиғалар, ер жрек батырлар ерлігі әсер еткен, содан өз қиялындағы батыр бейнесін сомдайды.

«Гүл» атты көлемді шығармасы аяқталмай қалған. 558 жолдан тұратын шығарманың 156 жолы кіріспеге арналған. Онда ақын көбінесе басқа өлеңдерінде көбірек жырланып келген жағдайларды қайталайды, көбінесе ақынның жалғыз жан екендігі, қайғырғанда тірі пендені көргісі келмейтіндігі сияқты торығулар.

Аудармалары: Ақынның аудармалары көп емес: И.С. Никитиннен бір өлең, Н.Г. Цыгановадан (жергілікті ақын) бір өлең, А.С. Пушкиннен алты өлең аударған.

Пушкиннен «Бұлбұл», «Ажал», «Мұң», «Сүю», «Ақын», «Бар ойым бастан кетті көзім көріп» деген өлеңдерін тәржімалайды.

Тайыр Жомартбаев (1884-1937). Тайыр (азан шақырып қойған аты Тайлақбай) Жомартбайұлы 1884 жылы Семей губерниясы Шыңғыстау өңіріндегі Мұқыр болысында «Ақдала» деген жерде, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Көкбай ауылында дүниеге келген. Руы Тобықты ішінде Көкше, оның ішінде Боқай, яғни Абайдың досы, әрі шәкірті Көкбай ақынмен, әнші-ақын Ағашаяқпен (Берікбол) аталас, әрі ауылдас, ағайын адам.

Жомартбай кедей болғанымен, көкірек-көзі ашық, ескіше сауатты, жайдары мінезді, тілге шешен, жұртқа қадірлі, абыройлы адам болған.

Кедейліктің салдарынан Жомартбай балалары ауыл байларының малдарын бағып, жұмысын істеп күн көреді. Көп балалы жанұяда өскен Тайыр да өмір ауыртпалығын ерте арқалап, қиындықты көп

кешеді, оқуды көп кейін бастайды. 12 жастан бастап ауыл молдаларынан ескіше сауат ашқан ол, 20 жас шамасында Абайдың замандасы Көкбай ақын ашқан Тақыр деген жердегі медреседе оқып білім алады. Медреседе бірнеше тіл үйреніп, ақынның тәлім-тәрбиесін көріп, үлгі-өнеге алған Тайырдың оқуын әрі қарай жалғастыруға, өнер-білімге деген құштарлығы онан сайын арта түседі. Көкбайдың 1901 жылы Мұқыр болысына молда болып сайланғандығы, мұрағаттық деректерден белгілі.

Тайыр медреседе алған білімді толықтыру мақсатында әрі қарай оқуды ойлайды. Оған кедейліктің салдары бөгей береді. Әйтсе де ағасы Хасен інісінің білім алуға деген талабын қайтарғысы келмей, Семей қаласына әкеледі. Қалада өздерінің аталас бір ағайындарының үйіне орналастырып, медресеге оқуға береді. Өзі Тайырға қаражат тауып көмектесу мақсатымен қаланың байы Зенковтың қолында 6-7 ай әр түрлі жұмыстар істеген. Тайыр да сабақтан бос уақыттарында үйдегі жеңгесі Рахияға, сонымен бірге қаланың ауқатты байлары Зұлқарнай, Жақия қажы сияқты адамдарға жалданып жұмыс істейді.

Ауылда алған аздаған білімін дамыта жүріп, оқуға аса ынталы, зерек Тайыр медреседе үздік оқып, ұстаздарының көзіне түседі. Арасында орыс мектебіне де түсіп, орысша үш сыныптық білім алады. Семейде оқыған жылдары қалада тұратын Тобықты елінің ауқатты адамдарының үйіне барып тұрады. Сондай жиі баратын үйлері – Жақия қажы, Қаражан байдың үйлері. «Тайыр Семей медресесіндегі оқуын тамамдағаннан кейін, одан әрі оқуды ойлайды. Сол кездегі әйгілі оқу орны медресе «Ғалияға» түсіп оқуды армандайды. Ол арманына жаңағы Жақия бастаған байлардың қамқорлығының арқасында ғана қолы жетеді. Қолы ашық Жақия қажы сияқты мырза-жомарт байлар Тайырдың оқуына, тұрмысына жетерлік ақша жинап беріп, оны Уфа қаласына аттандырады».

Тайыр 1908 жылдар шамасында Уфа қаласына барып «Ғалия» медресесіне түседі. 1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі оқуын аяқтаған Тайыр сол жылы қыздар гимназиясын бітірген татар қызы Адығия Фахрисламқызы Ормановаға үйленіп, Семейге қайтып келеді.

Семейдің қазіргі Жаңа Семей бөлігі ол кезде Заречная слабодка деп аталатын. Сонда келіп Адығия екеуі де 1910 жылы ашылған Жақия қажы мектебіне орналасады. Тайыр сол мектепте ер балаларға, әйелі Адығия Фахрисламқызы қыз балаларға сабақ береді.

1912 жылы Қазақстан территориясында тұңғыш Семей қаласында «Ярдам» баспаханасы ұйымдастырылған еді. Сол «Ярдам» баспасынан 1912 жылы шыққан тұңғыш кітап – Тайыр Жомартбаевтың «Балаларға жеміс» атты балаларға арналған кітабы. Екінші М. Малдыбаевтың

балаларға арналған оқулығы «Оқу кітабы» болса, үшінші Тайырдың «Қыз көрелік» атты романы еді. Бір жылда екі кітабының шығуының өзі ағартушының бір жылдың өзінде қаншалықты еңбектенгендігін байқатады.

Осы Семейде жүрген кезеңінде Т. Жомартбаев жаңашыл мұғалім ғана болып қойған жоқ, қаладағы мәдени – ағарту істеріне де қазақ зиялыларымен бірге белсене араласқан, солардың бел ортасында әдебиет, мәдениет қайраткерлерінің қатарында болған. Мұны сол кезде шығып тұрған «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында жарияланған мақалалардан да білеміз.

1915 жылы Тайыр Семейден Зайсанға қоныс аударады. Қоныс аударуының себептері Тайыр өмірбаянына қатысты деректерде былайша баяндалады. Мәселен, Қ. Мұхамедханов: «Жаңашыл педагогтың медреседе жаңа әдіс бойынша сабақ беруі ескішіл молдаларға ұнамайды. Ақынның өнер-білімді насихаттап, молдалардың өзімізгі мінез-құлықтарын әшкерелеп жазған өлеңдері олардың өшпенділігін онан сайын күшейте түседі. Ақыры олар Тайырды медреседен қуады. Бұл оқиға 1916 жылы болады.

Тайырмен жақсы таныс және қазақ зиялыларын құрметтеп, сыйлай білетін, көңіл көзі ашық, Зайсан қаласының көпес байы, Бидахмет Бобкин деген абыройлы адам Тайырды Зайсанға шақырады. Сөйтіп, Тайыр 1916 жылы Зайсанға көшіп барып, Бидахмет мырзаның көмегімен, өзі де, әйелі де мұсылман медресесіне қызметке орналасады. Сабақ бере жүріп, жазу, мәдени-ағарту жұмысын тоқтатпайды», – деп берілген. Бірақ, Қайым ағамыз Тайырдың Зайсанға ауысуын 1916 жыл десе, 1937 жылғы Семейден шыққан «Екпінді» газетінде жарияланған мақалада Тайырдың елден кетуін: «Содан 1914 жылы Зайсанның атақты саудагері Бидахмет Бобкиннің атап шақыруымен Зайсанға көшіп кетеді. Одан бір жағы молдалықпен, екінші жағынан сауда істеп қатарлы байдың бірі болады», – деп байдың да қатарына қосақтайды. Кейбір деректерде «Өскемен – Зайсанға жер аударылған» деулеріне де осы жайлар негіз болса керек. Шындығында Тайырдың Зайсанға кеткен мерзімі жоғарыда айтылғандай 1914, 1916 жылдар емес, 1915 жылдың аяғы екендігі құжаттарда көрсетілген. Тайыр 1915 жылы Зайсанға көшіп барып 1917 жылға дейін өзі де, әйелі Адығия Орманова да мұғалімдік қызмет атқарады. Ал 1917 жылдан 1919 жылдың 15 қарашасына дейін Зайсан уезінің Маңырақ болысында ауыл шаруашылығының әртүрлі саласында жұмыс істейді. Т. Жомартбаев Алашорда ұйымының Зайсан бөлімінде 1919 жылдың 15 қарашасынан желтоқсан айының аяғына дейін 45 күн полк молдасы болған. Оны басқарған адвокат, 1918 жылдары Семей облыстық Жер

басқармасының төрағасы, Алаш қайраткері Райымжан Мәрсеков еді. 1920 жылдың 1 қаңтарынан Зайсан қаласының жанындағы «Шилі» деген жерде қайтадан мұғалімдік қызметін жалғастырады. Мектеп жанынан интернат ұйымдастырады. 1921-24 жылдары елде болып, «Маян» деген жерде мектеп салып, бала оқытқандығын, күншілдердің көрсетуімен қайтадан Зайсан жаққа кеткендігін 1929 жылғы толтырған анкетасында сол кезеңнің ауыртпалығынан жасырып қалған деп білеміз. 1924-1928 жылдары Зайсан мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті және математикадан сабақ береді, Зайсан қалалық 1-ші басқыш қазақ мектебінде меңгеруші болады.

1928 жылы жазда Т.Жомартбаев өз өтінішімен Зайсандағы мектептен босанып, елге, Семейге қайтады. Тайырдың өтінішін қабыл алған Семей қалалық оқу басқармасы оны №14, 1-ші басқыш мектепке меңгеруші етіп ауыстырады. 1930 жылдың 1-ші қазанынан 1931 жылдың 15-ші қыркүйегіне дейін Семей көлік жолдары техникумында негізгі және дайындық топтарында қазақ тілінен сабақ береді. 1937 жылға дейін Семей қазақ педагогикалық техникумінде қазақ тілі мен әдебиетінен және математика пәндерінен сабақ берген. Осы кезеңде қосымша ауылшаруашылық техникумында, мектептерде мұғалім болған..

1937 жылдың 15 мамыр күнгі «Екпінді» газетінде бүркеншік «Ғ» деген атпен «Саяси бейқамдықтың салдары» атты үлкен мақала жарияланады. Сол мақаланың салдарынан Семейдегі педтехникумдағы жұмысынан қуылып, Ресейдің Сталинск-Кузнецк қаласына кетеді. Мұнда да көп сая таппай қайта қуғын-сүргінге түседі. Ақыры 1937 жылдың 23 қыркүйегінде сол қалада тұтқынға алынады да, ОГПУ үштіктің қаулысымен 1937 жылдың 1 желтоқсанында үкім шығарып, ол үкім 2 желтоқсан күні орындалған.

Т. Жомартбаевтың шығармашылығы оның ағартушылық қызметінен бастау алған, сол бағытта дамыған деуімізге болады. Сондықтан да шығармаларында негізгі тақырыпты оқу-білімге, адамгершілікке, ізгілікке, еңбекшілдікке арнауы, сол тақырыптағы орыс классиктерінің шығармаларын ана тіліне аударуы, оқыту процесі, қоғамдағы шиеленістерге өз көзқарасын білдіріп мақалалар жазуы заңды да еді. Ақынның алғашқы шығармаларының бірі «Балаларға жеміс» атты кітабы «Жәрдем» баспасынан 1912 жылы Семейде жарық көрді. Араға жыл салмай, сол «Жәрдем» баспаханасынан 1912 жылы «Қыз көрелік» атты романын жарыққа шығарады. Әйтсе де ақын бұл екі кітаппен ғана шектеліп қалмай, сол кезеңдегі баспасөз беттерінде өз өлеңдерін, мақала, фельетондарын жариялап, ой-пікірлерін білдіріп тұрған. Мәселен, 1913 жылы «Айқап» журналында «Замандастарға

карап» деген өлеңі жарияланса, сол жылы «Қазақ» газетінің 27 нөмірінде «Басқармаға хат» деген мақаласын жариялайды. Қазан төңкерісінің алдында жазған фельетон, мақала өлеңдерінің бір тобы Ташкент қаласында 1916 жылы 26 қарашадан 1917 жылдың 25 мамырына дейін 22 саны жарыққа шыққан «Алаш» газетінде басылған. Тайырдың газеттің жарыққа шығуына қуана жазған «Жасасын Алаш!» өлеңі, сондай-ақ 1917 жылғы №4, 6, 8 сандарына шыққан фельетоны жарық көрді. Фельетонның Ғылым Академиясының сирек кітаптар қорында №6 саны ғана сақталған. Негізгі тақырыбы – қазақ қызының бас бостандығы үшін, өз сүйгеніне қосылу жолындағы күресі.

Қазан төңкерісінен кейін жарық көрген өлеңдерінен Тайырдың көзқарасының біраз өзгергендігін байқаймыз. Бұл жерде назар аударарлық мәселе – кезінде ауыл молдасынан, Көкбай ашқан медресе мен Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінен оқып білім алған, Азамат соғысы жылдары алашорда ұйымында молда болған Тайырдың ескі наным-сенімге, дінге, араб жазуына деген көзқарасы. Әр заманның қалыптасқан көзқарасы, сенімі болады. Кеңестік дәуірге дейін халық санасында бас иіп келген дінге сенім, кеңес дәуірінде керексіз болып, келе-келе жұрт жақтырмай, қарсы шыға бастаған кезеңде Тайыр да сол заманның ыңғайына көшіп дінмен, құранмен қоштасуы, социалистік идеологияның көсемін дәріптеуі заңды да еді.

Т. Жомартбаев шығармашылығының өзі өлгеннен кейінгі жариялану, зерттелу жайына келер болсақ, ол алпысыншы жылдардан кейін ғана қолға алынды.

1961 жылғы «Оңтүстік Қазақстан» газетінің №61 санында Ө. Есназаров «Ыбырайдың ізбасары» деген мақаласында: «Тайыр Жомартбаев – негізінде оқу ағарту тақырыбын жырлаған ақын. Сондықтан біз оны қазақтың XX ғасыр басындағы әдебиет тарихында демократияшыл-ағартушылық бағыттың балалар әдебиетінде Ы. Алтынсариннен соң көрінген, соның ізбасары болған көрнекті өкілі деп қараймыз», – деп өзіндік баға береді. Бұл ойын кейінгі Б. Кенжебаевпен бірігіп жазған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті «еңбегінде де толықтыра жазғандығын көреміз.

Келесі кезекте Т. Жомартбаев шығармашылығына өзіндік пікір білдіріп, үн қосқан ғалым Сейділ Талжанов: «Әдебиетіміздің үлкен саласы – романдар тарихын айтқанда, «тырнақ алдымыз», тұңғыш романымыз – «Қыз көрелік» – дей келіп, – әлбетте осы күнгі өскелең көркем ойымыздың биік талғамына бұл роман сай келе алмайды. «Қыз көрелік» – желегі жарасқан, жайнаған үлгі емес, көнерген ескерткіш, ескі мұра. Қазақ әдебиетінің жас жапырағының тұңғышы, бүгінгі шүйделі романдардың шүйкедей бастапқысы. Біз үшін де

ұрпақтар үшін де оның мәңгі құндылығы осында», – деп атап өткен болатын.

«Қыз көрелік» романы туралы зерттеуші ғалымдарымыз Ә. Жиреншин, Ә. Дербісәлин, А. Нұрқатов, Қ. Мұхамедханов, Ә. Сатыбалдиев, М. Қараев т.б. осындай ой пікірлерін білдіреді. Бұл роман жайлы кеңірек қарастырып, жан-жақты талдау жасаған ғалым З. Бисенғали болды. «Қыз көрелік» романына соңғы уақытта талдау жасап, жарияланған еңбек академик, ғалым Р. Нұрғали құрастырып, алғы сөзін жазған «Қазақтың 100 романы» атты жинақ. Жалпы, Т. Жомартбаев шығармаларының толығырақ жарық көруі – 1997 жылы жарыққа шыққан Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері» атты 4-ші кітабы. Кітапқа Тайырдың «Балаларға жеміс» жинағында басылған барлық 16 өлеңі, сондай-ақ бұрын баспа бетінде жарияланбаған 14 өлеңі енгізілген. Әйтсе де Тайырдың кейбір өлеңдері мен мақалалары, фельетоны күні бүгінге дейін баспа бетін көрген жоқ. Сондай шығармаларының қатарында «Су болған жаңбыр жаумай», «Тілек», «Ербосынға», «Құранға арнадым», «Масғұтқа», «Сайпеңе», «Бибіжанға», «Қос қыз», «Күмісқасқа», «Оразғалиға», «Есешке» атты арнау өлеңдері мен мақалаларын, фелетонын мұрағаттардан, сол кезеңдегі баспасөз беттерінен жинастырып, оларға ғылыми талдау жасап, түсініктер беруге тырыстық. Әйтсе де Тайырдың шығармалары әлі де іздестіруді, жинастыруды қажетсінетіндігі даусыз.

Жаңашыл ұстаз Тайыр Жомартбаев оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін іздестіру мақсатында жазған бір мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №27 санында жарияланған. Бұл мақаласындағы ой-пікірі оқыту арқылы жастарды қараңғылық бұғауынан құтқару, білімді саналы азамат тәрбиелеу жолымен ұштасып жатады. Мақалада қазақ мектептеріндегі қазақша оқулықтардың аздығын, кейбір мұғалімдердің сауатсыздығын жаза келіп «Қазақ» газеті арқылы мұғалімдерден өзін мазалап жүрген бірнеше сұрақтар турасында ой бөлісуін сұрайды.

«Қазақ» газетінің редакторы А. Байтұрсынов 1913 жылы №29 нөмірінде «Оқыту жайынан» атты мақаласында Тайырдың сұрақтарына жауап жазып, оқытуда болып отырған кемшіліктерді көрсетеді. Ахметтің ескертпелеріне орай, сол кезеңдегі оқытудағы қиындықтардан шығудың жолын қарастырып, газет-журналдарда мәселе көтерген М. Дулатов, С. Торайғыров, Т. Жомартбаев, Ж. Аймауытов т.б. болды.

Тайырдың соңғы жылдарда табылған өлеңдерінің ішінде ақындық қабілетін оқыту әдістерін жетілдірумен ұштастыра пайдаланғандығын да көруге болады. Қазақ поэзиясымен қуаттанып, оны бойға сіңіріп өскен балаларға математикалық ережелерді өлең түрінде жаттатудың тиімді, әрі жеңіл екендігін, жаттаған дүниелер

көпке дейін ұмытылмайтындығын сезген ақын осы әдісті таңдаған. Ақынның «Бөлшек сандар ережелері» атты 16 шумақ өлеңдері сақталған. Мәселен, «Бөлшек санды қосу ережелерін» төрт шумақ өлеңмен түсіндіріп, әр амалдан кейін мысалдарын көрсеткен:

Бөлшекті бүтін санға қосу реті:
6 бүтін 8-ден болса жеті
Алтыны өсір сегізбенен, 7-ні қос
8-ден 55 бөлшек шыққан беті.

$$\text{Мысалы: } 6 + \frac{7}{8} = \frac{6 \cdot 8 + 7}{8} = \frac{55}{8}$$

Бұдан Тайырдың көрнекті әдебиетші ғана емес, жақсы математик болғанын, оқу-білімге үндеп қана қоймай өзіндік әдістемелік әдіс-тәсілдерді де пайдаланғандығын көреміз. Математиканы поэзия арқылы түсіндіріп, балаға ұғындыруы бұрын-соңды болмаған, өзіндік өрнек, үлкен жетістік.

Тайыр үнемі іздену, оқытудың түрлі әдіс-амалдарын, оқулықтарын жетілдіру үстінде болды. Өзінің мол тәжірибесін кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі мезгілде де мектеп тәжірибесінде жандандырып, әдістемелік кеңестерде ұсынып отырған. 1920 жылдардан кейінгі уақыттарда оқулықтар, бағдарламалар шығару үшін өз үлесін қосып отырғандығын Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы мына деректер растайды:

«1920 жылы қазанда Қазақ АКСР-інің ХАК-ы құрылып, А. Байтұрсынов халық комиссары болды. 1921 жылы ақпанның 18-інде Бүкілқазақстандық оқу-ағарту конференциясы шақырылды. Онда балаларды қорғау, бірыңғай мектеп жүйесін құру, кәсіптік-техникалық білім беру, саяси тәрбие ісі, оқу-тәрбие жұмысына байланысты т.б. мәселелер қаралды. 1922-1923 жылдары ұлт мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды, қазақ тілінде 14 оқулық шығарылды. Олардың ішінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы» т.б. бар. Бұл оқулықтарды жазуға А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Аспандияров, Т. Жомартбаев, Қ. Сәтбаев, Ә. Ермеков, Т. Жолдыбаев т.б. қатысты.

«Айқап» пен «Қазақ» басылымдары өздері негізгі деп тапқан ішкі саясаттағы өткір де өзекті мәселелер төңірегінде тоқайласа бермей, кейде табан тіресе айтысып отырды. Екі басылым маңайындағылар пікір таластыра отырып, бір-бірлеріне деген қарама қайшы көзқарастарын танытып, ащы сындар да жазысып жатты.

Т. Жомартбаев қазақ баспасөзі арасындағы осындай айтыс-тартыстың соңы олардың бірінің жабылуына әкеліп соқтырғанына өкініш білдіріп, жаңада ашылған «Алаш» газетіне өз қуанышын білдіре отырып, «Жасасын Алаш» атты өлеңін жолдаса, кейіннен осы газетке «Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол!» – деген мақала жазған. Тайыр «Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» мақаласында газетті бұрынғы баспалар арасындағы алауыздықтан сақтандырады. Онда: «Адамды сүй, алланың хикметін сез» деп Абай марқұм айтқан секілді бәріміз бір ата, бір ананың баласы болған соң, бір-бірімізге жақсы мәміле, жылы жүз, жұмсақ сөзді болсақ дұшпан қайдан шығар еді», – дей отырып газеттің ешкімді де ащы тілмен жараламай, кекеп мінемей, барлық мәселені ақылмен шешуін ұсынады.

Осы «Алаш» газетінің 1917 жылғы №14 санында «Мен де өз көңілімді көтерейінші?» атты мақала жариялайды. Автор мақалада қазақ елінің мәдениетке, өнер-білімге жетуі үшін алдыңғы қатардағы елдерден үлгі алуы керектігін, газет-журнал шығару ісін жөндеп, оқу-ағарту жұмысын алға қоюы қажеттігін атап көрсеткен. Халықтың шаруашылығын түзеу үшін сауда өнерімен шұғылдануын айтқан.

Осы газеттің 1917 жылғы №4, 6, 8 сандарында Тайырдың фельетоны жарияланған. Фелетон деп аталғанымен бұл шығарманың сахнаға арналып жазылғандығын байқаймыз. 1917 жылы Зайсан қаласында қойылған «Осы ма қазақ өмірің?» атты пьесасы осы болса керек. Өйткені бұл шығармада уақиға барысын, кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын, жай-күйін тікелей баяндау жоқ. Диалогты түрде құрылған шығармада біз болып жатқан уақиға – жағдайларды кейіпкерлердің айтуынан біліп, солардың көзімен көріп, қайғыға беріліп, ойлау-сезінуін солардың сөзінен байқаймыз. Шығармадағы авторлық түсінік те жақшаға алынып берілген.

Қаламгердің мақалалары мен фельетонында еліміздің ХХ ғасырдың бас кезіндегі күрделі мәселелерді терең толғағандығын, соның бәрінде ол биік тұрғыдан, аса жауапкершілікпен, өмір ағымына бейімділігімен көріне білді. Жарияланған мақалаларының көркемдік дәрежесі, ондағы көтерілген мәселелер өзектілігімен, тағылымдық, өнегелік жағынан құндылығымен ерекшеленеді. Бар өмірін, бар білімін, қажыр-қайратын бала тәрбиесіне, жастарға арнаған Тайырдың әр шығармасынан «халқым», «ұлтым» деп соққан жүрек жылуы, ілтипатты сезімі анық аңғарылады.

Жалпы алғанда, қаламгердің қоғамдағы күрделі мәселелерді өз кезінде қозғап жазған мақалаларын, эстетикалық еңбектерін кең толғап түсіну, әдебиет кәдесіне жұмсап, шығармашылық мақсатқа пайдалану қажет.

Ығылман Шөреков (1876-1932). Ығылман Шөреков қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданында туған ақын, ауыз әдебиеті асыл қазыналарын, Махамбет, Шернияз жырларын жасынан жаттап өскен, жадына тоқып ержеткен. Соның әсері болуы керек саналы өмірінің бірсыпыра уақытын Исатай – Махамбет бастаған көтерілістің ақиқатын зерттеуге арнайды. Ел аузында сақталып қалған естелік әңгімелерді зерделейді. Ұзақ жылдық дайындық нәтижесінде атақты «Исатай – Махамбет» поэмасын жазады. Махамбет шығармалары текстологиясын әңгімелегенде зерттеушілердің Ы. Шөрекеовтің «Исатай – Махамбет» дастанына орала беруінде осындай мән бар. Алмас қылыш – ақын өмірі мен шығармашылығынан дастан көп мәлімет береді. Дастан – ақынның негізгі туындысы. Дастаннан өзге бірді – екілі өлеңдері ғана бар ақынның.

Ығылман Шөреков – ақпа ақындық дәстүрдегі бір сала әдеби ортаның біздің дәуірімізге жеткен көрнекті өкілі. Махамбет жырларын Қуан жырау, одан Мұрат ақын, одан Ығылман үйренген. 1925 жылғы жинаққа енген Махамбет өлеңдері түгелдей Ығылман айтуынан жазылған. Махамбет өлеңдері мен Исатай, Махамбет көтерілісі тарихын жақсы білетін ақынның «Исатай, Махамбет» поэмасында шаруалар көтерілісінің көркем шежіресін жасауы – әдебиет тарихына қосылған елеулі үлес. Қазақтың өткен дәуіріндегі ақындары мен шешендері, батырлары туралы толғаулары, топ алдындағы тебіреністері – бәрі де үрдіс ақындық қуаттың жемістері. Ығылман сауатты, білімді адам болған. Бірақ ақын қолжазбалары әзір ешқайдан кездесе қойған жоқ.

Бұрын халықты игілікке, ізгілікке, адамгершілік биік мұраттарға шақырып келген бірқатар бұқара жыршылары бірден Октябрь революциясы, В.И. Ленин көрегендігін жырлап, жаңа дәуірді жырға қосады. Мұндай сипатты В.И. Лениді, жаңа дәуірді тебірене жырлаған Елбай Қосымбаев пен қолбасы, революционер ақын Бисен Жәнекешов өлең, толғауларынан айқын байқаймыз. Бір өкініштісі, дәуір сырын, тап қайшылығын, Октябрь рухын терең сезіне білген аталған ақындар мұрасы әлі түгел жиналмаған. Елбай мен Бисеннің азын – аулақ өлеңдері ертелі – кешті қолжазба қорларына тапсырылған, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған, ел аузынан жиналған.

XX ғасыр кезінде жыраулық, ақпа ақындық дәстүрмен келген ақындар аз болған жоқ. Өз өмірінде сол дағдыны Берік ұстанғандары: Насихат, Сәпек, Балта, Аралбай, өмір сияқты ақындар. Сәпек өлеңдері аз сақталған, яки жиналмаған, М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет пен өнер институтының қолжазба қоры мен «Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабындағы азын – аулақ өлеңдеріне қарағанда

да Сәпектің өзі туралы, өктем де қуатты сөздерінен Шәлгез, Қазтуған, Жиенбет сияқты бағзы жыраулардың ақпа – төкпелік ақындық дәстүрінен үлгі алған ақын екендігін тануға болады. Ол өз дәуірінің өзекті мәселесі – Исатай, Махамбет көтерілісінен кейін Нарындай атақоныстан ауа көшкен дүрбелең кезенді тебіреніспен толғаған.

Табиғат сұрапылы – жұтқа кезіккен халық тағдыры мен жалғыз баласын – өз басына түскен ауыр қасіретті нәрлі де мәнді жырлаған Аралбай өнегесі де, оның әрі ақын, әрі жыршы шәкірті Өмір Көшекбайұлының дағды – дәстүрі де суырып салмалық, ақпа ақындық өнер. Өмір – өзіне дейінгі ақындар мұрасы мен «Қырық батыр» жырларын таратқан жыршы ақын. ХХ ғасыр басында ақпа ақындығымен ерекше танылатын ақын – Насихат Сүгірұлы. Насихат сөздері бейнелі, өткір, оның өлең, толғауларына кейде жүйріктей жүйіткіп, есіле, көсіле құйғытып келетін шалқар шабыт та, тегеуіріні темір үзгендей өр рух та бар. Насихат – Махамбет өршілдігін ұстанғанмен өзіндік ақын айқын беті, өзгеше өнер өрнегі бар ақын. Ығылман, Мұқан, Қайыпназар, т.б. көптеген ақындар ақпа ақын, жыраулық дәстүрден келгенмен кейін жазба дағдыны ұстанған. Соған қарағанда ХХ ғасыр басында бағзы ақпа, Суырып салмаоық ақындық дәстүрдегілерден гөрі жазба ақындар әлдеқайда көп болған. Ол – мектеп оқып, білім, ғылым дәмін біліп, өзге ел әдеби нұсқаларымен танысуға мүмкіндік алған кезеңнің заңдылығы.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТУҒАН ЖЫРЛАР

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс туралы өлең, жырлар, тағы басқа көркем шығармалар – бәрі де жазба түрде емес, ауызша тараған шығармалар. Яғни қазақ халқының 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі туралы жырларды ел ішінде бұрын ауызша өлең, жыр шығарып, жыршы, жырау, өлеңші деп аталған ақындар шығарған.

Бұлардың ішінде Жамбыл, Шашубай, Саяділ айтыс ақындары ретінде елге танымал болса, енді біреулері тарихи тақырыпта, тарихи адамдарды дастан, қисса жазды.

Ал, 1916 жылы ел басына қиыншылық күн туып, елдің ер-азаматтары көтеріліске шыққанда, ақындар елмен бірге болып, кейбіреулері майдан жұмысына барып қайтқандар арасында болып, ауыр заман азаптарын түгел тартып, бәрін өз көздерімен көріп, көтеріліс кезінде, майданда тартқан ауыр азаптары, қайғы-қасіреттері, көрген-білгендері, түйген-сезген ойларын жырлады.

Енді сол ақындарға тоқталып өтсек, 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлаған ақындардың қатарында Бозаев Қуанышбай бар. Оның «Қара қойын көтерілісі» деген жыры ауызша таралып жеткен. Қуанышбай ескіше оқыған білімі бар, жастайынан ел ішіндегі болған әртүрлі оқиғаларды өлең қылып шығарып ақындығымен танылады. Қара қойын көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, сарбаздар қатарында болады. Көтеріліс туралы жырын сол 1916 жылы, көтерілістің ізінше шығарады.

«Июнь жарлығы» деген жырды шығарған Жиёмбеков Жүсіпбек майданның қара жұмысына барып қайтқан адам. Ол өзінің осы жырын 1926 жылы кітапша етіп бастырған; сондағы «Жазушыдан» деген сөзбасында былай дейді: «1916 жылы, 25 маусымда Николай патшаның қа-зақтан майдан жұмыскерін аларында, мұндағы төрелер қазақты тұңғыш солдат боласындар деп қорқытқан кезде шығарылған өлең еді... Өлеңнің уақытындағы жазылғанынан артық, яки кеміп, өзгергені жоқ».

Сол сияқты, «1916 жыл» деген поэманы шығарған Біржан Берденов, «Қоштасу» деген өлеңді шығарған Асқар деген ақын да 1916 жыл оқиғасына бастан-аяқ араласқан, майдан жұмысына барып қайтқан адамдар; Аманкелді туралы жырларды шығарған Омар Шипин, Қүдері Жолдыбаев, Сәт Есембетов, «Бекболат» деген жырды шығарған Иса Дәукебаев Аманкелді, Бекболат бастаған көтерілістердің ішінде болған ақындар.

Көтерілістің басы-қасында болған, бәрін көзімен көрген жырау, жыршы-ақындардың, аузының ебі бар адамдардың біразы өз жырларын 1916 жылы: Маусым жарлығы жарияланғанда, көтеріліс кезінде, приемға барғанда, майдан жұмысында жүргенде шығарды; біразы ұзақ жыр, дастандарын 1916 жылы, әлгі оқиғалар кезінде бастап, кейінірек: 1916-1926 жылдар арасында аяқтап, толықтырды; енді біразы тіпті кейін: 1916 жылғы көтерілістердің он бес, жиырма жылдығы, жиырма бес, отыз жылдығы қарсаңында, тұсында еске алу, тарихи тақырып етіп жырлады.

Қазақ халқының, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырларды тақырыптарына, мазмұнына қарай мынадай топтарға бөлуге болады: 1) маусым жарлығы, халықтың дағдаруы туралы, 2) халықтың көтеріліске бел байлауы, әзірленуі туралы, 3) көтеріліс, ұрыс, қақтығыс туралы, 4) прием, азаматтардың майданға жөнелтілуі, майдан өмірі туралы өлең, жырлар. 5) майданнан елге, елден майданға хаттар.

Алғашқы топқа жататын өлең, жырлардың көрнектілері – Жамбылдың «Патша өмірі тарылды», Төлеу Көбдіковтің «Сарыарқаның сарыны», Жүсіпбек Жиенбековтің «Июнь жарлығы» деген жырлары мен толғаулары.

Бұл жыр, толғауларда ақындар маусым жарлығының шыққанын, ол бойынша 19 жас пен 31 жас арасындағы ер-азаматтардың майданға алынуға тиісті екенін, би-болыс, уез, губернаторлардың соны орындауға жедел кіріскенін, ал, халықтың бұл жарлықты есітіп, қатты налығанын, не айтар, не істерін білмей дағдарғанын, кей жерлерде елдің қобалжи түсіп, майданға кісі беруге көнгенін баяндайды. Мысалы, Жамбыл:

Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма ылаж?
Көген көзді қосақтап
Қалай қиып бересің?
Көк жайлауды қалдырып
Қайда көшіп кетерміз?..
Не болмаса шыбындан
Тағдырына көну бар – деп толғайды.

Төлеу өзінің толғауында Күншығыс Қазақстандағы елдердің Маусым жарлығы шыққан кездегі күй-қалпын, ыза-кегін, іс-әрекетін суреттейді. Жарлықты естігенде ел есінен танғандай болды.

Өрт еді қазақ көңілі қаулап тұрған
Жаңбыр боп патша кәрі басып салды.

Халық күңіренді, дағдарды; қазақ басына қара тұман түсті.

Жиенбеков Жүсіпбек поэмасында Қарқаралы жағында болған жай-күйді баяндайды. Ол жақта жұрт әуелі жастарды солдат етіп,

соғысқа алады деп түсінеді. Соғысқа алмай, қара жұмысқа алатынын білгенде оған көнеді. Поэманың желісі былай болып келеді,

Жарлық шығысымен әкімдер би, болыстарды, ақсақалдарды жинап алады; үгіт айтады:

...Қызыл қан судай аққан Европаның,
Соғысын көрдіңдер ғой, – деді, – міне.
Патша үшін, міллет үшін барып жатыр,
Осыған құрбан болып орыс ұлы...
Сендерде енді солдат бересіңдер,
Айтқалы тұрғаным сол сөздің шыны.
Тегінде емес еді солдат алмақ,
Сасқалақ болып бүгін түсті салмақ... – дейді.

Би, болыс, ақсақалдардан солдатқа адам береміз деген уәде, қол хат алмақ болады. Жиналғандардың оған бірі көніп, бірі көнбейді. Ақырында оларға елмен ақылдасуға бірнеше күнге мәулет беріледі. Ел солдатқа адам беруге көнбейді.

...Көп халық шуылдады бермейміз деп,
Бұл іске оңайлықпен көнбейміз деп.
Жақсылар береміз деп қол қойсандар
Жалғанның тыныштығын көрмейміз, – деп

халық ызаланып, кектенеді; жауар бұлттай түнереді. Әр жерге жиналып, кеңеседі. Әр ел ақша жинап беріп, солдат бермеудің амалын көр деп, орталарынан қалаға кісі жібереді

Жау келсе, қарап жатып қырылмасқа
Жасаққа шығаралық десті жасты...

Бір кезде қазына жұмысына тұрған кісі солдаттан қалады екен деген хабар шығады. Әркім қаладағы, орыс арасындағы таныс-білісін іздейді; сол арқылы жұмысқа кіруге әрекет істейді.

Шабар шөп орар егін мезгілінде,
Істелмей, уақыт өтіп бара жатыр.
Надан жұрт бұрыннан да тегі салақ,
Ойда жоқ малға, жанға қысқы – тамақ...

Ақырында, жастарды солдатқа алмайды екен, қара жұмысқа алады екен деген дұрыс хабар тарайды. Ел басылады, біртіндеп приемға барады. Бұл кезде пара беру күшейеді. Байлар, әлі келгендер, би, болысқа, тілмашқа, уезге пара беріп, өз адамдарын алып қалады, майданға кедейлер, жалшылар, жалғыз, жетім бейшаралар алынады.

Майданға алынғандар қойдай иіріліп, Семейге айдалады; онда казармаға қамалады; ешкіммен жолықтырылмайды; көбі аш, жалаңаш, ауру-сырқау болады, Дегенмен вагонға тиеліп, майданға жөнелтіледі.

Жігіттер қайтар-қайтпас мәлім емес,
Сапары ұзанқырап көпке кетті, –

деп аяқтайды ақын поэмасын.

Автор көз алдында болғанды, өз көзімен көргенді, басынан өткенді баяндаған. Соны жатық тілмен дәл, әділ бейнелеген. Әсіресе халықтың кедей, жалшы, ор-таша жағының тартқан шығынын, көрген азабын, қайғы-шерін аянышты етіп, ұлықтардың озбырлығын, оңбағандығын ызаланып суреттеген. Бәрін оқушының көз алдына әдемі елестеткен.

Екінші топқа жататын, халықты маусым жарлығына қарсы көтеріліске шақырған өлең, жырлар: Бұзаубақ ақынның «Құты қашты патшаның», Омар Шипиннің «Губернатор келгенде», Құбаша ақынның «Әбдірахман Иманқұл ұлына жазған хаты», «Әбдірахманның Құбашаға қайырған жауап хаты» деген сияқты өлеңдер.

Бұзаубақ патша өкіметінің империалистік соғысқа араласып, әскері майданда жеңіліске ұшырап, өзі қысылып отырғанын сондықтан оның қазақтан майданға адам алу туралы жарлық шығарғанын айта келіп:

Ел болмас бұған солдат бергенменен,
Патшаның дегеніне жүргенменен.
Жақсылық жауыздардан қазақ таппас,
Соғысқа босқа барып өлгенменен...
Үш жүздің баласына жар салайық,
Берсең де өлдің балаңды, бермесең де
Онан да жауға қарсы ат салайық! –

дейді. Осыған бүкіл елді, елдің басшы адамдарын, ер-азаматтарды – бәрін шақырады:

Боз бала елдің көркі маңдайдағы,
Қимылда, шағың болды жау жайдағы.
Еріксіз қайран елдер қор болғанша,
Атқа мін, жарақ асып, найза алдағы!

Омар өлеңінде июнь жарлығын жариялау үшін елге губернатордың өзі келгені, оның халықты майданға адам бер деп қысқаны, губернаторға Аманкелдінің тайсалмай қарсы сөйлегені, жар салып, халықты жарлыққа, патша өкіметіне қарсы көтеріліске шақырғаны, артынша еңбекші халықтан сарбаз құрғаны баяндалады.

Құбаша өз елінің июнь жарлығын есітіп, оған қарсы көтеріліс жасағалы тұрғанын хабарлайды:

Бұзылып тұр ниетіміз,
Бұрылып тұр бетіміз.
Алты бақан құрылып,
Ұлықтарға шекіміз...
Боз балалар бұланды,

Қайрат тасып нұрланды.
Айнымасқа анттасып,
Шалып жатыр құрбанды.

Би, болыстардың, бай сәудегерлердің қалаға қашып жатқанын, өздерінің Аманкелдімен хабарласқанын білдіреді.

Құбашаға қайырған жауабында Әбдірахман да өз елінің көтеріліске әзірленіп жатқанын айтады:

Біздің ерлер санаулы,
Аттары сайлы жараулы.
Жал-құйрығы тараулы,
Ұйқысы қашқан, аяулы.

Халықтың маусым жарлығына қарсы көтерілісін, көтерілісшілердің патша өкіметінің әскерлерімен шайқасып, ұрысын суреттейтін жыр, дастандар, Иса Дәукебаевтың «Бекболат», Жамбылдың «Зілді бұйрық», Әлтай Сүйіншалиннің «Қалаба», Бөлтірік ақынның, «Ел жарыла көшкенде», Қуанышбай Бозаевтың «Қарақойын көтерілісі», Күдері Жолдыбаевтың «Аманкелдінің Торғайды алғаны», Сәт Есембетовтың «Құмкен соғысы», Омар Шипиннің «Аманкелді» сияқты жыр, дастандары тағы басқалар.

Иса «Бекболат» жырында Алматының қазіргі Қаскелен ауданында болған оқиғаны суреттейді. Онда халық патша өкіметінің жарлығына бірден қарсы болады; майданға адам бермейміз дейді:

Баланы қолдан бергенше,
Қасірет-қайғы көргенше,
Патшаға қарсы тұрамыз,
Өлсек шейіт боламыз.

Көтеріліске, қорғануға, соғысқа әзірленеді. Бекболатты бастық – хан сайлайды; мылтық, найза, орақ, балта, айыр, тырма жиналсын деседі. Бірақ жинап, қаруланып үлгірмейді, Қаладан әскер келіп қалады. Ол келе халықты шетінен атқылап, қыра бастайды. Халық жайлауда жатқан көп жылқыны жинап, әскерге қарсы қуалайды. Қарусыз халық өкімет әскерімен осылай соғысады.

Соғыста қазақтан он бес кісі өледі; Бекболат қолға түседі; әскер Бекболатты, бірсыпыра адамдарды, көп жылқыны айдап кетеді.

Ер-жұртым, аман болғын айтар сөзім,
Құрбандық бәрің үшін жалғыз өзім.
Бір жыл ма, жарты жыл ма менен кейін
Мұны да айналдырар біреу өзін.

Халық жылап, сықтайды, қатты күйзеледі.

Мұнан кейін жырда әкімдердің Бекболатты тергеуі, Бекболаттың оларға берген жауаптары, ақырында ұлықтардың Бекболатты айдап

барып, дарға асуы, Бекболаттың дар алдындағы сөзі баяндалады. Жырдың негізгі, басым жағы осы.

Бекболат тұтқында, тергеуде, дарға асыларда жасымайды, қайраттанады; оның саяси санасы өседі. Патша өкіметі Бекболатты айыптамай, Бекболат патша өкіметін айыптайды. Ол мынадай сөздер айтады:

Әуелде солдат қылып ойнатпадың,
Орысша тіл үйретіп сайратпадың,
Көзін ашып, бұл қазақ оянар деп,
Қазнаның аяп едің қара нанын.

«Патшада әділдік жоқ. Ол қазақтың жерін де, суын да тартып алды. Оларды әкімдерге, казак-орыстарға, байларға бөліп берді. Патша қазақ түгіл орыстың мешандары мен крестьяндарын да зар жылатты, оларды қазақ сияқты құл етті. Патша желігіп, Германмен соғыс ашты; өзгенің елін, жерін, байлығын басып алмақ болды. Германнан жеңіліп, әбден қысылып, енді қазақтан «помощь» сұрады; бұқараны азапқа салды.

Патша залым болды бұқараға,
Бұқара қарсы тұрмай болмас шара...
Рас, мен соғысуға шықпақ болдым.
Басынды жер астына тықпақ болдым.
Рас десен, рас сөз мен айтайын,
Ақпатшаның тұқымын құртпақ болдым.
Бұл ісімнен танбаймын да, қайтпаймын да,
Мені өлтіргеніңмен халықты өлтіре алмайсың.

Ол кек алады, маған істегеніңді өзіңе істейді», дейді. Осылай автор Бекболатты әрі нағыз батыр, әрі нағыз саяси күрескер етіп бейнелейді.

Осы сияқты, Жамбылдың өлеңінде Алматы облысының Ұзынағаш, Қордай жағында болған көтеріліс, Әлтай Сүйіншалинның жырында қазіргі Жамбыл облысының Мерке, Луговой, аспара – Шу жағындағы елдердің Ақкөз бастаған көтерілісі баяндалады. Ол жерлерде де халық майданға адам беруден бас тартады; өкімет әскер жіберіп, көтерілісшілерді, халықты атқызып, шапқызады.

Ал, Бөлтіріктің толғауында Алматы облысының Кеген ауданы жағындағы елдердің жарлыққа қарсы көтеріліп, Қытайға көшкені, жолда, онда көп азап шеккені, азып-тозып, революциядан кейін отанына қайтқаны жырланады.

Қуанышбай Бозаевтың жыры «Июнь жарлығы», «Сарбаз», «Отряд», «Соғыс», «Босау», «Прием», «Манифест» деген бөлімдерден құралған. Оның соңғы бөлімі революциядан кейін жазылған, басқа бөлімдері 1916 жылы, көтерілістің ізінше шығарылған екен.

Бұл жырда Орталық Қазақстанда, Атбасар жағында болған көтеріліс баяндалады. Халық жарлыққа, оны орындауға келген әкім, ұлықтарға қарсы тұрады; оны Жақып, Иса Дәулетбеков деген кісілер бастайды; бұлар жігіттерден сарбаз құрады; Қарақойын деген жерге барып, лагерь болып жатады. Онда Жақып, Иса сарбаздарға үгіт айтады; жауға «Азаттық!» деп ұран салып шабындар дейді; әскери ойын үйретеді; қару-жарақ жасатады; қорғануға, соғысқа әзірленеді.

Өкімет елге әскер шығарады; оны би, болыстар бастап келеді. Әскер мен сарбаз кездесіп, ұрысады. Иса жүз шақты солдатқа қарсы жалғыз дара шабуылға шығады; үш солдатты өлтіреді; өзі қатты жаралы болады. Ол өлерінде:

Аман бол, қалың сарбаз, қазақ халқы,
Қайырлы заман болсып мұның арты! –

деп, көпті рухтандырады; Жақып, Аманкелді сендерді жақсы жолға бастайды, теңдікке жеткізеді – дейді.

Иса өлгеннен кейін сарбаздар жеңіліске ұшырайды: көбі қырылады, қалғаны бет-бетіне қашады; олармен бірге ел босады; көп жерде қыстау-мекен өртеледі; мал, жан талан-таражға түседі; халық қатты күйзеледі, Ақырында, майданға адам беруге еріксіз көнеді.

Омар, Күдері, Сәт ақындардың өлең, жырлары Аманкелді және оның ұрыстары туралы. Омар бұрын «Аманкелдінің айбаты», «Губернатор келгенде» деген өлеңдер және Аманкелдінің әр ұрысы туралы бөлек-бөлек өлеңдер шығарған. Соларды ол отызыншы жылдары құрап, жалғастырып, қисса етіп жазып, 1942 жылы «Аманкелді» деген атпен бастырып шығарған.

Омардың ол қиссасы көптеген ұсақ-ұсақ тақырып, бөлім болып жазылған. Оның бірқатар тақырып, бөлімдері мүлде артық. Оларды шығарып тастап, Аманкелдіге, оның қоғамдық істері мен ұрыстарына тікелей байланысты жерлерін алғанда, қиссаны жинақтап, мынадай үш бөлімнен тұрады деуге болады:

Бірінші бөлімде Аманкелдінің ата-анасы, туысы, балалық шағы, ер жетіп, жігіт болған кезі суреттеледі. Батырдың жаратылысы, түрі өзгеше:

Батырдың туғаннан-ақ түрі бөлек,
Шүйделі бас, форымы дөп-дөңгелек...
Тұтасқан екі қастың аралығы,
Бесіктей бұлшық еті, жұмыр білек.

Ол бала жасынан күрескенді жығатын, ұрысқанды жеңетін күшті; құралайды көзге ататын мерген; кәриялардан естіп, өткенді біледі, тұрмыстан көріп, халықтың хал-жайын ойына тоқиды; әділеттік іздейді; әлсізді жақтап, әлдіні ауыздықтайды; халықтың ар, намысын жоқтайды.

Осылай халық сүйген Аманкелді
Жігіт боп, ел ішінде өсе берді...

Екінші бөлімде Аманкелдінің 1916 жылғы қаһармандық істері, қазақ халқының патша өкіметіне, қазақтың бай, феодалдарына қарсы көтеріліс, күресіне басшы болуы айтылады.

Он алтыншы жыл келді...
Аспанды қара бұлт жауып,
Күн қабағы түйілді.
Қара бұлтты қақ жарып,
Шатырлады нажағай.
Оқ жыландай ысқырып,
Ел ішіне түсті жай...
Ел басына күн туды,
Ел сүйенген азамат
Ер басына күн туды.
Е, е дескен ерегіс
Қан майданға айналды,
Еңіреген ел үшін
Бас майданға байланды.

Аманкелді ойланбай, толғанбай осы майданның басты басшысы болады. Сарбаз жинап, сап түзеп, патша өкіметінің қару-жарақты, байырғы әскеріне қарсы қаһармандық соғыс жүргізеді; төрт-бес жерде онымен бетпе-бет келіп, белдесіп ұрысады. Осы ұрыстарда ол тамаша қолбасшылық өнер көрсетеді.

Үшінші бөлімде Аманкелдінің төңкеріс жылдарындағы, азамат соғысы кезіндегі істері, уақытша өкіметке, Дутовқа алашордашыларға қарсы күресі баяндалады. Батыр солардың өкілдерімен сөйлеседі:

Әйелі күң, өзі құл,
Байларға жүріп неше жыл,
Жанышылып, саздай езілді.
Теңесең менің сөзім жоқ,
Ықтияр беріп басына
Еңбекші қалың елімді.

Бұған уақытша өкімет, патшаның генералдары, Енді Аманкелді осыларға қарсы күреседі. Осы күресте ол жау қолынан қаза табады,

Осылай қиссада қазақ халқының батыр ұлы Аманкелдінің туысы, жас, жігіт шағы, әлеуметтік қызметі, йз халқының азаттығы, теңдігі үшін жүргізген күресі толық баяндалып, бейнесі шебер, жақсы жасалған. Көтеріліс жөніндегі басқа өлең, жырлардың кейіпкерлері сияқты Аманкелді 1916 жылы кенет, әлдеқалай шыққан адам емес, жасынан халықтың қамқоры болып, әділетсіздікке қарсы күресіп,

бірте-бірте жетілген адам. ' Ол бірді-екілі ұрыста ерлік, қолбасшылық көрсетіп, көзге түскен адам емес, батырлық, қолбасшылық сүйегіне біткен адам. Ол жалаң батыр, жалаң қолбасшы емес, сонымен бірге саяси басшы, ақыл-ой кемеңгері.

Майданға адам алуды (оны кей жер «прием», кей жер «набор» деп атаған), алынған адамдардың майданға жөнетілуін, жолдағы, майдандағы өмірін, көңіл күйін суреттейтін өлең, жырлар: «Дәметкеннің зары», «Асқар ақынның үй-ішімен, туған жерімен қоштасуы», Баттал, Құсайын, Есқайыр деген ақывдардың өлең, жырлары, Сартай ақынның «Тар заман», Біржан Берденовтің «1916 жыл» деген жырлары.

Өлең, жырларында ақындар, әуелі, халықтың көтерілісте, ұрыста жеңіліп, майданға адам беруге еріксіз көнгенін айтады; онан соң, әкімдердің, бай-феодалдардың, қожа-молдалардық майданға адам алу үстіндегі арамдықтарын, пара алып, пара берулерін, адам басын саудаға салуларын, өз адамдарын қалдырып, басқаны жалдап жіберулерін, осыдан майданға кілең кедейлердің алынғанын баяндайды; ақырында, халық пен оның ер-азаматтарының айрылысуын, қоштасу, жылаусық - тауын, азаматтардың майданға бара жатқан сапарын, майдандағы өмірін, ойын суреттейді.

Бұл жайлар басқа өлең, жырлардан гөрі Біржан Берденовтің «1916 жыл» деген ұзақ, поэмасында әрі тұтас, толық, әрі өте келісті суреттелген. Ол мынадай бөлімдерден тұрады: «Прием», «Қызылжар казармасы-ның тамағы», «Ұзақ жол», «Алғашқы әскер», «Майданда», «Аэроплан», «Дүрлігу», «Жаңа мекен», «Қашаға таласу», «Оқтан қорқып қашу», «Жұма күні», «Қамығу», «Газет хабары», «Мысалы», «Қозғалшы бір қаламым!», «Қайрат», «Елде қалғандарға сәлем».

Поэма бастан-аяқ автордың өзінің кезімен көргені, басынан өткені, көңіл күйі, ізгі тілегі болып келеді. Ақын әрі автор, поэманың бас кейіпкері ретінде бірте-бірте ширай өсіп, оның ой-санасы, саяси білімі артып отырады. Ол шығармасының кейінгі жағында үлкен тарихи, саяси мәселелерді сөз қылады:

Құрымақ бұдан былай ескі режим,
Жасалмақ халыққа тынышты жана жизнь;
Екі партия екі тарау жолға түсті,
Аттары: большевизм, меньшевизм
Дүниеге бұл екеуі қанат жайды,
Бастауға бірі жалшы, бірі байды.
«Қуған ауру алады деген дейтін»,
Тақыттан құлатты әуел Николайды, – дейді.

Қазақ халқы да енді бостандық, теңдік алады, түрлі жақтан жетіледі деп сенеді, қуанады.

Майдандағылар мен елдегілердің байланысын су-реттейтін өлең, жырлар: Есқайырдың «Толғау», Қар-жауұлы Әкімалының, «Хат», «Молдаштың хаты», «Бақ-тыбайға жазып берген Нұғманның хаты», «Ауылдан хат», «Байтас ақынның елге хаты» деген сықылды хат-өлеңдер.

Бұларда елдегілер мен майдандағылардың бір-бірін сағынуы, әрқайсысының күй-жайы, ой-арманы баяндалады. Майданнан жазылған хаттардан ондағылардың біразының, әлгі Біржан Берденов сияқты, біраз шира-ғаны, заманды ептеп аңғарғаны байқалады. Олар елдегі би, болыстарға, бай-феодалдарға қатты кіжінеді. Мысалы:

Болыснай, пристав пен ауылнайы,
Көрінді жамандықтық тегіс жайы.
Осыдан елге аман бара қалсақ,
Қылармыз көрген күнін қаңтар айы.
Етсе де моблизовать қазақ елін,
Шапса да қан жосытып малын, жерін,
Көп құса қорқақ тағы батыр болмақ,
Ақыры бұл қорлықтың кетпес тегін.

Сонымен, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар сол көтерілістің барлық оқиғаларын, саяси-әлеуметтік мәнін, сипаттарын, оған қатысқан халықты, басқарған жеке ер-азаматтардың іс-әрекеттерін, хал-жайларын, көңіл күйлерін, бейне-келбеттерін, халықтың ерлігін бәрін бастан-аяқ әрі толық, әрі дәл, айқын суреттейді

Қазақ халқының, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы әдебиетінің бір мол саласы, аса құнды қазына, халықтың тарихи істерінің тарихы, көркем шежіресі, айқын құжаттары.

АЗАТТЫҚ ДЕМОКРАТТЫҚ (АЛАШТЫҚ) БАҒЫТ

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938). Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы қаңтар айының 28 жұлдызында дүниеге келген. Ол өз қолымен жазған өмірбаянында: «Мен Торғай уезінің Тосын болысындағы № ауыл қазағының баласымын. 1886 жылдан бастап 1891 жылға дейін екі кластық Торғай орыс-қазақ училищесінде оқыдым. 1891 жылдан 1905 жылға дейін Орынбор орыс-қазақ мектебінде оқыдым. 1895 жылдан бастап Торғайдың әр жерінде, әр түрлі бастауыш училищелерде, ауылдық мектептерде істедім», – деп жазады.

Ахмет Байтұрсыновтың 13 жасында оның кейінгі өмірлік мақсаты - күрескерлікті айқындап берген оқиға болады. Әкесі Байтұрсын Торғай уезінің бастығы Яковлев пен беделді сардар Бірімжанның озбырлығына шыдамай, інісі Ақтас екеуі айқасқа шығады. Ауылына келіп зорлық-зомбылық көрсеткен уезд бастығын қамшымен сабап, есінен тандырады. Осының нәтижесінде інісі Ақтас екеуі 15 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібірге каторгалық жұмысқа айдалады. Осы оқиғадан кейін санасына ерте ой түсірген сезім күші оны ертерек күрес жолына жетелейді.

Міржақып Дулатовтың жазуынша ол «XX ғасыр басында Қарқаралыда тұрған кезінде революциялық қозғалысқа қатыса бастайды. Алғашқы кезде астыртын қимылдап, ал 1905 жылғы 17 қазанда жарияланған манифестен кейін қалың қазақтың көрнекті қайраткерінің біріне айналады». Патша отаршылдығына қарсы күрестегі белсенді іс-әрекетіне байланысты А.Байтұрсынов 1909 жылы шілденің бірі күні Т. Шыңғысов дегеннің ұстатуымен тұтқындалып, Семей түрмесінде бір жыл отырып, екі жылға дейін қазақ облыстарының шекарасында тұрмауға шешім шығарылғандықтан, 1910 жылдың 9 наурызынан 1917 жылдың аласапыранына дейін Орынборда тұрады. 1913 жылдың 2 ақпанында Орынборда «Қазақ» газетін шығарады. Газет 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін шығып тұрады. А. Байтұрсыновтың бұл тұсқа дейінгі өмірбаяны замандасы Міржақып Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов» атты мақаласында (орысша жазылған) жақсы айтылған.

Ахмет Байтұрсынов Бас жазушы, Бас редакторы болған «Қазақ» атты тұңғыш биресми газеттің патша әкімшілігінің көңілінен шыға бермегендігі, қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған сара жолы, өзіндік көзқарасы бар, саяси беті айқындалған басылым болғаны белгілі. «Қазақ» газетінің ел арасындағы беделін оның сол замандағы ең үлкен 8 мыңнан астам данамен шығуының өзі-ақ айқындап тұрса керек.

«1917 жылдыңсоңынан 1919 жылға дейін Алашорда ұйымында істедім», – деп жазады А. Байтұрсынов әрі қарай өз өмірбаянында. Әрине, осынау аз сөзді, сараң сөйлемде оның өмірінің үлкен бір кезеңі жатыр.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін елдегі ұлт-азаттық саяси күрес күрт белең алады. Халыққа шынайы бостандық іздеген қазақ интеллигенциясының өкілдері әр түрлі партиялар мен ұйымдар құра бастайды. А. Байтұрсыновтың осынау замана ағымындағы істерден тыс калуы мүмкін емес еді. Сол тұста ұлттық теңдікті аңсаған ол өз пікірлестерімен бірге «Алаш» атты партия құрып, 1917 жылдың жазынан Алашорда жетекшілерінің біріне айналады. Осы партияның бірінші және екінші съезінде ерекше еңбек етіп, «Алаш» партиясының программасына жасауға ат салысады. Бұл программаның жобасы алғаш «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 21 қарашадағы санында жарияланды.

Қазан төңкерісінен кейінгі қызыл тасқынға қарсы біраз тосқауыл болуға ұмтылған қазақ зиялыларының арпалысы айтарлықтай нәтиже бере қоймайды. Арпалыста өткен күндердің нәтижесіз бітерін сөзген А. Байтұрсынов елі үшін жаңа өкімет жағында еңбек етуге, өз халқына тек жақсылық, бостандық игіліктің келуі үшін қызмет жасауға бекінеді. Қазақ АССР-і Ағарту Халық комиссары болып, қазақ оқу-ағартуы мен мәдениетін көтерудің ең қажетті тұстарында ел игілігі жолындағы істерге белсене кірісіп, аянбай тер төгеді.

Бұдан кейінгі өз өміріндегі елеулі кезеңдері туралы Ахмет Байтұрсынов өз өмірбаянында былай деп жазады: «Советтердің I Бүкіл қазақстандық съезінен II Бүкіл қазақстандық съезіне дейін ҚАССР Ағарту Халық комиссары лауазымында істедім; КазЦИК мүшесі болдым. Советтердің II бүкілқазақстандық съезінен III Бүкілқазақстандық съезіне дейін КазЦИК мүшесі, сондай-ақ КазНаркомпрос жанындағы Академиялық орталықтың председателі болдым». Бұдан А. Байтұрсыновтың кеңестік өкімет тұсында туған халқына адал еңбек етіп, халық ағарту, ғылым мен әдебиет, мәдениет жолындағы еңбекке еркін кірісіп, белсене араласқандығын көреміз.

1923 жылдың 28 қаңтарында Орынборда қазақ зиялыларының арасында тұңғыш рет А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойы өткізілді. Мерейтой мәжілісін сол кездегі Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы С. Сейфуллин ашып, сол кездегі Халық Ағарту Комиссары Смағұл Садуақасов Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен ғылыми-әдеби еңбектері жайында баяндама жасады. Осы мерейтой қарсаңында Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы, өмірі жайлы бірнеше құнды материалдар жарияланды. 1922 жылы Орынборда «Труды общества изучения Киргизского края» деген жинақта Міржақып

Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов» деген көлемді мақаласы (өмірбаяндық очерк) және Елдес Омаровтың «А. Байтұрсыновтың ғылыми қызметі» атты мақаласы жарық көреді. 1923 жылы «Еңбекші казак» газетінде Сәкен Сейфуллиннің «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» мақаласы (31 қаңтар), ал «Ақ жол» газетінде Мұхтар Әуезовтің «Ахаңның елу жылдық тойы» атты мақаласы (4 ақпан) жарияланып, бұларда А. Байтұрсыновтың саяси, ғылыми, әдеби-шығармашылық еңбектеріне аса жоғары баға берілді.

Қазақ халқының болашағы үшін қайтпас қайсарлықпен, ересен іскерлікпен еңбек еткен үлкен қайраткердің үмітті асыл армандарын 1925 жылы Қазақстанға Ф.И. Голощекин ала келген әпербақан саясат үзді. Қазақстанда өзінің «көсемдік» идеяларын іске асыру үшін «кіші октябрь» саясатын жүргізіп, ол жолда небір сойқандыққа барған Голощекин өз пікіріне қосылмайтындарға қарсы «ымырасыз күрес» бастап, казак интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерін жаппай жазалау саясатын ашықтан ашық жүргізді.

Елімізде революцияға дейінгі интеллигенцияның көптеген өкілдері жазықсыз қуғындалып-жазаланған 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында Алашорданың бұрынғы жетекшілерінің контрреволюциялық тың деректері табылыпты-мыс деген өсек-аяң А. Байтұрсыновтың үстінен де қаптап кетті. Ол баспасөздің сан мәрте шабуылының объектісіне айналды... Ақыры, Голощекин бастаған әпербақандар дегеніне жетіп, Ахмет Байтұрсынов бастаған казак зиялыларын ұстатып тынды.

А.Байтұрсыновтың қалай ұсталғандығы жөнінде қызы Шолпан Байсалова-Байтұрсынова былай әңгімелейді: «Әкемді 1929 жылы 2 июньде Қызыл Орда қаласында өткен түркологтардың съезінде ұстады. Ол кезде әкем КазПИ-де сабақ беретін. Алматыда Красин көшесінде 64-үйде тұратынбыз. Содан бес күн хабар болмады. Ахаңның Қызылордада тұтқындалғанын апамыз Кәтес Абдулафарова хабарлады». А.Байтұрсынов әуелі Алматы түрмесінде жатып, сонан соң Архангельскіге айдалды. Ал әйелі Бадрисафа (Александра) мен қызы Шолпан Томскіге арнайы жер аударылды. М. Горький мен оның әйелі Пешкованың көмегі тиіп Ахмет Байтұрсынов айдаудан 1934 жылы мерзімінен ерте босатылады. Бұдан соң ол ешқандай қоғамдық жұмыстарға араластырылмайды.

1937 жылы 8 қазанда қайта ұсталады. Ахмет Байтұрсынов өмірінің осы бір соңғы нүктелі күні туралы оның немере інісі Самырат Кәкішұлы былай деп еске алады. «1937 жылдың қазан айы еді. Менің теміржол техникумында оқып жүрген кезім, үйге келсем, Қаскелең көшесі, 44 үйіміздің ішінің астан-кестені шығыпты,

бөлменің ортасында еңкейіп жылап Падрес әжем отыр екен. Үйге кірмей жатып-ақ бір сұмдықтың болғанын білген едім...» Падрес әже: «Ойбай, Самырат, атаңды НКВД келіп, қара машинаға салып алып кетті. Қайда апара жатырсыңдар деп сұрағанымда олар маған: «о дүниеге» деп жауап берді деп, қатты жылай бастады. Сол кеткеннен Ахмет Байтұрсынов Қаскелең көшесіндегі 44-үйге оралған жоқ. Осы үйден оны НКВД алып кетіп, 1937 жылы желтоқсанның 8 күні Алматыда атылған деген сөзді естідім».

Міне, өз ұлтының рухани ой санасын өрістетуді, отаршылдық езгіден азат етуді мақсат тұтып, бар білімін, қайрат жігерін соған арнаған ұлы тұлға осылайша 64 жасында еліне теңдік әперді деп ұққан Кеңес өкіметінің қаһарлы үкімінен қаза тапты. Бірақ А.Байтұрсынов кейінгі ұрпағына мың жыл азық боларлық мұра қалдырып кетті.

Жоғарыда аталған өмірбаянында газет-журналдарда жарияланған еңбектерінің тізімі көрсетілген. Онда: 1. «Тіл – құрал» I бөлім, Фонетика; 2. «Тіл – құрал», II бөлім. Морфология; 3. «Тіл – құрал», III бөлім. Синтаксис; 4. «Әдебиет-танытқыш»; 5. «Баяншы». Методикалық жазбалар; 6. «Тіл жұмсар», I бөлім, Практикалық грамматика; 7. «Тіл жұмсар», II бөлім, практикалық грамматика; 8. «Оқу құрал» балалар әліппесі; 9. Әліппе; 10. «Сауат ашар». Ересектер әліппесі; 11. «Әліппе астар». Әліппеге методикалық нұсқау; 12. «Қырық мысал» – Крылов мысалдары аудармасының жинағы; 13. «Маса» – төл тума және аудармалар жинағы; 14. «Оқу құрал», «Хрестоматия нұсқалық» деген еңбектері көрсетілген.

Белгілі лингвист – ғалымның оқулықтарына профессор Т. Қордабаев былайша баға береді: «Ахаңның бұл оқулықтары қазақ тіл білімінің қазақ тілінде алғаш баяндала бастаған заманында, бұдан 75 жыл бұрын шыққанына қарамастан тілдік категориялардың терминдік ауытқуы жағынан да қазіргі еңбектермен үйлесіп, үндесіп жатады. Бұл автор тұжырымының өміршендігін, терең де алғыр ойдан туғандығын байқатса керек».

А. Байтұрсыновтың қазақ лингвистикасындағы терминдік атауларды қалыптастырудағы еңбегі өз алдына бір төбе. Ғалым қазақ тілі грамматикасында қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин, яғни атау ұсынады. Олардың көпшілігі бүгінде тілімізде қалыптасып кеткен.

А. Байтұрсыновтың қазақ ғылымына сіңірген еңбегі тіл білімін зерттеумен шектелмейді. Ол әдебиеттану саласында да ұланғайыр еңбек етті. 1895 жылы «Тургайская газетада» жарияланған «Киргизские приметы и пословицы» деген материалдардан бастап, 1923 жылы «Ер Сайын» жырын, 1926 жылы «23 жоқтау» атты жинақты Москвадан шығарып, алғы сөз жазып, түсініктемелер берді.

Ал, әдебиетке қатысты келелі ой-пікірлерінің бастау көзі 1913 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы болып табылады. Бұл ұлы Абай шығармашылығы туралы жазылған алғашқы ғылыми мақала еді. Бұл мақалада: «Қазақтың бас ақыны – Абай. Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп, Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын айқындаған.

А. Байтұрсыновтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан аса зор үлесі – 1926 жылы басылып шыққан «Әдебиеттанушы» атты әйгілі еңбегі. Оның осы кітапта тұңғыш рет қазақ тілінде түзеген анықтамалар мен терминдері уақыт өтсе де өз құнын жойған емес. Кейінгі әдебиет теориясы жайлы зерттеулер сөз өнерінің негізін салған осы еңбектен арқау тартатыны бүгінде көпке аян. Ахмет Байтұрсыновтың таза әдеби туындылары да бар. Оның бірі – 1909 жылы Петербургта жарық көрген «Қырық мысал» атты аудармалары. Екіншісі – 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» атты төл өлеңдер жинағы. Бұл екеуі де 1922 жылы Қазаннан Б.Күлеевтің редакторлығымен қайта басып шықты.

Міржақып Дулатов (1885-1935). Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада Торғай уезінің Сарықопа деген жерінде туған. Әкесі Дулат елге беделді кісі болған. Міржақып алғашында ауыл молдасынан сауат ашып, онан соң ауыл мұғалімінен оқиды. Міржақыптың алғашқы ұстазы, білімге құштарлығын арттырған зиялы жан ретінде зерттеушілер Мұхан Тоқтабайұлының есімін атайды.

Міржақып 1897 жылы Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне түсіп, оны 1902 жылы бітіріп шығады. Бұдан соң оның ұстаздық ғұмыры басталады. Өз бойындағы бұлақтың көзін ашуға өз бетінше әрекеттеніп, мұғалім бола жүріп, білім көтеріп, көп ізденеді.

Көзі ашық, көңілі ояу, таланты жас айнала өмірге өзіндік көзқараспен карауға тырысып жүргенінде, бұл кезде қазақ зиялыларына танымал қайраткер Ахмет Байтұрсыновпен танысады. Оның ақыл-кеңесін құп көріп, күрескерлік жолға түсіп, елінің азаттығы жолында қызмет етуге бел байлайды. Міржақып Дулатовтың қазақ мұңын жоқтап, қасіреттен алып шығар жолды іздеп шарқ ұрған тұсы да осы бір кезеңге дөп келеді. Ол 1905 жылы Қарқаралыда петиция қабылдаған тұңғыш қазақ құрылтайына ұйымдастырушылардың бірі болады. 1907 жылы Петербургте жалғыз саны жарқ көріп жабылып калған «Серке» атты газетте «Жастарға» атты өлеңін жариялайды. Міржақып Дулатов шығармашылығын зерттеуші М.Әбсеметов осы газеттің екі

санынан соң жарық көрмей жабылып қалуын Міржақыптың «Біздік мақсатымыз» атты мақаласымен байланыстырады.

1909 жылы Уфадағы «Шарқ» баспасынан «Оян қазақ!» жинағы жарық көрген соң патша жандармерясының қуғын-сүргініне ұшырап, 1910 жылы Қызылжарға барады. Сонда Мағжан Жұмабаевпен кездесіп, онын орысша оқуына көмектесіп, ұстаздық етеді.

Аз уақыттан соң жандармеряның қолына түсіп, Семей түрмесіне қамалады. Онда бір жарым жылдай отырады. Осы тұста татар, қазақ зиялылары араша түсіп, «Уақыт» газетінде, «Айқап» журналында хабарлама жасайды. Кейін 2 мың сом залог жинаған қазақ зиялыларының көмегі арқасында еркіндікке шығады.

1905 жылдан басталған қуғын-сүргіннің ауыр жылдарын басынан өткере жүріп, М. Дулатов шығармашылықпен айналысуын тоқтатпайды. 1910 жылы Қазаннан «Бақытсыз Жамал» романын, ал 1913 жылы Орынбордан «Азамат» өлеңдер жинағын, 1915 жылы «Терме» деген әдеби-публицистикалық кітабын шығарады.

М. Дулатовтың азаматтық тұлға ретінде, әрі шығармашы-өнерпаз, көсемсөзші ретінде қалыптасуына «Қазақ» газетінде Ахмет Байтұрсыновпен тізе қоса еңбек еткен жылдар өте жемісті болды. Газет бетінде ол өзінің азатшыл сарындағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси өміріне қатысты көптеген мақалаларын және туған халқы туралы толғамды ой-пікірлерін жариялап отырды. 1913 жылдың 2 ақпанынан басталған бұл творчестволық бірлік ғұмыр бойғы жарасымдылыққа ұласып, олар адами тұрғыдан да, шығармашылық-идеялық тұрғыдан да араларына еш уақытта жік түсірмеді.

1917-1919 жылдар аралығындағы аласапыранда да канаттаса жүріп, олар ел теңдігін аңсаған «Алашорданың» көрнекті жетекшілері болды. Кейін Кеңес өкіметі жағына шыққан соң,

М. Дулатов ел игілігі жолында еңбек етуден еш аянған жоқ. Ол қашанда халықпен біргемін деген нық шешімінен еш тайған емес.

Кеңес тұсында Міржақып Дулатов баспа орындарында, «Ақ жол» газетінде, «Қазақстан мемлекеттік баспасында», «Еңбекші қазақ» газетінде әртүрлі әдеби қызметтер атқарады. Бұл жемісті еңбек жылдары ұзақ бола қоймай, отаршылдық кезеңінде халқының азаттығы жолындағы күресі үшін қудаланған Міржақып Дулатов Кеңестік қызыл империяға да жақпайды.

1928 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда бұрынғы «Алашорда» қайраткерлерін қудалау басталады да, оларға кеңеске қарсы әрекеттер ұйымдастыруды көздеп жүр деген сенімсіз жалалар жабылып, солардың бірі ретінде М. Дулатов қамауға алынады. 1930 жылдың апрелінде ОГПУ коллегиясының шешімі бойынша ату жазасына

кесілгенмен, кейіннен үкім он жылға абақтыға қамау жазасымен алмастырылады.

Табиғатынан алымды да іскер Міржақып Дулатов тұтқын болып жүріп те, ел үшін қызмет істеуден бір танбайды. Сонда жүріп фельдшерлікке үйреніп, өз ісінің мықты маманы болып шығады.

Түрмеде жатқандарға, әсіресе өз ұлтының өкілдеріне қолының шипасымен де, жанының дәруіменде көмек көрсетеді. Сөйтіп елге септігімді тигіземін деп жүріп, айықпас ауру жұқтырып алып, 1935 жылдың 5-ші қазанында Соловецкідегі лагерьде қайтыс болады.

Ақынның азаматтық жырлары: Міржақып Дулатовтың шығармашылығының тырнақалдысы «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы болып табылады. Осы алғашқы жинағының өзінен-ақ автордың мақсаты мен беталысы айқын аңғарылады.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым енді жату жарамасты.

«Оян, қазақтың» беташар өлеңі «Қазақ халқының бұрынғы һәм бұ күнгі халы» деп аталады. Өлең былай басталады:

Міржақып неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шаманды қадари хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.
Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
Арты жар, алды тұйық бұл не ғажап.
Адасқан ағайынға басшы болып,
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ...

Қазаққа «Жол көрсетер адам азда» ақын «Бой тежеп, жүрексінуді» өзіне мін көреді. Сөйтіп, «Артықтан тағылым алып, кемге үйретуді» адамдық парыз деп біледі.

«Таршылық халымыз хақында аз мінажат», – деген ұзақ өлеңінде бұратана халықтардың түрмесі болған патшалы Ресейдің тепкісінде тұншыққан ұлтының аянышты, ауыр халінің шынайы шындығын ашып, нанымды суреттеп, азаматтық армен жырлайды. Болашақ барар жолдың негізгі тірегі ел бірлігі екендігін баса айтып, ұлтының ұйымшылдығын қалайды:

Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой,
Ғылым мен мағрифатты керек қылмай,
Надандық шәрбатына қаныппыз ғой...

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының алдында шешімін күтіп тұрған басты мәселенің бірі жер мәселесі болғаны белгілі.

Патша өкіметі ішкі Ресейден көшіп келген қара шекпенділерге казак даласындағы шұрайлы жерлерді бөліп, жергілікті халыққа тау мен тасты, шөлді аймақтарды қалдырды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан елдің экономикалық жағдайыа көп нұқсан келді.

Мың жеті жүз отыз бір санасында,
Біз кірдік Ресейдің панасына.
Өнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықпас кім қазақтың даласына.
Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз
Қазыналық деді жердің һәммесін де,
Тарылып жылдан-жылға жер-суымыз,
Мұжықтың кетті бәрі қаласына...

«Жесір даулары хақында» өлеңінде жесір дауы, қалың мал дәстүрі сынға алынады. Ақын әдетке айналған ескі дәстүрдің бүгінгі уақыт талабына ілесе алмайтынын ашық айтып, ескі салттың тамырына балта шабудың қажеттігін өмір өзі көрсетіп отырғанын дәлелдей алды.

Қазақ әйелінің көрген қорлық-зорлығы, қазақ балаларын жастай үйлендіретіні, көп қатын алу, әменгерлік сияқты мәселелерді Міржақып Дулатов осы өлеңінде тілге тиек етіп, бұларды қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктің бір белгісі ретінде көрсетеді.

Адамның қызығады малына адам,
Адамдығын санайды тағы адам.
Баланың қор болуын ойламайды,
Қылады өз басының қамын адам.

Ақын бірақ жалпы қазақ қанына сіңген құдандалыққа, елдің құдаластығының белгісі ретіндегі «қалың малға» қарсы емес. Жастардың өз еркімен үйленіп, екі жақты келісім болғанын қалайды:

Он жеті, он сегізге жасы келсе,
Ұл, қыз бірін-бірі жақсы көрет.
Өзінің сүйгеніне бармақ болып,
Атасына сонан мал алсын десе.

«Оян, қазақ» атты жинағындағы өлеңдері, негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылған. Өлеңдерінің басым көпшілігі – патша өкіметінің отаршылдық, озбырлық саясатын әшкерелеуге арналған саяси лирика.

Осы жинақтағы «Сөз ақыры» деп аталатын өлеңі жинақтағы азды-көпті дүниесін жазудағы мақсатын қорытындылауға және өлең өлкесіне келуіне шығармашылығымен түрткі салып, үлгі болған ұстаз тұтар ақындар тобын таныстыруға бағытталған.

Орыста Пушкин, Гоголь һәм Лермонтов,
Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.

Қартайып бұл уақытта, Толстой тұр,
Өзіне мәслихаттан ерлерді ертіп.
Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен,
Халықтан мойны озып болған көсем,
Семейден шықты Абай Құнанбаев,
Сөзінде қате бар ма сынап көрсең.
Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруеттей.
Оқыған ғибрат алып, жас жігіттер,
hәммәсі өз халқына қызмет еткей...

Міржакып Дулатовтыңтың екінші өлеңдер жинағы «Азамат» деген атпен 1913 жылы Орынборда басылып шығады. Бұл кітаптың сыртқы бетінде ақынның:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш, –

деген бір ауыз өлеңі басылған. Бұл – бүкіл ғұмырын туған елінің азаттығына арнаған азамат ақынның жан сыры. Ақынның «Азамат» жинағындағы өлеңдері езілген елінің, еркіндік көксеген халқының мұңлы күйін суреттеп, ар-намысын оятуға, көңіл көзін ашуға арналған. Бұл жинақта ел мұңын жоқтаған өршіл өлеңдердің ғана орын тепкені шындық.

Көп құлағы мақта менен тығулы,
Қасқыр қуып, үріккен қойдай ығулы.
Құбыжық бар десе қорыққан басшыдай,
Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы.
Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай,
Теріс істі пәк ұжданым ұнатпай.
Тоқтай алмай басым тасқа жеткенше,
Қарсы шауып қайырылған өткір болаттай...
Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,
Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай.
Күннің көзін қара бұлыт жасытып,
Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай.

Ақынның үшінші жинағы «Терме» 1915 жылы Орынборда жарық көреді. «Термеге» жазған алғы сөзінде ол: «Бұл өлеңдер мұнан алты-жеті жыл бұрын қазақта газет, қағаз журнал жоқ кезде жазылған еді. Сондықтан көбінесе оқып жүрген жастарға арналып оларды ояту, білім – ғылымға үндеп, сол рухта жазылған. Бұрынғы күйінен артық өзгертпедім», – дейді.

Жалпы алғанда, Міржақып Дулатов поэзиясы қазақ әдебиетінде алғаш болып азатшыл сарынды алып келуімен, өршіл үнді азаматтық пафосымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері жадағай ақылгөйлік, үгіт, күнделікті тірлік күйбеңін жырлаудан таза. Әр өлеңі халқының бостандық пен теңдікке жетер бағытын айқындап, әр сөзі оқырман жүрегінен жол тауып жатуы осының айғағы.

Мағжан Жұмабаев. Мағжан Жұмабаев қазіргі Солтүстік Қазақстанның Булаев ауданының жеріндегі Сасықкөл мекенінде іргелі, әйгілі шаңырақта 1893 жылы 15 мамыр күні дүниеге келген. Өз әкесі Бекен, бабалары Жұмабай қажы, Шоқай, Өтеген, Өтеміс – бәрі де исі Арғын ішінде данқы шыққан белгілі, көшелі кісілер. Мағжан өзімен емшектес Мүсілім, Қаһарман, Мұқаметжан, Сәлімжан, Калижан, Сабыржан, Күландам, Гүлбарам бауыр-қарындастарымен құлынтайдай тебісіп, анасы Гүлсімнің бауырында ауыл баласының қызықты, романтикаға толы тәтті, қимас шағын бастан кешірген. Кәрім, Мұқаметжан молдалар, Данияр қажы, Ахитден мұғалім – бұлар болашақ ақынның тілін сындырып хат танытқан, арабша, парсыша, түрікше, орысша оқытқан алғашқы ұстаздары. Алдымен Қызылжарда медреседе Хасен молдадан дәріс алған Мағжан, Уфа қаласына барып медресе Ғалияда татар халқының ұлы жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтан оқыды. Алғашқы әдеби тәжірибе басталып көкқауырсын жырлар тудырды.

Жаңа заман рухы бойын билеген, тырнақалды «Шолпан» (1912, Казан) кітабы шыққан, асау жүрек, жас сұңқар орысша білім алуға ерекше талаптанып, 1913 жылы Омбы қаласына келіп, осында мұғалім болып жүрген Міржақып Дулатовтан сабақ алып, дайындалып, семинарияға түседі де, оны 1916 жылы бітіріп шығады.

Бұдан кейін ел өміріндегі ұлы оқиғалар жас азамат, өршіл ақынды өзінің ұмар-жұмар, аласапыран көгала толқынына тартып әкетеді. Үш революция дүмпуі, Алаш қозғалысы, өткелектер, дүниетанымдағы сілкіністер, қоғамдық-әлеуметтік тартыстардың поэзиядағы көріністері, жеке бастағы шырғаландар – осылардың баршасын көре жүріп, Мағжан Жұмабаев 1919 жылдың көктемінен бастап, кеңес өкіметіне сеніп, әлеумет ісіне бел шешіп, білек сыбанып кіріседі. Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде редактор болады (1919), Ташкентте Қазақ-қырғыз институтында сабақ береді (1922), Москвада Күншығыс баспасында аудармашы болады, В. Брюсов атындағы көркем әдебиет институтында оқиды (1928), Бурабайда техникумда, Қызылжарда партия кеңес мектебінде сабақ береді. 1929 жылы жазықсыз жала жабылып, түрмеге қамалып, одан Карелияға

жер аударылады. Горький және оның әйелі Е. Пешкованың араласуымен 1936 жылы босап келгенімен, қайта ушыққан репрессия тырнағына ілініп, жазықсыздан жазықсыз есіл ақын 1938 жылы 19 наурызда атылған. Өзі ғана емес, ағалары Мүсілім, Қаһарман, інісі Мұқаметжан да репрессия отына шалынды. Әкесі Бекен 1934 жылы, анасы Гүлсім 1943 жылы қуғында өлді.

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері Уфадағы, Омбыдағы қабырға газеттерінде, қолжазба журналдарда, өз кезіндегі мерзімді баспасөз бетінде жарияланып жүріп, көзге түседі, елеп-ескеріледі де, жұртшылық назарын аударады. 1912 жылы Қазанда «Шолпан» өлеңдер жинағы шыққанда, Мағжан он сегіз-он тоғыздардағы қыршын жас. Абай кітабының басылғанына үш-ақ жыл өткенін ескерсек, жас ақынның даңқы қазақ сахарасы аспанында қалай көтерілгенін ұғу қиынға соқпас. Бұдан кейінгі кезеңде дүниеге келген қазақ газет-журналдарының бетінде Мағжан шығармалары 1929 жылы жаламен күйіп, абақтыға түскенге дейін үздіксіз жарияланып тұрды. Негізінен ақын өлеңдері екі-ақ рет жинақталып, топталып оқырман қолына тиді. Бірінші рет 1922 жылы Бернияз Күлеев Қазанда бастырып, екінші рет осы кітап толықтырылып Сұлтанбек Қожанов алғы сөзімен 1923 жылы Ташкентте шықты. «Педагогика», «Сауатты бол» (араб, латын әріптерімен бірнеше рет басылған) кітаптары, аудармалары басылды. Қысқасы, Мағжан Жұмабаевтың қаламгерлік сапары бас-аяғы жиырма жылға жетпей, тым ерте үзілді, он жылдай өмірі абақтыда, лагерьде, қуғын-сүргінде, азап-қорлықта өтіп, ақыры 1938 жылы ажал оғы құлатты.

Көзі тірісінде ақын атағы жалғыз Қазақстан емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Татарстан, Башқұрстанға түгел жайылып, сол тұстағы татар Ғалымжан Ибрагимов, өзбек Фитрат, Шолпан, қырғыз Қасым Тыныстанов, башқұрт Сайфи Құдаш Мағжан ақындығының дария ағысты, терең тұңғиығына назар аударса, қазақ топырағында сан алуан, кереғар пікірлер айтылды. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» (1926) кітабында қазақ өлеңі табиғатын, құрылысын түсіндіру үшін Мағжан шығармаларынан көптеген мысалдар алады. Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» деген зерттеу еңбегі – поэзия танудағы ғажайып эстетикалық биіктеріміздің бірі. Мұхтар Әуезов Мағжанды Абаймен қатар атап, сөзі болашаққа жететін ең үздік, заманынан озған жүйрік ақын санайды. Ғаббас Тоғжанов «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны», Сәбит Мұқанов «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» еңбектерінде Мағжан поэзиясының тереңіне бойламады. Дәрекі социологиялық өлшемдермен кетіп қалып, кей тұстарда дәлелсіз саяси айып тағу басқа да әдебиетшілер,

сыншылар еңбектерінде ұзақ уақыт орын алып келгенін жасыруға болмайды.

Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде барлық көркем шығармалары жинақталып, тұтас топталып басылып көрген емес. Ақынның ең көлемді кітабы, канонды нұсқа деп қарауға болатын еңбегі – 1923 жылы Ташкентте «Мағжан өлеңдері» деген атпен шыққан жинақ. Мұның сыртында «Шолпан» журналында жарияланған «Батыр Баян», «Ақжол» газетінде басылған «Қорқыт», «Ертек» поэмалары, «Еңбекші қазақта» жарық көрген «Тоқсанның тобы», әр түрлі басылымда шыққан өлеңдері, мақалалары бар.

Ақынның отыз жасында Ташкентте жарық көрген кітабының тарихи маңызы зор.

Ол бала күннен халық фольклорын, ауыз әдебиетін, елдің дарынды сөзін бойына сіңіріп өсумен қатар, қаршадай күнінен арабша, орысша хат танып, артынан арнаулы оқу орындарын аяқтап, сүйегіне біткен сұңғыла, зерек, қиялшыл қасиеттеріне орай, Шығыспен Батыстың поэзиясын терең біліп, көңілге тоқып, жүрекке ұялатып, бойына сіңіру арқасында таза талғам, биік парасат, үздік көркемдік нысаналарға тіпті ерте жеткен.

Мағжан Жұмабаев қарасөзбен айтуға болатын, мақаламен көмкеретін жәйттерге өлең арнамайды; үгіт-насихат сарынынан, ғақлия-дидактика мақамынан, терме-қисса арнасынан бойын мүлде аулақ салады; аз күндік ұранға ілесе жазылған қошамет, мадақ жыр, біреуді марапаттаған қолпаш өлең атымен жоқ. Мағжан салған жерден ақындықты көз жасы, жүрек қанынан сорғалайтын – асыл сөз, дарынды сөз, қасиетті өнер, шарапатты өнер деп біліп, бұл сапарды туған жерге, отанға, халыққа қызмет етудегі киелі жол санайды.

Жетсе егер қорқынышты қара түнім,
Басса дерт, өлім құрып, шықпай үнім.
Көңіл ашып, кеудеме жан кіргізер

Өлең менің – Шолпаным, айым, күнім, – деп толғауы тегін емес.

Ақын 1923 жылғы жинақты жеке тарауларға, бөлімдерге айдарлап, такырыптап, атап бөліп-бөліп бермегенмен, кітап композициясы, өлеңдердің бірінен кейін бірінің берілуі ерекше ойластырылғанын аңғару қиынға соқпайды.

Топтама «Көкшетау» өлеңімен басталады да, бұдан кейін «Жиілеңді қара орман», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда», «Орман патшасы» (Гете – Жуковскийден), «Жазғы таң», «Толқын», «Күннің батуы» (Генрих Гейнеден), «Сарғайып келген егін толқынданса» (Лермонтовтан), «Жаз келді», «Сыйлық», «Жазғытұры», «Жазғытұрым»,

«Жазғы түнде», «Жел», «Толған ай» өлеңдері берілген. Бәрі де табиғатпен сырласудан туған толғанысты жырлар, көзіңді арбап, жүрегінді тебіrentетін мұңлы пейзаж, ғажайып суретші қолынан шыққан картина секілді, тізіп, шолып, термелеп айтқан, жер бедерін баяндай көрсеткен тұрмыс-салт көрінісі, маусым кескіні емес, әр түрлі сезім-түйсік арқылы қабылданған психологиялық астарлы сырлары бар реалистік пейзаж үлгілеріне коса, кей тұста фантастикалық сурет, пері, періште, тәңір де араласып кетеді. Әлем поэзиясы классиктері шығармалары қалай, менің туыным қалай дегендей, ақын әр түрлі үлгілерді қатар жарыстырып беріп отырады.

Ақынның суреткерлік құдіретін көрсететін сиқырлы өлеңдердің бірі «Толқын» мынадай жоддармен аяқталады:

Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады.
Күміс кәусәр суымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.
Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен жуып жартасын,
Сүйіп сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны – күлгені,
Күлгені – оның өлгені,
Жылай, күле өледі.
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді.
Береді де, өледі,
Өледі толқын – тынады.

Толқын біресе бала болса, біресе ғашықтарға айналады, ең соңында өледі. Өлеңде қозғалыс, әрекет жатыр. Астарлы ой, мегзеу идея, емеурін сарын бар.

Ақын шыққан аса биік эстетикалық тұғырдың бірі – пейзаж лирикасы. Халық әдебиетінен, Абай дәстүріндегі жыл маусымдарына қатысты әлеуметтік терең сарындардан алынған үлгілерді дамыта келе, Мағжан табиғат көріністерін бейнелеуде әлем поэзиясындағы классикалық тәжірибелерге ден қоя отырып, жаңа көркемдік игіліктер жасады. Бұл топтағы жырларда кескін өнері тәсілдері, сәуле мен көленіккені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, панорама, пләнер, әр түрлі ракурс, этюд, түрлі астастырулар принциптерін пайдаланғанын байқауға болады.

1923 жылы кітаптағы пейзаж лирикасына үңілгенде, әрбір өлеңнің берілу тәртібінде зор мағына бар екенін аңғарасың. Алдымен жазғы не қысқы сахараның аумақты, мол көрінісі алдыңыздан шығады: кең дала, асқар тау, саумал бұлақ, ақ кайың. Бірте-бірте ақын жалпы суреттен жеке бейнеге, нақты детальға, дәлді образға көшеді. Мұның үстіне ашық, жарқын, сәулелі бояулар азайып, қара, қорқынышты, үрейлі таңбалар молаяды, дауыл соғады, нөсер төгеді, боран ұлиды. Ақырында – аштан бұралған, үсіп өлген, түтекте адасқан, ажал жұтқан пенде. Әуелде кісіге дос, жақын, етене табиғат бірте-бірте тасбауыр тартады, өлімге пейіл береді. Қуаныштан, рахаттан, ләззаттан басталған пәк дүние соңы – апат, қырғын, зобалаң, нәубет, селебе. Осындай күрделі, қат-қабат көзқарас, өмір болмыс, табиғат– ортаны екі ұдай болып жарылған, ақыры құрдыммен аяқталған Ханқырғын трагедиялық сипатта көру – үлкен ақынның көркемдік танымындағы тұтас суреткерлік жүйе екенін ашып айту керек.

Жинақтағы ғашықтық жырлар «Р. альбомында» деген өлеңнен басталады. Альбомға жазу формасы да еуропалық үлгі. Бұдан кейін «Көңілде қайғы қалдырмас», «Жұлдызды – жүзік, айды – алқа қып берейін», «Көңіліңді ашар», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «Гүлсімге», «Бұлбұл», «Құр қалыппын», «Хор сипатты қарыңдас», «Жан жарымды бір сүйейін түсімде», «Күміс нұрлы ай», «Сен сұлу», «Шолпан», «Екі бетің сұлу қыз» (Гейне – Фет), «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Біраз Фетше», «Н.-ға», «Ес кірген соң», «Сүйгенім анық», «Жас сұлуға», «К.-ға», «Айырылдым сенен жан сәулем» (Гете), «Махаббат не?», «Р.-ға», «Сүйгеніме», «Зар», «З.-ға», «Айырылғанда», «Тірілдім» өлеңдері берілген, бәрі де төгіліп тұрған махаббат лирикасы. Мағжанның Мағжан атын шығарған, халық аузында жатталып кеткен әйгілі өлеңдер. Бұл шығармаларда сан алуан психология-лық күйлер мол, адам жанының неше түрлі тылсым сырлары, ләззатты минуттар, азапты түндер, қоштасулар, тосулар, жыртылып айрылу, қайта табысу сәттері, қуаныштың жасы, қайғының қаны, жүрек толқыны – үлкен ақын осының бәрін алдыңызға жайып салады. Оқыған сайын тереңіне тарта берер, әлем поэзиясының ең озық, үздік үлгілерімен қатар тұрар жырлар:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да,
Жылы тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Мағжан поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны – махаббат, сүйіспеншілік,

ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүниелері.

Қалың мал кеселі, әйел теңсіздігі деген дәстүрлі тақырыптың қазақ әдебиетінде таптаурын болған көркемдік шешіміне Мағжан бірді-екілі шығармаларында ғана ден қояды да, бұл орайда жаңадан тың жол салып, негізінен, еуропалық, орыс лирикасындағы бай эстетикалық тәжірибелер, ізденістер арнасына түскен.

Қанатты ақын лирикасындағы қыз, әйел қай жағынан алғанда да жігіт, еркекпен тең, иықтас, деңгейлес. Көп ретте әйел адамгершілік, ізгілік, махаббат сезімдері тұрғысынан суреткер үшін дүниедегі ең қасиетті, ең ардақты, ең құрметті адам; торыққан, қиналған, тапталған кездерінде медет сұрап, сыр бөлісіп, қайырым тілеп әйелге тіл қатады, ақтық дем таусылып, ажал тырнағына ілінер сәтте айтылар сөз сүйген жар, туған анаға арналады.

Ғашықтық сезімнің сан алуан толқындары: ұнату, құлай сүю, бір көргеннен құлап түсу, ұзақ уақыт сүйіспеншілік зарын кешу, ләззат рахатына бату, ажырасу азабын тарту, айрылып күйзелу, тіл таба алмай торығу, бір кездесуге құмарту, жалт еткен ықылас, түңіле безіну, махаббат жолында жан қию, ерлі-зайыпты қоңыр тірлік, батаға адалдық, неке су ішісу, жастықтың әр кезеңі, қызықшылық, серілік, ұйқысыз түндер, тоқырау, тәубаға келу, отбасы, ошақ қасына қарап қалу – осы алуандас сезімдер, күйлер, мұң-қайғылар Мағжан өлеңдерінде жеке адамдардың тұтас тағдыры, көзден – жас, жүректен – қан, тілден – у ағызған сырлар болып төгіледі. Жадағай тақпақ, ақылгөй ділмарлық көлеңкесі түспеген мұндай саф таза толғаулар қаныңды қыздырып, аруағыңды көтеріп, сай-сүйегіңді сырқыратып, буын-буынына түседі, ішіңе от тастаиды, мас болғандай, елтігендей күй кешесің, сиқырлы, киелі поэзия бейне бір бақсы сарынымен жадылағандай көкала толқын бауырына тартылып бара жатқаныңды сезбей қаласың.

Еріксіздік азабы, түрме тауқыметіне арналған шығармалар шоғыры «Сағыңдым» өлеңінен басталады да «Жел», «Тілегім», «Жауға түскен жанға», «Тұтқын» (Лермонтов) «Әбу Фирастан», «Күншығады да, батады». (М. Горький) «Айға» туындыларымен қосылып, тұтас цикл құрайды.

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағыңдым.
Қадрашығым, құлыным деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Алтын күнді, кара жерді сағындым,
Жан жолдасым жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым...
Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды, сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым, – деген жолдарды
жазған Мағжан өзінің қайғылы тағдырын күні бұрын сәуегейлікпен
болжаған секілді. Ал «Оқжетпестің қиясында» өлеңінде:

Бұлтты айдап, сылдыратып сумен ойнап,
Ерке жел тасты құшып, сылқ- сылқ күлді.
Аллалап ну қарағай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді, – деген керемет образ
жасайды.

Философиялық трагедиялық жырлар, шерлі, мұңды толғаулар
«Жан сөзі» өлеңінен кейін берілген! Олар: «Ой», «Ауыру», «Жұлдыздарға»,
«Сағат», «Ж-ға», «Ф-ға», «Шылым», «Александр Блок», «Н. альбомына»,
«Алдамшы өмір», «Күзді күні», «Мені өлім, әлдиле», «Сарғайдым»,
«Ғазизаға», «Қайғылы сұлуға», «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила»,
«Шын сорлы», «Жас келін», «Адданған сұлу», «Тілегім», «Әйел»,
«Түн еді», «Жарыма», «Қарындасқа», «Орамал», «Батқан күн, атқан
таңның жыры», «Сүйемін».

Әсіресе, «Жан сөзінде» ақынның қайғы-қасіретке толы өмірі,
келешек ұрпақпен ашық тілдескен, іштей ақтарыла төгілген бір сәті
бар; бұл қазақ поэзиясында кейін Қасымның «Өзім туралы»,
Мұқағалидың «Жан азасы. Реквием» шығармаларына ұласатын терең
трагедиялық арна, ұлы сарын.

Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен.
Дариға, сол күндерде күнім қарақ,
Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған.
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған, –
деген сөздер дәл бүгін де естіліп тұрғандай.

Ел басына түскен зор нәубет, қанды кесепат, ұлы селебе – он
алтыншы жыл оқиғасына арналған шығармалар көркемдік сипатымен,
терең идеясымен, шебер кескінімен дараланып оқшау тұр. Келіншектің
толғау – монологы сипатында жазылған жыр бастан-аяқ бір шабыттан
туған, көңіл-күйдің қағазға түсе салған суреті.

Қайғы батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.

Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп.
Күз сарғайпы қайыңды,
Мен де бірге сарғайдым.

Қара бұлт жауып айымды,

Жылаймын, күйем, зарлаймын, – деп басталатын өлеңде ақынның поэтикалық лексикасында жиі қолданылатын, көп тұстарда тұтас образ, символға айналып кететін сөздер бар. Олар: қайғы, жан, у, жас жүрек, күз, қайың, сарғаю, қара бұлт, ай, жылау, күй, зарлау. Кейін қазақ поэзиясында «орамал» сөзі солдат сағынышының символына айналады. Мағжан бастап берген сарыңды көптеген ақындар қайта жырлайды, әсіресе, Ұлы Отан соғысы туралы жазылған өлеңдерде бұл әуез көп қайталанды.

Ақынның күрделі өмір құбылыстарын, тарихи кезеңдерді бейнелейтін, реалистік сипаттармен қоса, символдық, мистикалық, фантастикалық сарындарға бой алдыратын аса күрделі өлеңдері «Тәңірі», «Жаралы жан», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Күз» бір сала болса, «Бесік жыры», «Туған жер», «Туған жерім – Сасық көл», «Анама», «Жазды күні қалада», «Айда атынды, Сәрсембай» шығармалары екінші арнаны құрайды.

Ал ежелгі этностар тұтастығын, исі түркі бірлігін жырлайтын «Өткен күн», «Тез барам», «Жер жүзіне», «Орал», «Орал тауы», «Жер жүзін топан басса екен», «Алыстағы бауырыма», «Түркістан», «Күн шығыс», «От», «Пайғамбар» өлеңдерінің ырғақ, сөз жүйесіндегі құйылып тұрған ғажайып көркемдікті көрсете отырып, кей тұста ұшырасып қалатын дүниетаным қайшылықтарын айтпай кетуге болмайды. Сол сияқты «Батыр Баян», «Қорқыт», «Ертеке» секілді шығармалар үстірт-атүсті қарауды көтермейді, олардағы тарихи-эстетикалық концепцияларды, образдар жүйесін, идеялық-философиялық сарындарды терең зерттеп, көп толғанып барып, пайымдау керек.

Қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаналық ашып, соны әсемдік арналарды негіздеп, әсіресе Еуропа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыраққа батыл да еркін ендірген Мағжан эпикалық жанрда поэманың ықшам формаларын қалыптастырды. Бір қарағанда, тақырыптық тұрғыдан алғанда, алып-жұлып, әкетіп бара жатқан ерекшелік көрінбейтін секілді: «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Түркістан», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян» – аңыз, тарихи белгілі оқиғаларға, «Жүсіпхан», «Өтірік ертеке» – шығыстық сюжет, мысал, тұспалға құрылған. Ішкі мазмұн тұрғысынан келгенде бұл шығармалардың бәрінде де халықтық аңыз, тарихи дерек үлкен көркемдік идея тұрғысынан қайта құйылып,

ежелгі әңгіме, миф сарындары өзге құбылып, жаңа сипаттағы эстетикалық игіліктер жасалды.

Мағжан фольклорды игеруде соны жол, жаңа бағыт ашты, қайта жырлау, нәзира, сарындау емес, түп-түгел тосын, биік, асқақ көркемдік жүйелер жасады.

Ең бастысы ақын ықшамдық, сұлулық, философиялық талаптарды, бейнелілік, суреттілік шарттарын бірінші қатарға шығарды: «Қойлыбайдың қобызында» фантастикалық күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрінісі ғажап шебер бейнеленеді; «Қорқытта» өмір мен өлім арпалысы, мәңгілік үшін күрес, өнердің өлместікке апарар киелі қасиеті жыр етіледі; «Жүсіпханда» тұлға мен тобыр, мансап пен ұждан диалектикасы, «Өтірік ертеkte» мысал, тұспал әдісімен берілген әлеуметтік тартыстар сыры бар; «Оқжетпестің қиясында», «Түркістан» туындылары азаттық идеясышын, түркі бірлігін жырлайтын шығармалар.

Фольклорда, тіпті жазба әдебиеттің өзінде қазақ ұғымындағы дәстүрлі батырдың айқын, анық кескіні белгілі: ел қорғау жолында жанын береді, жолбарыс жүрек, дүдәмал, шәктену, күдіктену жоқ, бір қимылдың, бір әрекеттің, бір ерліктің адамы. Жаңа заманда, үлкен эстетикалық әдеби мектептерден сабақ алып, өз бағытын тапқан зор талантты, ғаламат шабытты, биік мәдениетті қаламгер аңыздан, фольклордан негізгі оқиға сорабын, сюжет арнасын ғана алып отырып, мүлде тың тартыс, орасан қақтығыс, қайшылықтар тоғысына құрылған жаңа сипаттағы, ең бастысы реалистік трагедиялық поэма шарттарына, жанрдың классикалық заңдылықтарына жауап беретін, қазақ поэзиясындағы аса көркем, терең, ғажайып шығарма «Батыр Баянды» тудырған.

Патша заманында отаршылық тепкі, ұлттық езгіні көрген, адамгершілік нормалар бұзылып, кеңестік қанқұйлы қуғын-сүргін бұлты басына төнген Мағжан жүрегін қайғынын қара толқыны басып шерлі, мұңлы жырлар төгілді. Әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа деген қарсылық, тақымына қыл бұрау түскен періште-шындықтың шырқырауы – ақынның жәдігөйлік, жағымпаздық, келісімпаздық дертіне шалдықпаған жігерлі, қайратты ұят-иманды намысты толғауларындағы сарындар «Батыр Баян» поэмасында бір арнаға құйып, бұрқырай тасқындады. Таразының екі басы тең емес әрине, бір жағада – сұм дүниенің зілзаласы, екінші жағада ботадай еңіреген ақын жүрек. Қолы ғана емес, жаны, рухы, қызыл тілі кісеңдеулі, шандулы, шырмаулы, тордағы жыршы жүрегінен – қан, көзінен – жас ағыза отырып, зарлайды, жылайды, сонда да тапталып, жаншылып қалмай, бас көтереді, қарсылық білдіреді, атой салады. Зорлық-зомбылық,

әділетсіздік әбілеттей басқанмен, бәрібір шындықты, ақынның асыл сөзін, келешекке деген үмітін үзе алмайды, түптеп келгенде, ақын мәңгілікке, өлместікке, бостандыққа, еркіндікке сенеді, сол рухты сезім, кісілікті ой алдында оқырманын имандай ұйытады.

Ақын оқырманға жан сырын ашып салады, ағыл-тегіл көз жасын ағызады, жүрек тереңінде жатқан құпиясын ақтарады. Қоғамдық мұрат, әлеуметтік идеалды халқының өткен күндерінен, азаттық үшін күрескен ерлерінің тағдырынан табады. Бұл ретте тарихи тұлғаларды әбден образға, көркем бейнеге айналдырады. Сондықтан ақын шығармаларындағы кейбір тұлғалар туралы ойлар, ақындық толғамдар тарихи деректермен, ғылыми пікірлермен, тіпті бүгінгі историографиялық концепциялармен дәл келмей жатуы мүмкін. Поэма сюжеті екі арада дамиды. Бірі – Абылай хан, оның айналасындағы белгілі батырлар, олардың қалмақ шапқыншылығына қарсы бүкіл халықтық күреске қатысы, Шоқан Уәлиханов жазатын әйгілі оқиға. Бұл бағыт ақындық шолу қалпында, суретті жөргем түрінде беріледі. Екінші арна, әділіне келгенде, шығарманың күре тамыры – батыр Баянның қалмақ елін шауып, Бөбек қызды қолға түсіруі, оған ғашық болу хикаяты айтылады. Сорға қарай, Бөбек қыз батыр Баянның інісі ер Ноянмен көңіл қосады, екі жас ғашық болып табысып жарасады да, қайын жұрт батасын алмақ ниетпен қалмақ еліне тартады. Бір жағынан қызғаныш сезімі өртеген, екінші жағынан туған інісі тұтқын қыз соңынан кеткені үшін намыстан күйген батыр Баян басындағы психологиялық күйзелісті, қат-қабат хәлдерді ақын өз басындағы шындықтармен, заман мен ақын, тарих пен ақын, ел намысы және махаббат, туыс сезімі және қызғаныш тәріздес шытырман әуездермен астастыра, құлпырта, толқыта, тербете бейнелеген. Трагедиялық ситуация, Шекспирлік жағдайлар, Дантелік қарым-құлаш, Достоевский екіні еске түседі. Қан-қазаны, зор күйзелісті көрсеткен «Батыр Баян», түптеп келгенде, рухани сеніммен, келешекке көз тіккен үмітті серпінмен аяқталады.

Қазақ фольклорында, ауыз әдебиетінде: ақын-жыраулар поэзиясында өмір мен өлімнің беттесуі, тіршілік пен ажал айтысы терең арна тартқан сарын емес, мұның үстіне мұсылмандық шарттары бұл дүниеден гөрі о дүниені мәңгілік, қасиетті орын етіп көрсететіндіктен ХІХ ғасырда шыққан жазба әдебиеті өкілдері де өлім тақырыбына терең бара алған жоқ. Абайдың рух мәңгілігі, болашақ ұрпақпен сырласу хақында терең тебіреніспен жазған өлеңдері, Кемпірбай, Әсеттердің тіршілікпен қоштасуы секілді үздік туындылар бір төбе.

Мағжан поэзиясындағы көкжал толқын, көгала ағыстың бірі – өмір мен өлім, тіршілік пен ажал шайқасы, екеуінің бетпе-бет келуі. Данте, Гете сарындары, Байрон, Пушкин, Лермонтов әуездері, Блок,

Фет, Мережковский ырғақтары түйісіп, тоғысып келіп, қазақ ақынының қайғысына қайғы қосып, жүрегін тербеп, жаңа, соны, бой түршігердей күйлер тудырған. Періште, тәңір, пайғамбар, құдай, көк аспан, жер, ай, жолбарыс, арыстан, толқын, жел, теңіз, өзен, алдаспан, алмас қылыш, тұлпар, жүрек – осы секілді көптеген сөздер, ұғымдар Мағжан поэзиясында үнемі қайталанып келеді, олардың жинақтаушылық, эстетикалық, образдық символдық, көркемдік орасан зор мәні бар. Өз ортасынан үзіліп, үздік шғып, арада көп мезгіл өтіп, көп дүние өзгергеннен кейін жаңа қауыммен емірене табысқан өнер иелері әр халықта, әр топырақта, әр ғасырда бар болса, Мағжан поэзиясының бірқыдыру сыры осы арнадан табылса керек.

Ақынның күнделікті, мезгілдік, науқаңдық, тіпті анығын айтқанда таптық күрестер талабына орайлас елгезек, үгіттік, насихаттық шығармалар жазудан бойын мүлде аулақ салуы таң қалдырады; тақырып таңдау, өлең объектісіне келгенде ерекше талғампаздық, өзін-өзі саналы түрде шектеуді көреміз, әлем поэзиясындағы ұлы шайырлар үнемі жыр еткен мәңгілік тақырыптар, мәңгілік образдар, мәңгілік сарындар, түркі тұтастығы, тарихи сана, ұлт тағдыры қазақ ақынының жанын мазалайды: жарыса бейнелеу, бой теңестіру үстінде туған әуендес туындылар өз алдына, аршынды дарын асқақ шабытпен еркін көсілген кейбір тұстарда адам таңғаларлық ғашықтық, сүйіспеншілік, ізгілік, мұңлы қайғы, текті қасыретті толғаған сом алтындай саф дүниелерді төгіп-төгіп тастайды. Үш революция, аласапыран дәуір, саяси төңкерістер, қоғамдық-әлеуметтік өзгертулер, санадағы сілкіністер, тұтас рухани құрлықтар жоқ болып, жаңа әлемдер пайда болып жатқан, күнделікті іс-әрекет, талап-тілек, уақыт сұранысы өнер атаулыны өзіне қызметші етіп алған, публицистикалық, саяси ұраңдар, ұғым-категориялар, байлам-тұжырымдар әдебиеттің барлық саласына ентелеп кірген уақыттардың өзінде Мағжан поэзияның зеңгір көкпен, тәңір пайғамбармен мәңгілікпен тілдескен занғар шыңындай болып, таза ақындықты сақтады, бір тақырыптың, бір кезеңнің бір халықтың, тіпті бір таптың жыршысы болып кетпей, уақыттар желі құлата алмайтын алтын дінгек, әлемдік, планетарлық әуез-сарындармен тамырлас өлмес туындылар берген ұлттық ақын, ғажайып суреткер болып қала берді. Мағжан Жұмабаевтың азаттық, еркіндік заманында оралып келуінің бір сыры оның әсемдік әлеміндегі жаңаша эстетикалық, философиялық көркемдік ойлау жүйесінің ерекшелігінде жатыр.

М. Жұмабаев пролетариат әдебиетінің атасы А.М. Горькийдің «Сұңқар туралы жырын» аударып, оны 1924 жылы жариялаған, Вс. Ивановтың, Мамин-Сибиряктің әңгімелерін тәржімалаған. Орыс,

Европа поэзиясынан аудармамен ақын өзінің қысқа өмірінің барлық кезеңінде де ұдайы айналысып отырған. Бұл қатарда Гете, Гейне, Лермонтов, Фет, Кольцов, Тютчев, Блок т. б. өлңдерін ұшыратамыз Шығыс шайырларының сарынымен жазғандары өз алдына бір төбе. Осы мысалдар Мағжанның жаһан әдебиетінің көркемдік жетістіктерінен еркін сусындап қана қоймай олардың нәрі мен дәнін қазақ топырағына дарытуға жігерлі ат салысқанын дәлелдейді.

Орыс әдебиетінде қысталаң, қиын кезеңде Сергей Есенин шығармалары жұртшылық арасына қалай тараса, Мағжан Жұмабаев туындылары да біздің ортамызда сондай хал кешті десек, өтірік емес. Әсіресе, жеке адамға табынушылық ресми түрде айыпталып, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, басқа да ғазиз жандар ақталып, қатарға қосылған тұста, Мағжанды тірілту күресі басталған.

Бұл орайда Қазақ мемлекеттік университетінің профессорлары Бейсембай Кенжебаев, Хайролла Махмудов, Темірғали Нұртазиннің әлеуметтік пікір қозғау мен шындыққа жету әрекеттері, Мағжан шығармаларын орыс тіліне аударып, бастыру арқылы ақиқатты дәлелдемек болған Ілияс Омаров, Иван Шухов, Ахмет Жұбанов, Тахауи Ахтанов, Александр Жовтис қимылдары нәтиже беру орнына, бірқатар келеңсіз жағдайлар туғызды. Осы орайда арнаулы орындарға, үлкен мансапты қызметкерлерге хат жолдап, тарихи фактілер, әдеби текст күшімен Мағжанды қатарға қоспаққа күрескен башқұрт ақыны Сайфи Құдаш өзі қуғынға ұшырады. Мұны айтасыз, қылмысы жоқтығы айтылып, заңды түрде 1960 жылы ақталғаны туралы шешім шықса да, оны елеген, ескерген кісі жоқ, әлдекімдердің «азаматтық ағарту» «саяси ағарту», деген желеулері тағы да отыз жыл үлкен ақынның жолында қара жылан болып оратылып жатып алды.

«Алқа» концепциясы

(М. Жұмабаевқа қатысты)

Ресейдегі және Мәскеуге бағынған шет аймақтардағы әдеби ізденістерді байыптаған қазақ қаламгерлері ортасында рухани тығырықтан алып шығар елшілдікті рәсімдеген бағыттың концепциясы – «Алқа» дүниеге келді.

«Алқа» – ХХ ғасыр басындағы ұлтжанды қазақ қаламгерлерінің басын біріктіру бағытын ұстанған, халықтың дәстүрлі салт-санасына сүйенген, қадым заманнан жеткен руханияттағы терең елшілдік сарынды жоғалтпау ниетімен құрылмақшы болған таза шығармашылық ұйым еді. 20-жылдары иманды жолы бұлдырлаған қазақ әдебиетіне қарлығаштың қанатымен су тасығанындай жәрдем көрсетіп, жамандықтың алдын-алуға шақырған алаш зиялылары «Алқа» атты

әдеби шығармашылық ұйымды құруды ұйғарғанда, үлкен рухани тоқыраудың таянғанын сезгенді. Бұл кезде биліктің бар тұтқасын қолына алған большевиктік диктатура соғыс пен қырғыннан, босу мен ашаршылықтан әбден қалжыраған халыққа жөпелімде қалыптастырған өз идеологиясын танумен болды. Оны әлгіндей бейшара халдегі жұрт оң-терісін айырмай сіңіре берді. Жалпыадамзаттық игі құндылықтарды мансұқтаған РАПП дүниеге келді.(оған дейін орыстардың әдеби ұйымдары болды: «Октябрь», «Серапионовы братья», «Рабочая весна», «Молдая гвардия», «Перевал», «Апрель», «Литературный особняк», ЛеФ (Левый фронт), МАПП (Московская ассоциация пролетарских писателей) т.б. Бұл ұйымдар 1930 жылдың басына дейін жұмыс істей алды) «Ақсүйектерге – ажал» деп үн қатқан «Кузница» (бұл да пролетарлық әдеби ұйым) мен осы РАПП топырағынан 1925 жылы 12 маусымда ҚазАПП (Қазақстан пролетарлық жазушылар ассоциациясы) жаралды. ҚазАПП-тың алдына қойған үш мақсатының біріншісі «әдебиеттегі байшыл-ұлтшылдық бағытқа қарсы күресті күшейте түсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қоздырып, байлардың, байшылдықтың да таптық сырын айқындай түсу, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өшпенділігін күшейту» болса, ол ұйымның қаншалықты адасқанын, қай дәрежеде ұлттық ой-аңсарды ойсыратқанын дәлелдеп жатудың реті жоқ. Мұны «кол қусырып отырған адам ғана қателеспейді, бәлкім ізденістің нәтижесінде болған алжасу шығар» десең, ар жағынан қылаң етіп РКП (б) Орталық комитетінің 1925 жылы 18 маусымда жариялаған «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысы шығады. Онда тайға басылған таңбадай «Жолбикелердің кеңес платформасына өтуіне ықпал ету, төңкеріске қарсы элементтерді әшкерелеу, сөйтіп, пролетариат жазушыларының үстемдігін орнату» міндеті ап-анық жазылған.

«Алқа» әдеби-шығармашылық ұйымы айқындамасының мән-мазмұнын сөз етпес бұрын оның өмірге келу тарихын айтып өткен орынды. Оны Алаш қайраткерлерінің 1929 жылы жаппай ұсталып, түрмеге тоғытылып, тергеушіге берген жауаптарынан көреміз (Д. Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» зерттеуінен алынды).

Ж. Аймауытұлы жауабында: «1925 жылдың сәуірінде демалыс алып, Ташкенттен Орынборға келгенмін. Осында «Жас қазақтың» бұрынғы жауапты шығарушысы Алдоңғарұлы мені Сәрсенбіұлы деген азаматпен таныстырды... Сәрсенбіұлының сөзінен айқындаманы («Алқаның» айқындамасын) Жұмабайұлы жас әдебиетшілермен бірігіп жазғанын аңғардым», – деп жауап беріпті Ж. Аймауытұлы тергеушіге берген жауабында. «Алқаның» бағдарламасындағы кейбір баптарын ұнатыңқырамағанын, ол турасында Жұмабайұлына хат жолдағанын, ұзамай Мағжаннан өзіне бұлдырлау көрінген тұстарды

түсіндірген, анықтаған хабар алғанын, сөйтіп әдебиет болашағының қандай болатыны хақында мақалалар жазғанын айтады.

Ж. Сәрсенбіұлының (Мағжан шығармашылығын Мәскеуде талдағанда ақынды жақтаған) тергеуге берген жауабында: «... Әлихан Бөкейхан, Мағжан Жұмабайұлы, мен – үшеуіміз 1925 жылдың қаңтар айында оқытушылар сиезіне келген Ахмет Байтұрсынұлы орналасқан жатақханаға барып, ол кісіні жазылып, даярланып қойған «Алқа» әдеби ұйымының айқындамасымен таныстырдық.

«Қазаққа шаруасы мен тұрмысының түріне қарай шапан кию жарасса да, еуропалықтар оған еуропалық кәстем кигізгісі келеді. Қазақтың түйесін отарбаға қосып, сүйреуді қалайды. Бұлай ету – қазаққа тән емес, жат нәрсе. Қазақ әдебиеті ұлттық әдебиет болуға тиіс. Мынандай үйірме-ұйымдар арқылы оны жасау мүмкіндігі де бар. Сондықтан да «Алқаны» құру туралы пікірлерінді қуаттаймын», - деді Ақаң.

Кешікпей Мағжан екеуіміз «Алқа» айқындамасының 16 данасын бөліп, Ташкентке А. Байтұрсынұлының, Орынборға – Ж. Аймауытұлының, Қызылжарға – Ж. Тілеуліұлының, Семейге – С. Дөнентайұлының, Ленинградқа – М. Әуезұлының атына салып жібердік. Сол жылы 19 қаңтарда өлкелік коммунистік партия қарауына Орынбор қаласына шақырылдым. Мәскеуден жүрер алдында Ә. Бөкейхан мен М. Жұмабайұлы маған Орынбор мен Ташкенттегі азаматтармен байланыс жасап, «Алқа» айқындамасы туралы ойларын, оны қуаттайтын-қуаттамайтындығын біліп, пікірлерін Жұмабайұлына жіберуін қадағалауды тапсырды. Мұнымен қоса бара салысымен Смағұл Садуақасұлымен хабарласып, айқындаманы баспасөз жүзіне шығару керектігі айтылды.

Орынборға келгеннен кейін «Еңбекшіл қазақтың» жауапты шығарушысы С. Садуақасұлына барып, айқындамамен таныстырдым. Смағұл «Еңбекшіл қазаққа» басатынын, бірақ қазір оны А. Байтұрсынұлына, Е. Омарұлына, С. Қожанұлына, Ж. Аймауытұлына көрсетуімді өтінді.

С. Қожанұлына барғанымда, ол С. Садуақасұлы екеуі «Алқа» жөнінде Мәскеуге барғанда М. Жұмабайұлынан естігенін айтты. Е. Омарұлы да, Ж. Аймауытұлы да айқындаманы ұнатты. Е. Алдоңғарұлы С. Садуақасұлымен хабарласып, айқындаманы газетке емес, «Қызыл Қазақстан» журналына бастыру керектігі туралы ақылдасатынын білдірді», – дейді Ж. Сәрсенбіұлы жауабында.

Сонымен, қазақ ақын-жазушыларының басын біріктіріп, ұлттық әдебиеттің табиғи дамуын көздеген қаламгерлердің «Алқа» атты әдеби ұйымын құру мәселесі 1924 жылдың соңында көтеріліп, айқындамасы Алаш оқығандарына 1925 жылғы қаңтардың басында

таратылады. Шығармашылық ұйымды жасақтау шаралары да қантар айының соңына таман қолға алынады.

Ал Қазақстандағы большевиктік диктатураның баяндылығын дәлелеуге тиісті ҚазАПП-ты құру ісі осыдан төрт айдан соң арнайы қаулымен жүргізілгені мәлім.

«Алқа» айқындамасы алғысөз ыңайындағы «Табалдырық» атты кіріспе мен соңынан айтылатын үндеулерден өзге бес негізгі бөлімнен тұрады. Олар: «Әдебиетіміз», «Бұл күнге шейін төңкеріс хәм әдебиетіміз», «Енді төңкеріс хәм әдебиетіміз», «Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы», «Марксшілдік хәм әдебиет не жазуға».

Кіріспе, яки «Табалдырық» былай басталады: «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр. Артында – бір жол, алдында – мың жол. Мың жолдың ішінде өзен өрлегені де, шөлге улегені де, барса – келері де, барса – келмесі де бар. Қазақ әдебиетін мынау мың жолдың тарауына алып келіп, аңыратып тұрған – тұрмыс».

«Қазақ кімге еліктемек?» – осы сұраққа «Табалдырық» жауап іздейді. Рас, тұрмыс жағынан Ресейге тәуелді болып қалған соң, оған еліктейін десе, онда да бейберекет шашыраған сан қилы жол бар. Ендеше ол адастырады.

Ал «бізге молда болатын Еуропа әдебиетінің өзі бір молда емес, мың молда». Олай болса, «ұзамай құрып кететін сиырдың шұбырындысына түсіп қалмау» үшін өзінше талаптанғаны дұрыс. Қазақ қаламгеріне мәдениеті мен әдебиетін ілгерілетіп алған Еуропа ақын-жазушылары тәрізді тек жазғанын ғана біліп жүру аз. Ол ақындықты да, азаматтықты да (азаттық жолындағы белсенділік) қоса меңгергені абзал: «Әдебиет қазанының бір құлағына жармасып жүрген біз тоғыз ойланып, тоқсан толғанып, төмендегі пікірді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп білдік. Бұл құрғанымыз сегіз қанат боз орда, алты қанат ақ отау емес – абылайша. Майдан, ойран, жорық дәуірінде дағарадай орда, айдай ақ отау құрып отыруға болмайды. Аттан дәуірінде абылайша керек. Жорық басылар, жаңа тұрмыс орнар, абылайша қалып, бәріміз сиятын боз орда тігілер. Бұл – келешек. Әзірге баспана – абылайша.

Оқушы, жақсы келдің! «Табалдырықты» аттап, төрге шық. «Алқаға» кір!» – делінеді айқындамаға кіріспеде.

«Әдебиетіміз» атты бөлімінде «Әдебиеттің өзінше дәуірлеуі технике мәдениетінің дәуірлеуіне байланбайды» деген К. Маркстен алынған дәйексөз техникасы ғасырдан ғасырға ғарыштаған Еуропаға тиесілі екені, ал «технике мәдениеті тіпті төмен... қазақтың ... әдебиеті де жоқтың жанында болған» деген пікір ұстау қата» екендігі арқау болып, сол тұжырым таратыла айтылады. «Шынында қазақтың өзінше терең әдебиеті болған хәм бар. Қазақ өмірінің түрлі өзгерісі, өрі,

қыры, қайғысы, қуанышы, ойы, қиялы әдебиетіне түсіп отырған» делініп, әдебиеттің әлі зерттелінбеген дәуірі мен кешегі қазақты бодан етпек болғандарға қарсы тұрған Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақансері заманындағы әдебиет бұған мысал бола алатыны сөз болады. Ел әдебиетіндегі елшілдік, ұлтшылдық сарынның туу себептері ашылады. Рухани дүниеміздегі Абай орнының ерекшелігі тілге тиек етіледі: «Қазақ әдебиетінің алыбы Абай – қазақ даласына кеулеп кіріп келе жатқан капитализмге, отаршылдыққа халықтың қанды жас төгіп, еріксіз шалған бірінші құрбаны. Ел билеп, елге ақыл айтудан бастап, өмірден үміт үзуге, тұңғық ойға барып тірелген Абайдың өмірінің, ақындығының трагедиясы де тереңдігі осындай. Абайдың алыптығы – қыл көпірдің үстінде тұрғандығы, екі қолмен, екі үмітпен алысқандығы, сондықтан қазақ әдебиетінің ескі мағынасын, бұрынғы бағытын тереңдеткендігі, әдебиетке жаңа түр кіргізгендігі».

«Алқа» Абайды осылай деп танып, бағалаған. Кейінірек, ҚазАПП тұсында да, ол ұйымды қатты сынға алған 1932 жылдары да, Абайды тапшыл әдебиеттану түкке тұрғысыз, пұшайман ақын етіп насихаттағаны мәлім.

«Әдебиетіміз» бөлімі қазақтың ұлттық әдебиетіне шолу жасай отырып, оның өзіндік тарихи белестерден өткенін, басқа жұртта ұшыраспайтын бағыт-бағдары, сүйенген негізі, сиынған пірі болғанын арқау еткен.

«Бұл күнге шейін төңкеріс әм әдебиетіміз» деп айдарланған бөлімде Қазақ елі мен оның рухани дүниесінде төңкерістің орны зерделеніп, бұл оқиғаның халық пен ел әдебиетіне қаншалықты әсер еткені айтылады. «Үстіміздегі зор төңкеріс – бізге өз тарихымыз тудырған, өз тарихымыздың қатынасы болған таныс төңкеріс емес, Еуропа тудырған жат төңкеріс... Төңкеріспен қазақ төңкерісінің сырты ғана соқтыққан болғанымен, санасы дағдылы жолымен келе жатты... .Қияға қарғып шығамын деп мертігіп қалмай, тұрмыстың, тарихтың заңы бойынша табиғи жолмен жүріп, күн санап өсіп, тереңдеп келе жатқан кешегі, бүгінгі әдебиетімізді қорғауға емес, не себепті үндемегенін ұғуға міндеттіміз. Әдебиетімізге төңкерістің тіпті түспеуінің, бірен-саран түсірем деген топас тәжірибелер де теріс жағынан түсуінің тағы бір себебі төңкерістің өзінің қазақ даласына күнгей бетінен емес, теріскей бетінен, оңынан емес, солынан кіруі – алақандағы нәрсе ғой».

Әлбетте, «тарихтың, тұрмыстың құрыш заңы бойынша өз бағытымен дұрыс келе жатқан» қазақ әдебиетінің Ресей топырағында жүзеге асырылған төңкерісті жырлауына негіз де жоқ. «Алқаның» бұл бөлімі осыған түсінікті қылып жауап береді. Ол «ұлттық әдебиет өз соқпағымен жүру керек» делінген пікірді аңдатқанымен, ауыр да

күрделі кезеңмен санаспайынша іс алға жылжымайтынын айтып, тұрмысты жер бедеріне қарай ағуы әр түрлі сипат алатын суға теңеп, жаңа (жаңаның бәрі шетінен жақсы бола бермейді) замандағы жаңа жолдың жөнін алға тартады.

Бағыттың қандай болмағы «Енді төңкеріс һәм әдебиетіміз» деп аталынған бөлімде аңғартылады. Яғни, Еуропа пролетариатының бостандық, еркіндік жолындағы күресінен туындаған төңкеріс қазақ елін ашқарақ капиталист-отаршылдардың тырнағынан босатты. «Бірақ (мұны) бағытта, негізде, бірлікте, мінезде бірлік деп ұғу қата». Әдебиет турасында айтқанда, пролетариат төңкерісінің қазанында қайнаған әдебиет бір басқа, қазақ сынды төңкерісті бастан кешірмеген, өз жолымен келе жатқан жұрттың әдебиеті бір басқа. Сөйте тұра қазақтың да армандағаны – жаңа дүние. Бұл жолда «ойымызда, киялымызда, әдебиетімізде қазақ иісі, Азия иісі шықпауы мүмкін емес. Бағыттың бар екені даусыз болғанымен, пролетариаттың өз тарихының, машинасының, қайыс камзолының иісі шықпауға, қазақтың мың жылдық тарихының, елтірі тұмағының иісі шықпауға мүмкін емес» делініп, қазақ әдебиетінің бағыты – ұлттық табиғи өсу негізіндегі бағыт болу керектігі айтылады. Әйтеуір бір топтасу, жалаң бірлік жасау адамдарға емес, хайуандарға тән екені сөз болады.

«Әдебиет не нәрсе? Әдебиеттің жалпы заңы» атты бөлім сөз өнері ретінде ежелден-ақ бағаланып, қастерленіп келе жатқан әдебиеттің адамзат тарихы мен өмірдегі алар орнына тоқталады. Көркемдік танымның ой-аңсарды кеңейтетін қуатын, көркем әдебиет пен поэзияның кісіні тәрбиелейтін күшін дәлелдейді.

Өнер деген кең ұғымның әр ұлтқа, әр халыққа әсері түрліше. Мысалы, қазақтың жүрегін шымырлатып, қанын қыздыратын өнер туындыларын өзге жұрт түсінбеуі мүмкін. Әйтпесе, оны жоқ етсек, әдебиет шалажансар, негізсіз болып қалады. Олай болса, дәстүрді қатаң ескерген жөн. Аталған бөлім, міне осыларды айтады. «Алқа» айқындамасы мұнда сондай-ақ төл әдебиетіміз бен шетел әдебиеті тарихына сүйене отырып, ақындықтың не екенін, шығарманың міндет-мақсатын анықтайды. Авторлардың пайымынша, «Ескүстбаның негізі – сезім, құралы – сезімнен туған сурет, мақсұты – білім беру емес, сезім ояту. Ақындық ауданында ақын – ақын ғана, тұрмыс ауданында – әрі ақын, әрі азамат. ...Әдебиет тұрмыс пен асқар пікірді қиюластырып қоса билеген дәуірлерінде асқарлаған, өрлеген... Тарихта ең зор, ең қасиетті істер осындай қоспа дәуірде істелмек». Алғашқысы түсінікті, соңғысынан байқалатыны, егер ешқандай күштеу, зорлау болмаса, уақытша тығырыққан шығудың жолы қиын еместігіне зиялыларымыз сенгендей.

Қазақ қаламгерлері – мейлі, таза марксистілі болсын, мейлі, өкіметтің «жолбике» айдарлағандары болсын – айқындаманың «Марксистілік һәм әдебиет не жазуға» атты бөлімін сол уақытта темірқазық етсе, 20-жылдардың соңын ала әдебиетімізде төбе көрсете бастайтын сыңаржақ, тапшыл шығармалар дүниеге келмес еді. Жартыкеш ұрандардың екпінімен қаламын артық сілтейтін қаламгерлер аз болар еді. Арыстар сөзі тыңдалса, «Өзің білме, білгеннің тілін алма» дейтін пиғыл ерте өрістемесіне күмән жоқ-ты. Аталған бөлімде марксистілердің еңбегінен өмірлік негізі бар дәйексөз алынып, оларды өнер мен әдебиеттің табиғатын танытуға пайдаланылған. Бұл ретте оқығандардың марксистілермен ой, пікір жарыстыратын тұстары да жеткілікті. Айталық, «әдебиетке сипат беретін – тұрмыс» делінген марксистілер пікіріне «Әдебиетті тұрмыс бағытымен ғана өлшеумен іс тәмам болмайды» деп дау айтады да, ескі мұраны таптық тұрғыдан қарап, жаратқан пролеткультшілдік тұрпайылығын сынға алады. «Дін қыссаларын жазған біздің Жүсіпбекқожамыз – діншіл ақын. Бірақ бұларды танумен ғана бұлардың ақындық мәселесі шешілмейді». Яғни, ақынды қандай бағыт ұстанғанынан, қай дәуірде кімді жырлағанынан емес, нендей үлгі бере алды, ақындық қуаты қай дәрежеде – осы тұрғыдан тану керек дейді. Айқындамада «тап» деген сөз бірнеше рет қайталанады, әйтсе де ол тар ұғымнан гөрі ара-жігі білінбей кеткен қауымдастықты байқататын тәрізді. Сондықтанда шығар «Алқаның» ұйғаруынша, ақындық жағынан бір тап бір тапқа жат бола алмайды: «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» деп жырлаған ақынға осы ақындығын жат көру, осы ақындығы жағынан жау көру даусыз ақымақтық болар еді».

Айқындамадан анық байқалатын жайт: жалпыадамзаттық құндылықтың қадыр-қасиетін оқыған зиялыларымыз ерте-ақ түсініпті. Айталық, олар: «Жиһан әдебиетінің альптарынан әдебиет сабағын алудың тағы бір себебі – шын ақынның тар тапшылықтан қанша дегенмен жоғары болуы белгілі бір тап мүшесі болса, шын ақынның тапшылдыққа ғана қамалып қалмай, өз табынан мойын озық жалпы таптың, жалпы адамзаттың жанындағы қайғылы яки қуанышты шекті шерте білу», – дейді.

«Алқа» айқындамасының осы соңғы бөлімінде әдебиеттегі ұлттық сипатты марксистілік жоққа шығармайтыны түсіндіріледі. Сөйтіп қазақ әдебиетін Еуропа әдебиетімен салыстыра отырып, отандық әдебиеттің өз тәжірибесі мен толыққанды дәстүрлік негізі бар екені айтылады. «Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа көзқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған һәм бар. ...Қазақтың ертегі күні, ертегідей күні, өткен күні, кешесі, бұ күнгісі айтарлықтай суретке түскен», – делініп, әдеби бағыты жөнінен,

ақындық шығармашылық рухы жағынан қазақ әдебиеті мен Еуропа әдебиеті бірдей болуы мүмкін емес, әдебиет зорлықсыз дамуы керек деген қорытынды жасалады.

Сонымен, «Алқа» концепциясы пролетарлық диктатура жағдайында әдебиеттегі елшілдік сарынды сақтау мен дамытуға бағытталды. Ол көркемөнердегі алашшыл, немесе халықшыл (ұлтшыл) ағымды жүйелеп, бағыт дәрежесіне көтерді.

«Алқаның» НКВД қызметкерлері аудартқан орысша тәржімесін арнайы қарастырған белгілі мағжантанушы Ш. Елеуқенов мұны М. Жұмабайұлының өз еңбегі деп есептейді /Елеуқенов Ш. Мағжан, Алматы, 1995. – 342-378 беттер/. Ғалым былай деп жазады: «Бұл – Мағжанның алғашқы да, соңғы да теориялық еңбегі. Көп ізденген, терең толғамды, ғылыми, қоғамдық, әдеби мәні әлі жойылмаған, қазіргі заманымызбен үндес, эстетикалық тұғыры берік, ойға жомарт туындысы».

Т. Жұртбаев та «Алқаның» авторы Мағжан деп көрсетеді (Жұртбаев Т. Талқы, Алматы, 1997, 230 бет). Бұл ғалым айқындаманы түпнұсқасынан оқыған.

Д. Қамзабекұлы басқа пікірде: «Біз жоғарыдағы мұраттанушылардың зерттеуіне құрметпен қарай отырып, «Алқа» – жалғыз Мағжанның ғана емес, Алаш зиялыларының да еңбегі деуді дұрыс деп таптық. Бұл тұжырымымызды төмендегіше дәлелдейміз: Біріншіден, «Алқа» айқындамасының түпнұсқасында «авторы Мағжан», немесе «жобасын жазған М.Жұмабайұлы» деген белгі жоқ. Яғни, бұл маңызды дүниені негізінен Мағжан жазды десек те, автор саналы түрде «авторлықтан» қашқан. Екіншіден, ұлт руханиятына, яки саясатқа қатысты құжатты-бағдарламалы еңбектің авторы бір адам болуы сирек құбылыс. Басқа-басқа, дәл осыны көбіне ауызбірлік танытқан Алаш зиялылары туралы айта алмаймыз («Алаш» партиясы бағдарламасының авторы – Ә. Бөкейхан» десек, жөн бола қоя ма екен?..). Олай болса, дәп «Алқа» сынды рухани дүниеге байланысты жағдайда Мағжандай азамат қанша тер төксе де, «киіз де, білек те» – Алаштікі еді (Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет, Астана, 2002, 414 бет).

Сөйтіп, «Алқа» – жәдитшілдік мұратын Алаш мұратымен сабақтастыра алған ақын-жазушылардың басын түрлі амал-тәсілді пайдаланып біріктіре алған ұйым. Рас, белгілі жағдайларға байланысты оның айқындамасы баспасөзде жарық көре алмады. Бұл – ұйым мүлде жұмыс істемеді деген сөз емес. «Алқа» идеясы саналы азаматтарға әдеби материалдар арқылы тарады. Бұл ұйым ресми жұмыс атқара алмағандықтан, Алаш зиялылары өзара хат жазысып, әдебиет мәселесін талқылап отырды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінен өздік жұмыс тақырыптары

1. Діни ағартушылық бағыттағы ақындар шығармашылығының ерекшеліктері. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығы.
2. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар.
3. Ағартушы демократ жазушылар шығармаларындағы басты тақырыптар
4. Мұхаметжан Сералин поэмалары
5. М. Дулатов поэзиясындағы азаттық арна
6. С.Торайғыров поэмаларындағы әлеуметтік өмір шындығы
7. С. Торайғыров романдарының жанрлық ерекшеліктері.
8. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ әдебиеті мен әдебиеттануы
9. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы Абай дәстүрі және жаңашылдық
10. Шәкәрім поэмаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім
11. Мақыш Қалтаев шығармаларындағы діни көзқарас пен адамгершілік идеяның ұштасуы
12. Ағартушы демократтық бағыттың ерекшелігі
13. XX ғасыр басындағы мысал жанрының дамып, қалыптасуы
14. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы: тақырыптық идеялық арнасы
15. XX ғасыр басындағы аударма және әдеби байланыс
16. XX ғасыр басындағы поэзиядағы өзгеерістер: тақырып, жанр мәселесі
17. Ғұмар Қараш шығармаларындағы танымдық-философиялық ой-толғау
18. С. Дөнентаев поэзиясындағы әлеуметтік теңсіздік мәселелері
19. Т. Жомартбаев шығармаларындағы ағартушылық идея.
20. XX ғасыр басындағы әдебиеттегі азатшыл демократтық бағыт
21. XX ғасыр басындағы әдебиеттегі қиссашылдық дәстүр
22. Мұхаммеджан Сералин және қазақ мерзімді баспасөзі: «Айқап» журналы
23. Бернияз Күлейұлы лирикасының сыршылдық сипаты
24. Мағжан Жұмабайұлы поэтикасының көркемдік ізденістері

XX ғасыр басындағы әдебиеттен меңгерілуге тиіс көркем мәтіндер

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Поэзиясы: «Бұлақ көзі», «Өнерпаз», «Қиянат», «Ағайын» (жатқа), «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Ит дүние», «Хал-ахуал» (хрест. 10-сынып), «Қазақ жұртының осы күнгі бір әңгімесі» (хрест. 10-сынып), «Фибратнама» (хрест. 10-сынып), «Жеті жетім» (хрест. 10-сынып), «Тірлікте көп жасағаннан көрген бір тамашамыз» (хрест. 10-сынып), «Бес қымбат» (хрест. 10-сынып), «Көрінбес» (хрест. 10-сынып)

Мысал өлеңдер: «Жарты нан хикаясы» мысал өлеңі, «Шайтанның саудасы» мысал өлеңі, «Аңқау адам туралы» мысал өлеңі, «Сәйгелді, сона, бөгелек...» мысал өлеңі, «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысы» мысал өлеңі, «Мәшһүр Жүсіптің ала қарғамен айтысы» мысал өлеңі

Қисса-дастандар: «Нүсіпхан», «Жер мен көк», «Хаятбақшы», «Миғраж», «Гүлшат-Шеризат»

Трактаттар: «Ғылым және дін»

Мақыш Қалтайұлы

Поэзиясы: «Ишандар хақында», «Ата-анасын ренжіту хақында», «Ұстаз ренжіту», «Хаж хақында», «Орысша оқу керектігі», «Ғылым әдептері», «Өз пайдамызды білмеуіміз»

Публицистикасы: «Газетаның керектігі хақында бірер сөз», «Жолсыз ғадеттеріміздің бірі»

Шәді Жәңгірұлы

Қисса-дастандар: «Қисса қырық уәзір», «Назым чәһар дәруіш», «Хикаят халифа Харун әр-Рашид», «Хикаят Орақ-Күлше»

Айтыстары: Тұрмағамбет пен Шәді төре

Нұржан Наушабайұлы

Поэзиясы: «Тақпақ назым» (жатқа), «Алтыншы назым», «Таршылық таянған заманда» (жатқа), «Қырық тілек»

Мысал өлеңдері: «Өгіз бен есектің хикаясы» мысал өлеңі, «Түлкі мен әтештің хикаясы» мысал өлеңі, «Қасқыр мен қозы» мысал өлеңі

Қисса-дастандары: «Сегіз сері»

Айтыстары: Сапарғали мен Нұржан айтысы

Тұрмағанбет Ізтілеуұлы

Поэзиясы: «Сұлу қыздың кескіні», «Ұстаз ұсынысы» (жатқа), «Шәкірттерге» (жатқа), «Абайды оқығанда», «Өмір өткелдері», «Тілек», «Серігің жоқ, бір Алла»

Айтыстары: Тұрмағамбет пен Шәді төре
Аудармасы: «Рүстем дастан»

Мұсабек Байзақұлы

Поэзиясы: «Табиғат тамашалары», «Сайлау деген елге бір бүлік болды», «Түзу терек»

Мысал өлеңдері: «Тышқан мен түйе» мысал өлеңі, «Қайырымды қыз бен қайыршы» мысал өлеңі

Поэмалары: «Ұры мен жолбарыс», «Опасыз жар», «Сұлу әйел мен молда»

Айтыстары: «Молда Мұса мен Манат қыз», «Молда Мұса мен Бұдабай»

Спандияр Көбеев

Прозасы: «Қалың мал», «Орындалған араман»

Сәбит Дөнентаев

Поэзиясы: «Замандастар», «Көркем қызға», «Қазақтарға қарап», «Шәкірт», «Екібаста», «Бостандық», «Ұмытылмас» (жатқа), «Жазғытұры жар басында», «Араб әрпі, барып тұр!», «Ескі дәуір күйреді», «Пролетариат жыршыларына», «Біздің колхоз бәйге алды», «Ой» (6, хрест. 11-сынып), «Заман кімдікі?» (6, хрест. 11-сынып), «Балалық» (хрест. 11-сынып)

Мысал өлеңдері: «Ыбылыс пен шайтан» мысал өлеңі, «Екі теке» мысал өлеңі, «Көзі тоймайтын ит» мысал өлеңі, «У жеген қасқырға» мысал өлеңі, «Бозторғай» мысал өлеңі (6, хрест. 11-сынып), «Ауырған арыстан» мысал өлеңі (хрест. 11-сынып)

Прозасы: «Көркемтай» әңгімесі

Публицистикасы: «Әркім өз қотырын өзі қасу керек», «Әйел теңдігін қалай ұғу керек?», «Оқу-ойыншық емес», «Кәсіпшіл жұмысшылар туралы», «Саясат дүниесінде», «Қазақ әйелдері туралы»

Мұхаметжан Сералин

Поэмалары: «Топ жарған», «Гүлкәшима»

Аудармасы: «Рүстем- Сұһраб» (орыс тілінен Жуковскийден)

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Поэзиясы: «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын», «Жылы кеш», «Неке қияр», «Оқу», «Жапырақтар», «Өмірімнің уәдесі» (жатқа), «Сарыарқаның жаңбыр», «Сүйемін туған тілді – анам тілін» (жатқа), «Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр», «Шілде» (5-сынып), «Шығамын тірі болсам адам болып» (6, 9-сынып), «Мен қазақ» (6-сынып), «Бір адамға» (7-сынып), «Шәкірт ойы» (7-сынып), «Бұлар

кім?» (9-сынып), «Алаш ұраны» (9-сынып), «Оқып жүрген жастарға» (хрест. 11-сынып), «Бір балуанға қарап» (хрест. 11-сынып), «Неге жасаймын» (хрест. 11-сынып), «Ендігі беталыс» (хрест. 11-сынып), «Туған еліме» өлеңі (хрест. 11-сынып)

Поэмасы: «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс»

Прозасы: «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», «Зарландым» әңгіме.

Публицистикасы: «Қазақ ішінде оқу, оқыту жайы қалай?», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Социализм»

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Поэзиясы: «Махаббат пен құмарлық», «Сәнқойлар», «Еріншек», «Насихат», «Қазақ», «Кел, байлар, балаңды оқыт, ғылым ізде», «Кейбіреу безді дейді елден мені», «Дін», «Иманым», «Жолама, кулар, маңайға» (6-сынып), «Адамдық борышың» (6-сынып), «Адамшылық» (хрест. 6-сынып), «Жастарға» (7, хрест. 10-сынып), «Мал жимақ» (7-сынып), «Бір Аллаға сиынған арам өлмес» (хрест. 10-сынып), «Дүние мен өмір» (хрест. 10-сынып), «Бай мен кедей» (хрест. 10-сынып), «Қазақтың жаманы болмас» (хрест. 10-сынып), «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгереді» ән мәтіні (хрест. 10-сынып), «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» (хрест. 10-сынып), «Өкінішті өмір» (хрест. 10-сынып), «Жастық туралы» (хрест. 10-сынып), «Кәрілік туралы» (хрест. 10-сынып), «Жұмбақтар» (хрест. 10-сынып), «Насихат» (хрест. 10-сынып), «Жер жүзі жабылғанда ғылым жаққа» (хрест. 10-сынып), «Жас өтті тынымсыз» (хрест. 10-сынып)

Мысал өлеңдері: «Бояушы суыр» мысал өлеңі (10-сынып), «Қаншыр мен бөдене» мысал өлеңі (10-сынып), «Ақылды торғай» мысал өлеңі (10-сынып), «Қасқыр, түлкі, бөдене» мысал өлеңі (10-сынып), «Епті тышқан» мысал өлеңі (10-сынып)

Поэмалары: «Еңілік-Кебек» поэмасы (хрест. 10-сынып), «Қалқаман-Мамыр» поэмасы (8, 10-сынып), «Айсұлу-Нартайлақ» поэмасы (10-сынып)

Прозасы: «Әділ-Мария» романы (10-сынып), «Бәйшешек бақшасы» прозасы (10-сынып), «Мәнді сөздер» прозасы (10-сынып), «Шын бақтың айнасы» прозасы (10-сынып)

Аудармасы: «Лэйлі-Мәжнүн» (10-сынып), «Дубровский» (10-сынып), «Боран» (10-сынып), Қожа Хафизден аударған өлеңдері

Трактаттары: «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Үш анық»

Нарманбет Орманбетұлы

Поэзиясы: «Әждаһаның аузында», «Ескі оқу туралы», «Сақараға қарасақ», «Сарыарқа», «Сарыарқа сайран жерім-ай», «Бұл дүниеде не

ғаріп?» (жатқа), «Жабыдан тұлпар артық шапса дағы» (хрест. 6-сынып), «Сарыарқа» (хрест. 6, хрест. 10-сынып - сынып), «Замана» (хрест. 10-сынып), «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер» (хрест. 10-сынып), «Қазақ ұлы біз тұрмыз» (хрест.10-сынып), «Күшік ит бөрі ала ма жабылса да» (хрест.10-сынып), «Жасымнан мен жорттым жолбарыстай» (хрест.10-сынып), «Кей таудың басы биік мағданы жоқ» (хрест.10-сынып), «Өмір» (Ишарат (хрест.10-сынып), «Толғауы тоқсан қызыл тіл» (хрест. 10-сынып), «Сарыарқа»-2 (хрест. 10-сынып), «Екі ғашық, қысқа таң» і (хрест.10-сынып), «Бала қайдан» (хрест. 10-сынып)

Поэмаcы: «Әзел»

Ғұмар Қарашұлы

Поэзиясы: «Надандық», «Әдеп», «Ұят» (жатқа), «Неден қорқам?», «Алашқа», «Жазғы кеш»

Прозасы: «Әділ мырза мен ару Шандоз» әңгіме

Публицистикасы: «Ар-ождан – сенімнің өлшемі», «Әйелдер хақында», «Қазақтар хақында», «Ұлт һәм туған тіл»

Трактаттар: «Өрнек», «Бәдел хажы», «Пәлсапалық ой-толғамдар»

Бекет Өтетілеуұлы

Аудармасы: «Көктемнің келуі», «Үш бәйтерек», «Көкек пен көгершін», «Данышпан қазы»

Әріп Тәңірбергенұлы

Қисса-дастандар: «Зияда-Шаһмұрат», «Қожа Ғапан» «Біржан мен Сара айтысы»

Өлеңдері: «Ғылым туралы», «Еңбек туралы», «Қалың мал туралы», «Тәуірбек болысқа», «Шұғыбанға», «Замандасқа» «Орыстың мусаннифі Пушкин дана», «Лермонтов көкіректі, көзді туған...»

Аудармасы: «Евгени Онегин (А.С. Пушкиннен)

Бернияз Күлейұлы

Поэзиясы: «Жаздың алды», «Қазақ қызы», «Бостандық күнінде», «Қараңғы түн, алдымда тұр шам жанып», «Не етер ем?», «Жүрегім», «Өлім – құрдым, өмір-өзен...» (жатқа),

Поэмалары: «Жорық», «Жердің жүзі жаз еді», «Гүл», «Қайда екен?»

Аудармасы: «Ауылдағы қысқы түн» (И.С. Никитиннен), «Тұтқын» (Н.Г. Цыгановтан), «Ажал» (А.С. Пушкиннен)

Тайыр Жомартбаев

Прозасы: «Қыз көрелік»

Өлеңдері: «Балаларға насихат», «Ата мен бала», «Жалқау бала», «Жетім бала мен рахымды кемпір», «Таң», «Әділ билік», «Ана тілі», «Зайсан»

Ығлыман Шөреков

Поэмасы: «Исатай-Махамбет»

Өлеңдері: «Өзім туралы», «Батырлар туралы», «Халық алдында», «Толғау»

Әкірам Ғалымов

Прозасы: «Бейшара қыз»

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған жыр-дастандар

Иса Дәукебаев. «Бекболат»

Әлтай Сүйіншіәлиев. «Қалаба»

Бөлтірік ақын. «Ел жарыла көшкенде»

Күдері Жолдыбаев. «Аманкелдінің Торғайды алғаны»

Омар Шипин. «Аманкелді»

Ахмет Байтұрсынов

Поэзиясы: «Оқуға шақыру» (жатқа), «Адамдық диқаншысы», «Көк есектерге», «Қазақ салты», «Г.Н. Потанинге», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Қара бұлт» (6-сынып), «Анама хат» (6, хрест. 11-сынып), «Ақын ініме» (7-сынып), «Қазақ қалпы» (хрест. 11-сынып), «Жиған-терген» (хрест. 11-сынып), «Досыма хат» (хрест. 11-сынып), «Н.Қ.ханымға» (хрест. 11-сынып)

Мысал өлеңдер(аударма): «Жүргіншілер мен иттер» мысал өлеңі, «Үлес» мысал өлеңі, «Өгіз бен бақа» мысал өлеңі, «Екі бөшке» мысал өлеңі, «Ала қойлар» мысал өлеңі, «Кісі мен аю» мысал өлеңі, «Малшы мен маса» мысал өлеңі, «Егіннің бастары» мысал өлеңі (хрест. 6-сынып), «Маймыл» мысал өлеңі (хрест. 6-сынып), «Екі шыбын» мысал өлеңі (7-сынып), «Аққу, шортан һәм шаян» мысал өлеңі (хрест. 11-сынып) мысал өлеңі, «Қасқыр мен қозы» мысал өлеңі (хрест. 11-сынып), «Аңдарға келген індет» мысал өлеңі (хрест. 11-сынып)

Аудармалары: «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш»

Публицистикасы: «Қазақтың бас ақыны», «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Қазақша оқу жайынан»,

«Білім жарысы», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», «Тәні саудың – жаны сау», «Араб әліппесін жақтаған баяндамасы»

Трактаты: «Әдебиет танытқыш» еңбегі (хрест. 11-сынып)

Міржақып Дулатов

Поэзиясы: «Қазақ жерлері», «Мектепке» (жатқа), «Шәкірт», «Жас қазақтар, қайдасың?» (жатқа), «Алашқа» (11-сынып), «шағым» (11-сынып), Елім-ай» (11-сынып)

Прозасы: «Бақытсыз Жамал»

Публицистикасы: «Жазу тәртібі», «Мұғалімдерге», «Манапдрамасы», «Тіл құралы», «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов», «Хазрет Сұлтан»

Мағжан Жұмабаев

Поэзиясы: «Қысқы жолда» өлеңі (5-сынып), «Сағындым» өлеңі (5-сынып), «Балалық шақ» өлеңі (5-сынып), «Қазақ тілі» өлеңі (6, 9, хрест. 11-сынып), «Мен кім?» өлеңі (6-сынып), «Түркістан» өлеңі (8-сынып), «Түркістан ер түріктің бесігі ғой» өлеңі (9-сынып), «Пайғамбар» өлеңі (9-сынып), «Бәрінен де, сәулем, сен сұлу» өлеңі (9-сынып), «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңі (хрест. 11-сынып), «Өнер, білім қайтсе табылар?» өлеңі (хрест. 11-сынып), «Сағындым» өлеңі» (хрест. 11-сынып), «Сүй, жан сәулем» өлеңі (хрест. 11-сынып), «Күміс нұрлы ай» өлеңі (хрест. 11-сынып), «Шолпы» өлеңі (хрест. 11-сынып), «Орал тауы» өлеңі (хрест. 11-сынып), «Толқын» өлеңі (хрест. 11-сынып)

Поэмалары: «Ертегі», «Оқжетпестің қиясында», «Жүсіп хан», «Батыр Баян» поэмасы (8-сынып), «Қорқыт» поэмасы (хрест. 11-сынып), «Қойлыбайдың қобызы» туындысы (хрест. 11-сынып)

Мәтіндерге төмендегідей талдау жасалу керек

1. Шығарманың тақырыбы
2. Шығарманың тегі
3. Жанры
4. Мәтіндегі бейнелер жүйесі (персонажды, мистикалық, заттық, пейзажды, кеңістік, иіс, дыбыстық, көру, дәмдік, тактильді т.б);
5. Мәтін баяндалуының типтері (жеке авторлық, кейіпкерлерлік, ішкі сөйлесім (монолог, диалог), тура, жанама, бірінші жақтан (мен), екінші жақтан (сен), үшінші жақтан (ол));
6. Идеялық-эстетикалық мазмұны (көркемдегіш тілдік құралдар, көркемдік әлем т.б);

PS: Мектеп оқулықтарында көрсетілген шығармаларды міндетті түрде талдау керек

Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Әбдиманұлы Ә. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Алматы, 2002.
2. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көгінде. – Алматы, 1969.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Шығармалар. – Алматы, 1998
5. Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар / құраст. Д. Әшімханов. – Алматы, 1992.
6. Бисенғалиев З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 136 бет.
7. Дербісәлин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы, 1966.
8. Діни ағартушылық әдебиет (XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басы) 1-2 кітап: хрестоматиялық оқу құралы. / құрастырған: Ә.Д. Әміренов. – Павлодар, 2015
9. Жаксылыков А. Образы, мотивы и идеи с религиозной **содержательностью** в произведениях казахской литературы. – Алматы, 1999.
10. Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан: әдеби портреттер, зерттеулер. – Алматы, 1980
11. Исмакова А. С. Казахская художественная проза: поэтика, жанр, стиль. (Начало 20 века и современность) – Алматы, 1998
12. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет: оқулық. – Алматы, 1993
13. Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. Т. 5. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. Т. 6. XX ғасырдың басы (1900-1917). – Алматы, 2006.
15. Қазақ әдебиетінің тарихы II том, II кітап. – Алматы, 1965
16. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет: зерттеу. – Астана, 2002
17. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым: зерттеу. Алматы, 1998
18. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1994.
19. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2008
20. Сәтбаева Ш. Уақыт шуағы. – Алматы, 2000
21. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Ғылым», 1994
22. XX ғасыр басындағы әдебиет: хрестоматиялық оқу құралы (құр. Қ. Ергөбек). – Алматы, 1994.

Қосымша әдебиеттер

Ақмолла Мұхамедиярұлы

1. Ақмолла. Күндер мен түндер. – Алматы: Жазушы, 1986
2. Мұхамедиярұлы Ақмолла. // Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. Т. 5. ХІХ ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006.
3. Ахметов Р.А. Ақмулла // Татарская энциклопедия: В 6 т. Т.1: А-В. – Казань, 2002.
4. Башкорт әзәбиәте тарихы, 6 томда. Т. 2. – Өфө, 1990.
5. Вильданов А.Х., Кунафин Г.С. Башкирские просветители-демократы ХІХ в. – М., 1981.
6. Вильданов Ә.Х. Ақмулла – яқтылық йырсыһы. – Өфө, 1981.
7. Шакуров Р.З. Звезда поэзии. –Уфа, 1981.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

1. Жүсіп Қ. Алты алашқа жайылып кеткен атым «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы туралы» // Ана тілі, 2016. – 25-31 тамыз
2. Жүсіпов Н. Мәшһүр Жүсіп – фольклорист. – Павлодар, 1999
3. Көпеев М.Ж. Шығармалары. 1-13 том, Павлодар, 2003-2010
4. Көпеев М.Ж. Таңдамалы шығармалары 1-2 кітап. – А., 1990
5. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. / құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы, 2013.
6. Омарұлы Б. М.Ж.Көпеев және дін тағылымы // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999, №4
7. Сүтжанов С. Мәшһүр мұрасы. Павлодар, 2001
8. Сүтжанов С. Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999. – №10

Мақыш Қалтайұлы

1. Әміренов.Ә.Д. Дәуірі туғызған ақын. Зерттеу. – Павлодар, 2010
2. Кенжебаев Б. Мақыш Қалтаев// Кітапта: Әдебиет белестері: зерттеулер, мақалалар. – Алматы, 1986.
3. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар.– Алматы,1983.
4. Сыдықов Қ. Мақыш Қалтаев // Кітапта: ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). – Алматы, 1994.

Шәді Жәңгірұлы

1. Бердібаев Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы, 2000
2. Жәңгірұлы Ш. Назым сияр шариф. – Алматы, 1995

3. Жәңгірұлы Шәді. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық. Т. 5. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900). – Алматы, 2006.
4. Келімбетов Н. Шәді ақын. Зерттеу. – Алматы, 1974
5. Күмісбаев Ө. Шәді шайыр. // Парасат, 1992. – №9
6. Шәді төре. Ибраһим пайғамбардың хикаяты. – Алматы, 1995
7. Шәді төре Жәңгірұлы. Тарихат // Кітапта: Абылай хан. Тарихи жырлар. – Алматы, 1993

